

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ**

**ҮРІСТЕНБЕКОВА ГҮЛБАНУ ҚАУАСҚЫЗЫ  
ЖЕТКІЗГЕНОВА ӘЛИЯ ТҮГЕЛБАЙҚЫЗЫ**

**Практикалық қазақ тілі  
(«Экология» мамандығы студенттеріне арналған оқу құралы)**

**Ақтау-2012**

ӘОЖ 811.512.112

ҚБЖ 81. Қаз

П 65

Пікір жазғандар:

Дүйсенбаева Ж.Д. - Маңғыстау «Болашақ» институтының профессоры, ф.ғ.д.

Ақбердиева Б.Қ. - Маңғыстау «Болашақ» институтының доценті, ф.ғ.к.

Қонысбаева С.Е. - Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті доценті, ф.ғ.к.

Құрастырғандар: Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценттері Үрістенбекова Г.Қ., Жеткізгенова Ә.Т.

П 65 «Практикалық қазақ тілі» («Экология» мамандығы студенттеріне арналған оқу құралы)/ Құрастырғандар: Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценттері Г.Қ. Үрістенбекова, Ә.Т.Жеткізгенова. –Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2012. -83 бет.

ISBN 978-601-7349-42-4

Бұл оқу құралы колледж, жоғары оқу орындарының экология мамандығында оқитын орыс бөлімдеріне практикалық қазақ тілі курсына оқытуға арналған.

ӘОЖ 811.512.112  
ҚБЖ 81.2 Қаз

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

ISBN 978-601-7349-42-4

©Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2012

## Алғы сөз

Соңғы жылдары жоғары оқу орындарында қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгертумен қатар студенттердің мамандығын ескере отырып оқыту мәселесіне де ерекше назар аударылуда. Өйткені бүгінгі студент – ертеңгі маман. Ол мемлекеттік тілді өз дәрежесінде меңгерумен қатар мамандығына қатысты лексиканы игеріп, іс-қағаздарын сауатты жүргізуі қажет. Басқаша айтқанда, тіл үйренуші алған білімін өзінің күнделікті кәсіби қызметінде пайдалана алатындай деңгейге жетуі керек. Өйткені қазақ тілін жетік білу талабы – бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі.

Өнеркәсіп пен экономиканың қарқындап дамуы, халық санының өсуі экологияның нашарлауына әсер етуде. Соңғы жылдары пайдалы қазба қорларының азаюы, жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлардың кей түрлерінің мүлде жойылы кетуі салдарынан ауаның шектен тыс ластану қаупі арта түсті. Қоршаған ортаның ластануына, табиғаттың бұзылуына қарсы қоғам аландаушылық білдіруде. Экология қазіргі кезде дүние жүзіндегі әр адамның негізгі проблемасына айналды. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді негізгі басымдықтардың бірі ретінде санап, бүгінгі күннің кезек күттірмес өзекті мәселесі екенін атап өтті.

Экологиялық мәселелер негізінен әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсерінен туындайды. Сондықтан бұл мәселелерді шешу жеке тұлғалардың, жалпы халықтың табиғат пен қоршаған ортаға қатынасын өзгерту арқылы шешімін табуы тиіс. Адам экологиялық қауіпсіздікке үлес қосып, экологиялық білім мен тәрбие мәселелеріне ерекше назар аударуы қажет.

Табиғат жанашырлары – эколог-мамандардың терең білім алып, мамандықтары бойынша шығармашылықпен жұмыс істеуі үшін қазақ тілін дамыта оқытудың маңызы зор. Қазақ тілін дамыта оқытудың мақсаты – білім алу, білік, дағдыға қол жеткізу ғана емес, ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалануға дағдыландыру.

Мамандыққа байланысты мәтіндермен жұмыс істеу - студенттердің пәнге, қазақ тіліне және мамандығына қызушылығын оятады, белсенділігін арттырады. Тіл үйренушілердің мамандықтары туралы сөздік қоры қалыптасады, терминдерді қолдануға дағдыландырылады. Олардың сөйлеу дағдылары қалыптасып, тілдік қабілеттері дамиды, байланыстырып сөйлеуге жаттығады.

# I

## Менің Қазақстаным

Қазақстан Республикасының жері – кең байтақ.

Оның асқар таулары мен айдын көлдері, жайқалған орманы, жасыл жайлауы бар. Жер астында табиғи байлық орасан зор деуге болады. Сондықтан біз оны шексіз сүйеміз.

Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы. Ол еліміздің бас қаласы. Қазақстанда көптеген әсем қалалар бар. Алматы – Республикамыздың өндіріс, ғылым және мәдениет орталығы. Алматы – өте әдемі қала.

## Қазақстан туы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы – тік бұрышты көгілдір мата. Тудың ортасында шұғылалы күнді орналастырған. Оның астында қалықтап ұшқан қыран құс бейнеленген. Шұғылалы күн мен қыран құс бейнесі алтын түсті бояумен берілген. Матаның сол жағында алтын түсті ұлттық өрнекті тік жолақ бар. Тудың ені – 1 метр, ұзындығы – 2 метр.

Мемлекеттік рәміздердің болмысын, мағынасын жақсы білу – бәріміздің, әсіресе, жас ұрпақтың парызы.

Мемлекеттік ту – мемлекетке тән ресми белгілердің бірі. Мемлекеттік ту мемлекеттік мекеме үйлерінде, шетелдегі елшіліктер мен консульдықтарда, кемелерде, т.б. жерлерде көтерілетін арнаулы белгі.

Мемлекеттік тудың түсі, көлемі, оның өзіне тән белгілері конституцияда белгіленеді немесе басқа заңмен бекітіледі.

Тудың біркелкі көгілдір түсі бірігу идеясын, бейбітшілікті, тыныштық пен жарқын болашақты білдіреді. Өрнек – халық өнерінің көрсеткіші. Ерте кезде халықтар ою-өрнек жамандықтан қорғап жүреді деп есептеген.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы – суретші Шәкен Ниязбеков. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туы өзінің көркемділігімен дүние жүзі туларының арасында төртінші орынға ие болып отыр.

## Елтаңбасы елімнің

Елтаңбасы елімнің

Неткен әйбат, әдемі!

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі.

Құт, береке, шаңырақ,

Орын алған ол төрден.

Қанатты қос арғымақ

Екі жақтан көмкерген.

Тәуелсіздік жолында

Талай-талай тер тамған...

Билігім өз қолымда,

Еркіндігім – Елтаңбам.  
(С.Қалиұлы)

### Қазағым менің

Арайлап таңым, асқақтап тауым,  
Ән ойнап көгім, күй тартты елім.  
Қол жетті, міне, аңсаған күнге,  
Жасай бер, жаса, қазағым менің.

Қазақстаным – жасыл орманым,  
Қуанышымды жасыра алмадым.  
Аңсаған бабам, аңсаған елім!  
Бостандық еді-ау асыл арманың.

*Қайырмасы:*

Елім менің, аңсаған  
Тас бұғаудан босаған.  
Құтты болсын отауың,  
Берік болсын босаған.

Бабамның қаны, анамның жасы,  
Сіңген бұл далам, қымбатсың маған.  
Береке – бірлік қамалдың басы,  
Ұрпаққа мәңгі тіл қатшы, далам.

Күйінсін жауың, сүйінсін досың,  
Жиылсын қауым, құйылсын көшің.  
Ертеңің үшін аянба, ерім,  
Ояншы, елім, жиылсын есің.

*Қайырмасы:*

Ұрпақ үшін, ел үшін,  
Атамекен жер үшін.  
Берекең мен бірлігің,  
Таси берсін ырысың!

### Қазақ тілі – мемлекеттік тіл

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ол өзінің сан ғасырлық дамуы барысында рулық тіл дәуірін де, тайпалық тіл дәуірін де, халықтық тіл дәуірін де басынан кешірді. Бұл кезеңдерде ол қазақ халқының күнделікті пікір алысу қажетін өтеп отырумен қатар, оның рухани байлығы – ауыз әдебиетін атадан балаға мұра етіп сақтап келді.

1989 жылы қыркүйектің 22-сі күні «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң қабылданып, қазақ тілі Қазақстан республикасының мемлекеттік тіл статусына (мәртебесіне) ие болды. Кейін 1993 жылы қаңтардың 28-і күні бұл статус Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында тұрақталып, бекітілді.

1997 жылы Тіл Заңы Парламентте қайтадан талқыланып, ол Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілді. Бұл Жарлық қазақ тілінің мемлекеттік статусын сақтады. Сол 1997 жылы шілденің 7-сі күні жаңа

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы қабылданды. Бұл заң бойынша қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, қазақ халқының ұлттық тілін дамыту мақсатымен Республикада «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасы» жасақталды. Республикамызда қазақ тілі мәртебесін тұрақтандыру мақсатымен көптеген игі істер атқарылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылғы қаңтардың 20-сы күнгі Жарлығына сай жыл сайын қыркүйектің 22-сі күні – «Қазақстан халықтарының тілдері күні» ретінде республика көлемінде аталып өтіле бастады. Осы жылдан бастап еліміздің барлық елді мекендерінде, ел ордасы Астанада, тіл мерекесі апталықтарын, әр түрлі шараларды өткізу дәстүрге айналды. Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі басшылығымен жыл сайын қыркүйек айының 21-27-сі күндері Астанада көркем шығармаларды мәнерлеп оқудан көрнекті жазушы Оралхан Бөкеев атындағы Республикалық байқау өткізіліп жүр. Мемлекеттік тіл құдіретін тұғырына қондырудағы игі істер жалғасын табуда.

## **«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІЛДЕР ТУРАЛЫ» ЗАҢНАН ҮЗІНДІЛЕР**

### **4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар:

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның жалықаралық беделін нығайтуға;

Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға;

Қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамыту үшін көмек көрсетуге міндетті.

### **Кең байтақ Қазақстаным**

Тәуелсіздік алған Қазақстан таңғажайып табиғаты бар, қызықғы мен құпиясы мол ел, жер ретінде туристерге күннен күнге тартымды бола түсуде. Оның ауқымды аймақтарындағы тек өзіне ғана тән алуан түрлі ерекшеліктері, тарихи және мәдени ескерткіштері көптеген уақыт назардан тыс қалып, сырын ішіне бүгіп келді. Қазақстанда туризмге лайықты жерлер аз емес. Олар шартты түрде Батыс, Шығыс, Оңтүстік, Солтүстік, Орталық Қазақстан мен Алматы және оның айналасы деп бірнеше аймаққа бөлінеді. Бұл аймақтардың әрқайсысында өзіне тән табиғи және тарихи көрнекті жерлері бар.

**Батыс Қазақстан** - Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орын тепкен. Каспий теңізі, Жайық өзені, Маңғыстау шығанағы осы аймақта. Мұнда көне

дәуірлік қалалардың орындары, қорғандар, археологиялық ескерткіштер өте көп кездеседі. Ежелгі Хорезмге, Иранға баратын сауда жолдары осы аймақ арқылы өткен Өлкенің жер асты байлықтары да өте мол, әсіресе мұнай өндіріс орындарының аттары жылдан жылға дүние жүзіне тарауда. Бұл жер- Әйтеке би мен Сырым батыр, Исатай мен Махамбет, Құрманғазы мен Дина, Әлия мен Мәншүк, тағы басқа атағы қазақ елінен де тыс тараған адамдарды дүниеге әкелген жер.

**Солтүстік Қазақстан** – республиканың ең басты астықты өлкесі. Мұнда дәнді дақылдық егіс, ірі қара мен шошқа өсіру топтасқан. Бұл жерде темір мен асбест өндіріледі. Атақты Сарыарқа, жер сұлуы Көкше мен Баянауыл да осы аймақта. Өлке тарихы Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қаныш Сәтбаев, Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса сияқты ұлы есімдермен байланысып жатады. Бұл өңірде Жасыбай, Олжабай, Жәнібек, Едіге батырлар туған. Олар елі, жері үшін жаулармен жан аямай шайқасқан.

**Орталық Қазақстанның** кен орындары әлемге әйгілі. Қарағанды мен Жезқазған ірі қалалары осы аймақта. Әсіресе, Қарқаралы таулары, Шайтанкөл, оның айналасындағы көлдер әсем табиғатымен жер-су атауларына байланысты түрлі аңыздарымен қызықтырады.

**Шығыс Қазақстан** түрлі металл және су қуатынан электр өндірумен ерекшеленеді. Кенді Алтай осы аймақта. Ашық аспан астында жатқан сирек кездесетін минералдардың табиғи мұражайына жиі ұшырасасыз. Бұл жерде көне дәуірлерде, бұдан төрт мың жылдан астам уақыт бұрын-ақ металл өндіріле бастаған. Ол кезде шуд деген халық тұрған екен деген аңыз бар, бірақ бұл халықтың қайда кеткені белгісіз. Ал олардың металл өндірген жерлері осы кезге дейін сақталған.

Марқакөл бастаған сан алуан әсем көлдер, сыңғырлаған сырлы бұлақтар мен үңгірлер, ел мен ердің, мұң мен махаббаттың құпияларын қойнына тыққан күмбездер мен қорғандар баршылық. Солардың бірі – Еңлік пен Кебектің күмбезі. Ертісті бойлаған жол Зайсан көліне келіп тіреледі, ал одан әрі кәрі Алтайдың мұз басқан шындары мен тау қойнауларындағы мөлдір көлдері қол созым жерде. Өлке тарихы ұлы Абайдың, Шәкәрімнің, Мұхтардың, Федор Достоевскийдің, тағы басқа да атақты адамдардың есімімен сабақтасып жатады.

**Оңтүстік Қазақстан.** Бұл аймақ Жоңғар жотасына, Балқаштан Алатау, Қаратауларға дейін созылып жатыр. Шығыс және оңтүстік шеттерінде көптеген археологиялық ескерткіштердің сырын қойнауларына тыққан Тянь-Шань тауы бар. Аймақтың Қызылорда, Шымкент, Тараз сияқты ірі қалалары-облыс орталықтары. Алматы-оңтүстіктегі ғылым мен мәдениет ордасы. Қызылорда (бұрынғы Ақмешіт) қаласы Сібірден Бұқара мен Ташкентке жалғасқан көне сауда жолының қиылысында тұр. Ескі Жетіасар, Жаркент, Жаңақорған қалаларының орындары тарихтың көптеген сырларын бүгіп жатыр.

Шымкент қаласы Қытайдан басталып Орта Азияның кесіп өтетін атақты Жібек жолының бойында пайда болған. Ежелгі Сайрам (Исфиджаб) қаласының қалдығы осы күнге дейін сақталған. Арыстанбап, Қарашаш ана, Домалақ ана сияқты көптеген атақты адамдардың мазарлары осы жерде. Солардың ішіндегі

ең көрнектісі, дүние жүзіне әйгілісі, құрылысы Ақсақ Темір билігі кезінде басталған Қожа Ахмет Яссауидің күмбезі. Дүние жүзіндегі ең атақты Александрия мен Карфаген кітапханасынан қалыспайтын кітапханасы бар Отырардың да (Фараб) орны осы маңда. Әлемнің екінші ұстазы атанған ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби осы қалада туып өскен. Бұл өлкеде табиғаттың құнды ескерткіші Ақсу-Жабағылы қорығы бар. Ол ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша аса маңызды табиғат байлығы жер ретінде есепке алынған.

Бір кездерде Яны, Тараз, Әулиеата атанған Жамбыл облысы орталығының іргесі бұдан 2000 жылдай бұрын қаланған. Кеңес дәуірінде Жамбыл қаласы аталған атау Таразға ауыстырылды. Мұндағы Қарахан мен Шамансұр, Айша бибі мен Баба қатын күмбездері көне дүние көзіндегі көпшілікті өзіне тартып тұрады. Ұлы Жібек жолының сан тармағы осы жерден жан-жаққа қанат жаяды.

Алматы облысында сақтар кезеңінің қорғандары сақталып, солардың бірінен (Есік маңындағы) Алтын адам мазары табылды. Шөлден басталып қарлы шыңмен аяқталатын сапар қашанда қызықты. Қапшағайдан Іле Алатауына дейінгі осы небәрі 100 шақырымдық сапарға қатыссаң, қысқа мерзім ішінде ауа райы бір-біріне ұқсамайтын төрт белдеуден өтесің. Осы жерлерде арғы аталарымыз ғұндар, сақтар, үйсіндер, қыпшақ мәдениеті мен тұрмысы жайлы тау шатқалындағы таңбалы тастар сыр шертеді.

Талдықорған жерінде археологтар тарапынан аз зерттелген жоңғар жоталар баршылық. Мұнда Шоқан Уәлиханов өмір сүріп, қаза болған жерлерге салынған туристік сілем бар. Ол Шоқанның мұражайы мен ескерткішіне барып тіреледі. Осы маңда Алтынемел ұлттық табиғи паркі құрылған.

Оңтүстік Қазақстан өлкесінің тарихы Қорқыт, Әбу Насыр Әл-Фараби, Жамбыл, Ілияс Жансүгіров, Райымбек батыр, Бауыржан Момышұлы, генерал И.В.Панфилов, Мұқағали Мақатаев, Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов сияқты атақты адамдар ғана емес, Алматы бұрынғы республика астанасы болғандықтан, Қазақстанның соңғы кездегі ұлы есімдерінің бәрімен ұштасып жатты.

### **Қазақстан қалалары**

**Алматы** – алғаш сақ, кейіннен үйсін тайпаларының мекені болған, орта ғасырларда салына бастаған қала. Қазақстан Ресейдің қол астына қарағаннан кейін Алматы тұрған жерге 1854 жылы «Верный» деген бекініс салынып, Алматы Верный деп аталып кетті. Ол 1867 жылы Жетісу әкімшілігінің орталығы болды. 1921 жылы наурыз айының 14-і күні қалаға бұрынғы Алматы аты қайта берілді. Алматы – 1939 жылғы желтоқман айының 5-і күнінен бері Республикамыздың астанасы болды. Бүгінгі күні Алматы – ғылым мен өнер, өндіріс пен демалыс орталығы.

**Ақтөбе қаласы** – 1869 жылы әскери бекініс ретінде салынған қала. Кейін 1891 жылдан бері Торғай облысындағы уездік қала болды. Ал 1932 жылы наурыз айының 10-ы күнінен бастап облыс орталығына айналды. Ол – Ақтөбе – Алматы – Мәскеу магистраліндегі Қазақ темір жолының Ақтөбе бөлімшесі орналасқан ірі станция, автомобиль және әуе жолдарының торабы, ірі өндіріс орталығы. Онда жергілікті кен орнына негізделген дүние жүзіне әйгілі



ферресплав және хромит қоспаларының зауыттары, рентген аппараттарын және ауыл шаруашылығы машиналарын жасап шығаратын зауыттар бар. Ақтөбе қаласы – облыс орталығы. Ақтөбе облысы – мал, егін шаруашылығы жақсы дамыған қазба байлықтарға өте бай өлке.

**Атырау** – Қазақстандағы ескі қалалардың бірі. Оның іргесі 1640 жылы қаланды. Қаланың Гурьев аталуы орыс көпесі Михаил Гурьевтің есімімен байланысты. Ол 1640 жылы өз туыстарымен Жайық бойына көшіп келіп, балық аулау кәсіпшілігін ашқан.

Атырау – мұнай өндіру, балық аулау, химия өнеркәсібі, машина жасау және металл өндіру, құрылыс материалдарын өндіру жағынан өте дамыған өңір. Атырау қаласы – облыс орталығы. Облыстың Мақат, Доссор, Қосшағыл, Құлсары, т.б. мұнай өндірістерін дүние жүзі біледі.

Атырау алқабы мәдени ескерткіштерге өте бай. Хан ордасы Сарайшық кесенесі салынды. Күй атасы Құрманғазы, Дина Нұрпейісова осы елден шыққан. 1995 жылы қаланың Гурьев аты Атырау болып өзгерді.

Ежелгі Каспий теңізінің құмды жайдақ жағалауында ажар көркі бөлек таңғажайып қала тұр. Ол – **Ақтау қаласы**.

Маңғыстау облысының орталығы Ақтау қаласы – көне мен жаңаның тоғысқан жерінде дүниеге келген қала. Ол орталық қана емес, жаңарған жарты аралдың астанасы. Ақмаржан таспен өрілген, қазіргі архитектуралық жетістіктер негізінде салынған көп қабатты тұрғын үйлер мен өндіріс орталықтарының әр қабырға тасында әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың қолтаңбасы жатыр. Қала бүгінде олар үшін құтты мекен қонысқа айналған. Достығы жарасқан осы ұлттар қауымдастығы қысқа мерзім ішінде Маңғыстау топырағында аса ірі аумақтық өнеркәсіп кешенін тұрғызды.

Жаңа қаланың салқын саялы бақтары мен балалардың спорт алаңдары, жайқалған жасыл терек, қайыңдар, әсем түзу көшелер, теңіз жағалауындағы демалыс орындары сән-салтанатын келтіріп тұр.

Қаланың өмір тарихы 1963 жылдан басталады. Алғашқы шағын Ақтау кенті тез арада әсем ақ қалаға айналып кетті. Бүгінгі күні ол барлық жарты аралдың соғып тұрған жүрегі – тыныс тіршілігі. Шетелдіктер Ақтауды ХХІ ғасыр қаласы деп атайды. Қала тұрғындары әлемде тұңғыш рет теңіз суын өзінің тұрмыс-тіршілігінің негізгі көзіне айналдырды. Атом қуаты алғаш рет осы қалада бейбіт мақсатқа қызмет ете бастады. Шапшаң нейтронды БН-350 атом реакторының күшімен теңіз суы тұщытылып, қала тұрғындарына су, жарық және жылу берілді.

Ақтау – республикамыздың дара теңіз қақпасы. Әуе жолдары қаланы еліміздің көптеген қалаларымен, ТМД және Түркия, Араб Эмиратымен байланыстырып тұрады.

**Көкшетау** қазақшаға аударғанда көгілдір таулар. Ол мемлекетіміздің ең көрікті жері болып саналады. Көкшетау жерінің батысын Есіл өзені кесіп өтеді.

Көкшетау жері тұщы және ащы суы бар көлдерге бай. Бұл өңірде сауықтыру орындарын салуға мүмкіндік берді. Бәрінен Бурабай курорты ерекше дараланады. Ертеден бұл өңір ақындар, сазгерлер, әншілер мен жазушылар Отаны болып табылады. Бұл жерде өзінің қайталанбас өнерімен

адамдарды қуантып ақын-импровизатор Біржан Қожамқұлов тұрған. ХХІ ғасырда Көкшетауда алғашқы қазақ ғалымы, географ, жиһанкез Шоқан Уәлиханов туған.

ХХ ғасырдың елуінші жылдарындағы тың жерлерді игеру облыстың экономикасы мен мәдениетінің едәуір дамуына, өркендеуіне әсер етті. Сол жылдары 3 млн гектардан астам жер игеріліп, 50 өнеркәсіп мекемелері іске қосылды. Олар: тоқыма және галантерея фабрикалары, ыдыс-аяқ шығаратын, бірлескен темір өндіру зауыттары т.б. Көкшетау жерінен мемлекетіміз әр түрлі темір түрлерін темір, доломит, каолин т.б. өндіріп алды.

**Қарағанды** қаласының 150 жылдай тарихы бар. 1833 жылы қазақ жігіті Аппақ Байжанов қараған бұтасы көп өскен жердегі суыр інінің жанынан тас көмір тауып алады. Содан бері сол жер «Қарағанды» аталып келеді. Кейіннен бұл жердің иесі Өтепов деген бай қазіргі Қарағанды атырабын Никон Ушаков деген орыс кәсіпкеріне 250 сомға жатады. Кеңес кезеңінің 1930 жылдары Қарағанды өнеркәсіпті қалаға айналып, 1936 жылы облыс орталығы болды. Қазіргі кезде Қарағанды қаласында ірі көмір бассейні бар. Қарағанды Қазақстандағы ірі ғылыми және мәдени орталықтарының бірі.

**Қостанай** аңызға сенетін болсақ, Тобыл өзенінің жарқабағында жерленген апалы-сіңлілі Қоз бен Танайдың есімімен аталған жер екен. Бүгінгі күні ол қала мен облыстың атын береді. Қостанай облысы елдің ең үлкен астықты ауданы болып саналады. Бұл аймақ республика бойынша егіннің 18 пайызын, ет пен сүттің 13 пайызын береді. Қостанай жері пайдалы қазбаларға бай. Қостанай жері пайдалы қазбаларға: темір, көмір, асбест кендеріне бай.

Бұл облыс ТМД мен шет елдердегі серіктестерін өндірістік өніммен қамтамасыз етеді. Бүгінгі күні Қостанай фабрикасының сауда маркасы бар шоколад пен мармелад үлкен сұраныс тауып, өзінің бәсекеге қабілетті екенін дәлелдеді. Қазіргі кезде темір кенін өндіруді көтеруге және кеңейтуге ықпал ететін шаралар кезекте тұр.

**Қызылорда (Ақмешіт)** – Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі ірі қала. Ол Сырдария өзенінің оң жағында, яғни төменгі ағысында орналасқан. Қызылорда қаласы 1853 жылға дейін Ақмешіт аталып, қоқандық шағын қамал болды. Орыс әскерлері келгеннен кейін оған Перовск деген ат берілді. Кеңес үкіметі қаланы 1925 жылы Қазақ АССР-ының астанасы болуына орай Қызылорда деп аталды. Кеңес дәуірі кезінде Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы мен балық өнімдерін өндіру жолға қойылды. Қызылорданың атын ақ маржан күріші мен қауын-қарбызы дүние жүзіне танытты.

**Орал қаласының** негізі 1613 жылы қаланды. Бұдан бірнеше мың жыл бұрын Орал қаласының орны скиф, гот, овар, печенег және қыпшақ көшпелі тайпаларының мекені болды. Орал қаласы – Саратов – Елек темір жолындағы, Жайық бойындағы ірі темір жол станциясы, Жайық өзен порты мен әуе жолының торабы. Орыстар Жайық бойына XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың бас кезінде келе бастады. Олар 1850 жылы Жайық бойымен жоғары көтеріліп, Ноғай хандығының астанасы Сарайшық қаласын талан-таражға салып, Жайық бойына біржола қоныс тепті.

Қазір Оралда машина жасау, метал өндіру, құрылыс материалдарын өңдеу т.б. сияқты толып жатқан өндіріс орындары, мәдениет орталықтары бар. Бұл қалада орыстың әйгілі ақын, жазушылары, саяхатшылары көп болған. Ол туралы облыстық мұражайда дерек көп.

**Өскемен қаласы** – Шығыс Қазақстан облысының орталығы. Өскемен қаласының іргесі 1820 жылы Семей облысына қарайтын уездік қала болып белгіленді. 1939 жылы ол Шығыс Қазақстан облысының орталығы болып бекіді. Мұнда өнеркәсіп орындарынан қорғасын-мырыш, титан-магний комбинаты, Өскемен су электр станциясы т.б. бар.

Қалада мәдениет сарайы, Жамбыл атындағы театр сияқты мәдени орындар көптеп саналады.

**Петропавл (Қызылжар)** – Солтүстік Қазақстан облысының орталығы, ірі темір жол станциясы, автомобиль, әуе, өзен жол торабы. Петропавл Новоишим шекаралық шебінің Есіл өзенімен қиылысатын жерінде Петр мен Павелдің бекінісі ретінде салынған. Ол 1807 жылдан қала деп атала бастады. Петропавл 1838 жылы Есіл округінің, 1868 жылы Ақмола облысының құрамына енді. Петропавл Сібір және Түркістан (Ақмола, Ташкент арқылы өтетін) сауда жолдарында орналасқан. Ол Ресей мен Орта Азия хандықтарының сауда қатынасының орталығы болды. Қазір Петропавл – астықты аймақтың орталығы.

**Семей қаласы** – Ертіс өзенінің екі жағына орналасқан. Семейдің тұрған жері ерте замандардан бастап ежелгі тайпаларға тұрақ болған. Бұл елді мекен қола дәуірінен бері белгілі. Одан кейінгі дәуірлерде мұнда хундар, түркі қағандығы, қыпшақ, керей, найман ұлыстары тіршілік етіп келді. Ғалымдардың айтуынша, 1600 жылдары Семейде жеті шатыр (семь палат) тұрғызылған. 1718 жылы Ресейден Чередов деген адам семей қамалын жаңадан тұрғызуға жіберілген. Сол жылдың өзінде-ақ семей бекінісінің іргесі қаланды. 1782 жылдан ол уездік қала болған. Кеңес үкіметі кезінде бұл өлкеде халық шаруашылығы өркен жайды. 1934 жылы Семейде ет-консерві комбинаты, 1935 жылы жүн өңдеу фабрикасы т.б. өндіріс орындары жұмыс істей бастады.

Семей қаласы – ұлы ақын Абай, данышпан жазушы Мұхтар Әуезов білім алған қала. Бұл ХІХ ғасырдың 50 жылдарында Ш.Уәлиханов әскери қызметте болған жер. Семей қаласының тарихы шежіреге өте бай.

**Тараз қаласы** – Жамбыл облысының орталығы. Ұлы Жібек жолында тұрған Таразда Х-ХІ ғасырларды сәулет өнерінің бірнеше үлгілері тұрғызылды. Бұлардың ішіндегі ең ірілері: Қарахан мазары мен қалаға жақын тұрғызылған Айша бибі күмбезі, Бабашахатун кесенесі. Қазақстан мен Орта Азия моншаларының бірі – Тараз моншасы. Археологиялық қазбалар жүргізу жұмысы кезінде Тараз қаласынан күні бүгінге дейін ұш ыдыстар, т.б. металл бұйымдар көптеп табылуда. Кеңестік дәуірге дейін Әулиеата атанған қала 1938 жылы қазақтың халық ақыны Жамбылдың құрметіне Жамбыл есімімен аталды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихына 1996 жылы Жамбыл аты өзгертіліп, ежелгі Тараз аты қайта берілді.

**Шымкент** – Қазақстанның оңтүстігіндегі тоғыз жолдың торабына (көп жол түйіскен жерде) орналасқан қала, облыс орталығы. Ол халқының саны,

нарықтық маңызы жағынан Алматы мен Қарағандыдан кейін үшінші орындағы ірі қалау Шымкент қаласы XII ғасырда Жетісу мен Қытайға баратын жібек жолының бойында салынған. Ол Қоқан хандығының, жоңғарлардың шапқыншылықтарына жиі ұшырады. 1864 жылы Қоқан хандығы құрамынан бөлініп шығып, басқа қазақ жерлерімен бірге патшалық Ресейдің қол астына қарады.

Шымкенттің басты кәсіпорындары – қорғасын, ұста-пресс жабдықтары және химия-фармацевтік зауыттары бүкіл Республикамызға белгілі. Шымкентте жеңіл өнеркәсіп те жақсы дамып, мәдени-ағарту ошақтары да ойдағыдай өркендеген.

### **Как учить язык**

Ничто на свете не связано с человеком так прочно, как язык. Нет на свете лучшего средства общения. Чем лучше ты владеешь языком, тем больше у тебя права называться человеком.

Благодаря языку ты встречаешься с великим мрожеством новых людей, а не только с теми, кого видишь каждый день. Благодаря языку у тебя появляются друзья в дальних странах и даже в отдаленных временах. Множество самых замечательных людей всех стран и всех времен жаждут с тобой познакомиться, если только ты знаешь язык, который приведет тебя к ним. Всегда запомни, новый язык стоит учить потому, что он проложит тебе дорогу к другим людям. Если знаешь язык то знаешь, как живут другие люди, о чем думают, а заодно узнаешь что то новое о себе.

Ты можешь научиться чужому языку..., ты знаешь свой родной язык. А раз ты мог научиться своему родному языку, значит, можешь научиться и любому другому стоит только по настоящими захотеть. Не бывает так, чтобы человек был способен выучит свой родной язык, а другим языкам научиться не способен. Всеми языками ведает одна и та же часть мозга. Так что остается только выбрать, какой язык учить.

Как его выбирать? Лучше всего, пожалуй, запомнить вот что выбирая язык, ты тем самым выбираешь народ, который на нем говорить. С каким народом мира тебе интереснее всего которые говорят с тобой на твоём родном языке?

Все народы интересны, каждый по-своему, и глупо было бы годать, какой из них самый замечательный... Постарайся разобраться, чем ты больше всего увлекаешься, и учи такие языки, которые тебе что-то дадут в этом смысле. А если тебя интересуют языки сами по себе, тогда тебе будет интересно учить любой язык.

Франклин Фолсом («Книга о языке»)

### **Тіл үйрену ерекшеліктері**

Кейбір тілдерді оқып, жазып үйрену жеңіл болсағ кей тілдерді үйрену қиынырақ. Мысалы, испан, венгр тілдерінің орфографиясы өте жеңіл. Ағылшын, француз тілдері олай емес. Ал қытай жазуы тіпті қиын, ондықтан, алдымен қытайша сөйлесуді үйренеді, кейін жазуын меңгереді.

Араб-американ қызметкерлері былай деп ескертеді: «Сыпайы араб тіліне» 50 сынып сағаты жеткілікті, яғни осы уақыт ішінде әрбәр тәрбиелі, мәдениетті адамға қажетті жаңа адамдармен танысу, керекті мекен жайларды сұрау, күрделі емес сауда жасау мүмкіндіктерін игеруге болады. Ал 250 сағаттық оқу араб тілінде сөйлеумен қатар сауатты жазуға, оқуға үйретеді. Егер бұдан соң колледжде 2 жыл оқысаң, онда араб тілін жетік біліп шығасың.

Мамандар «Жаңа тілді неше жастан бастап үйренген тиімді?» деген сұраққа былай деп жауап береді: Тілді кез-келген жаста үйренуге болады. Егер оқып-үйренуді ерте бастаса, тілдің дұрыс дыбысталуын меңгеру жеңілірек болады. Олай болса неше жаста болсаң да, жаңа тілді үйренуді осы сәттен бастауыңа болады.

Франклин Фолсом

### **Сен білесің бе?**

Дүние жүзінде ең көп тараған қай тіл дегенде біреулер ағылшын тілі десе, біреулер қытай тілі деп жауап береді. Бұл екі пікірдің қайсысы дұрыс? Бірінші орынды сөз жоқ, ағылшын тілі алады, өйткені ол дүние жүзіндегі ең көп тараған халықаралық тіл болып табылады. Ал, егер бір тілде сөйлеушілердің саны бойынша анықтасақ, ағылшын тілі екінші орында. Америка Құрама штаттарының лингвистика институтының жуырда жүргізген зерттеулерінің нәтижесі бойынша сол бір тілде сөйлейтіндердің саны бойынша ең көп тараған тіл – қытай тілі; бұл тілде 844 миллион адам сөйлейді. Ағылшын тілінде – 437 миллион адам, хинди тілінде, –38 миллион адам, –331 миллион адам сөйлейді екен.

Бір тілде сөйлеушілердің саны 100 миллионнан асатын тілдер де бар. Олар: араб тілі – 192 миллион адам, бенгал тілі –181 миллион адам, португал тілі – 171 миллион адам, малай тілі – 138 миллион адам, жапон тілі – 124 миллион адам. Француз және неміс тілдерінде тиісінше 119 миллион және 117 миллион адам сөйлейді екен.

## II

### Фонетикалық-дамытушылық тұрғыдан ұсынылған жаттығулар

#### *Жер-ананың жарасы*

*Осыдан бір жылдай бұрын жаз айында мен ұшақпен Арал теңізінің үстінен өттім. Күн шайдай ашық еді, еріксіз төменге көз жібердім. Шынымды айтсам, сонда теңіздің тартылған орнынан бұрқырап ұшқан шаңды, тұзды дауылды көрермін деп ойлаған едім. Бірақ неге екенін белгісіз, ондай ештеңені байқамадық, теңіз де, дала да – бәрі де тып-тыныш. Тек сәлден кейін теңіздің суы қашып, құрғаған жағалауынан іркіт сияқты көлкіп жатқан бірдеңе көрінді. Қасиетті де қайырымды жер-ананың тәніне түскен қанды жара. Жазылары, жазылмасы әзірге белгісіз жара...*

*Мұндай нәрсені біреу айтса өтірік дер едім, өз көзіммен көріп отырған соң, сенбесіме шарам қалмады.*

*Міне, содан бері Арал туралы әңгіме болса, осы сурет көз алдыма елестейді. Сондайда көкірегімде дүниеге менен кейін келетін ұрпақ бір замандарда Аралдың үстінен ұшып бара жатқанда іркіт боп жатқан қанқызыл өлі суды емес, шалқыған көкпеңбек айдынды, жағасындағы көк шалғынды даланы көретін болар деген үміт оянады. Және сол үмітке кәдімгідей сенгім келеді...*

*(С.Балгабаев. Жер-ананың жарасы).*

**Мақсаты:** студенттерге қазақ тілінің дыбыс жүйесін, емле заңдылықтарын меңгерту, дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктерін үйрету, әсіресе қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуы мен жазылуына көңіл аударту, олардың себептерін тапқызу, тіл үйренушілердің сауатты жазуын, орфоэпиялық норма бойынша дұрыс сөйлеуін қалыптастыру.

**Тиімділігі:** студенттер қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, оның ерекшеліктерімен таныса отырып, сауатты жазуға, дұрыс сөйлеуге және қарым-қатынаста дұрыс қолдануға дағдыланады.

**1- жаттығу.** Мәтіннен жазылуы мен айтылуы арасында айырмашылығы бар сөздерді теріп жазып, сол сөздерді қатыстырып мәтін бойынша пікірлесіңіздер.

**2- жаттығу.** Экология мамандығына байланысты сөздерді атаңыздар. Тапқан сөздеріңе байланысты мақал-мәтел тауып жазыңыздыр.

**3- жаттығу.** Мәтіннен ілгерінді кейінді ықпалға байланысты сөздерді тауып, қосымшаның жалғану себепін түсіндіріңіздер.

#### **Тапсырма.**

1. Арал экологиясының бұзылуының антропогендік себептерін анықтаңыздар.

2. Мәтінге жоспар құрыңыздар.

## Лексикалық-дамытушылық тұрғыдан ұсынылған жаттығулар

*Қайран, Бетпақдала, құлазып қалдың-ау!*

Сонау жылдары, дәл осы уақытта Бетпақдалада ығы-жығы болып жатар еді. О да бір қызық дәурен екен ғой. Жер қайысқан малмен қоса ақбөкендер де Сарыарқаға бет алатын. Машинамен ызғытып келе жатқаныңда табанын жел кеулеген мыңдаған жануарлар алдыңды орағыта кесіп өтетін. Жанасып кеткен малылар бірін-бірі қонаққа шақырып, мәрсәре болып қалатын. Көлденеңі үш жүз шақырымдық Бетпақдалада өмір дегенің осылай қайнап жатушы еді.

Қазір сол дала құлаққа ұрған танадай тып-тыныш мүлгіп жатыр. Топырағына мал тимегелі қашан! Елсіз құлазып жатқан даланың түсі ызбарлы, суық. Демін ішіне тартып, тымырайып жатыр. Бұрынғыдай жер қайысқан отар-отар киік те кездеспейді. Оны жауыз адамдар ата-ата тауысқан. Анда-санда бірен-саран киік қана көз ұшынан көрініп, жанын қоярға жер таппай беже жөнеледі. Бетпақдаланың сұрқы кеткен. Оның осы келбетін көріп тұрып бұрынғы даналардың «Ел жағалай қонбаса, бетегелі бел жетім» деген сөзі еске түседі. Қаптаған мал кетсе, бел құлазымағанда қайтеді?

(Д.Шалқарбаев, Ә.Қожагелдиев // Атамекен).

**Мақсаты:** студенттердің сөздік қорын, тіл байлығын молайту. Оларға сөздерді орнымен, дұрыс қолдана білуге, мағынасын жете түсінуге дағдыландыру, бейнелі, астарлы сөздерді түсініп, мағыналы, жүйелі сөйлеуге үйрету, сөздіктермен жұмыс істей білуге машықтандыру, шығармашылық қабілетін, ақыл-ойын дамыту.

**Тиімділігі:** студенттердің сөздік қоры молаяды, сөздің мағынасын түсінуге дағдыланады, ой-санасы дамиды, қазақ тілін білуге, үйренуге, сөздің сырын түсінуге деген қызығушылығы оянады, белсенділігі артады.

**1-жаттығу.** Мәтіннен ауыспалы мағыналы сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндіріңіздер.

**2-жаттығу.** Сөздіктен төмендегі сөздердің синонимдерін тауып жазыңыздар. Сол синонимдерді пайдалана отырып, сөйлем құраңыз.

безу-	тауысу-
өмір-	жан-
суық-	бұрынғы-
келбет-	құлазу-

**3-жаттығу.** «Ел жағалай қонбаса, бетегелі бел жетім» деген даналық сөзді қалай түсінесіздер? Даналық сөздің авторы кім деп ойлайсыздар? Даналық сөздің екінші қатарын өз беттеріңізбен толықтырыңыздар. Жауаптарыңызды салыстырыңыздар.

**Тапсырма:**

1. Сіз эколог-маман ретінде Бетпақдаланы қалпына келтіру үшін қандай іс-шаралар жасау қажет деп ойлайсыздар? Бетпақдаланы қалпына келтірудің жоспарын құрыңыздар.

2. Бетпақдала туралы шағын репортаж дайындаңыздар.

Лексикалық-дамытушылық жаттығулар арқылы тіл үйренушілер сөздердің мағынасын, мамандыққа қатысты терминдерді игеріп, ол сөздерді сөйлесім әрекетінде қолдана білуге машықтанады. Әрбір сөзді қатысым әрекетінде қолдану арқылы олардың сөйлеу қабілеттері қалыптасады.

## Морфологиялық-дамытушылық тұрғыдан ұсынылған жаттығулар

### Қышқылды жаңбыр

Атмосфераның мөлшерден тыс ластануына байланысты кейінгі кезде «қышқылды жаңбыр» деп аталатын жаңбыр жауатын болды. Оның химиялық құрамы өте күрделі. Оның құрамында күкірттің қос тотығы мен басқадай химиялық элементтердің қосындылары, қара күйе, шаңдық бөлшектер және радиоактивті элементтер де болады. Жер шарының солтүстік жартышарында бір гектар жерге атмосфералық жауын-шашынмен бірге жарты тоннадан төрт тоннаға дейін күкірттің қос тотығы түседі. Қышқылды жаңбыр өсімдіктер әлеміне биоценоздық әсер етіп, оның өнімділігін төмендетеді. АҚШ-та арнайы жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындыларына қарағанда, орман-тоғай алқабында өсетін шыршаның 71 %-ы, қайыңның 34 %-ы, үйеңкінің 41 %-ы қышқылды жаңбырдың әсерінен бірнеше есе азая түскен. Қышқылды жаңбырдың салдарынан судағы балықтар қырылып қалған жағдайлар болған (Ж.Жатқанбаев).


**Мақсаты:** студенттердің зат есім, оның түрлерін меңгерту арқылы ойын сауатты, еркін жеткізуге дағдыландыру.

**Тиімділігі:** Зат есімге қатысты қызығушылық элементтері бар жаттығуларлар эколог-студенттердің сөз байлығын, сөздік қорын молайтады, танымын дамытады.

**1-жаттығу.** Мәтіннен түбір және туынды зат есімдерді тауып, қосымшасын анықтаңыздар.

**2-жаттығу.** Мәтіннен мамандығыңызға қатысты дара және күрделі зат есімдерді теріп жазыңыздар. Мәтіннің мазмұнына байланысты сұхбат құрастырыңыздар.

**3-жаттығу.** Сөзжұмбақты дұрыс шешсеңіз, ортадағы торкөздерден қоршаған ортаға байланысты зат есім шығады.





- 1) *қапырық* сөзінің синонимі (аптап)
- 2) мәңгілік жасыл ағаш (шырша)
- 3) *боран* сөзінің синонимі (бұрқасын)
- 4) ең үлкен су айдыны (мұхит)
- 5) табиғат құбылысы (найзағай)
- 6) тіршілік тірегі (ауа)
- 7) тілсіз жау (өрт)

### **Тапсырма:**

1. Мәтінді негізге ала отырып, қышқылды жаңбырдың тірі табиғатқа келтіретін зиянын схемамен сызып көрсетіңіздер.

2. Төмендегі суретті пайдалана отырып, «Экожүйеге қышқылды жаңбырдың әсері» деген тақырыпта баяндама дайындаңыздар.



### **Синтаксистік-дамытушылық тұрғыдан ұсынылған жаттығулар**

#### ***Ғарыштық қоқыс***

*Ғарыштық қоқыс – ғарыштық аппараттардың Жердің айналасындағы кеңістікті ластайтын сынықтары. Қазіргі уақытта жақын ғарышта 3 мың тоннаға жуық ғарыштық қоқыс бар делінеді. Бұлар ғарыштық жылдамдықпен ұшатын болғандықтан, әрбір соқтығысқан сайын бөлшектеніп көбейе береді. 1957 жылдан бері он мыңнан астам әртүрлі заттар ғарыштан «қайтып келген». Жерді айналып ұшып жүрген ядролық энергетикалық қондырғылардың реакторлары радиация бөліп шығаруын тоқтатпайды. Зымырандардың қатты отынының құрамындағы перхлораттар атмосфераны ластап, озон қабатын бұзады (А.Ж.Ақбасова т.б.).*

**Мақсаты:** студенттерге сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін меңгерту және тілдік қатынасқа түсушілердің қатысымдық, байланыстырушылық, экспрессивтік қызметін дамыту.

**Тиімділігі:** студенттер хабарлы, сұраулы, лепті және бұйрықты сөйлемдер құрастыруға, тілдесуге үйренеді, сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері мен ерекшелігін меңгереді. Сөйлемнің айтылуына байланысты тыныс белгілерін дұрыс қоюға дағдыланады.

**1-жаттығу.** Мәтінмен танысып, өз тарапыңыздан жаңа ақпараттар қосып, бірнеше хабарлы сөйлем жазыңыздар.

**2-жаттығу.** Төмендегі сөздерді пайдалана отырып, бұйрықты сөйлем құрастырып жазыңыздар, мәнеріне келтіріп оқыңыздар.

*Жер, отын, ғарыш, зымыран, қоқыс, радиация.*

**3-жаттығу.** Көршіңізге мәтін бойынша бірнеше сұраулы сөйлем дайындап, өзара әңгімелесіңіздер.

**4. жаттығу.** Берілген бойынша қысқа мәтін құрастырыңыздар. Сурет бойынша мамандыққа байланысты сөздердің тізбесін жасаңыздар.



Жердің жасанды серіктерінің табиғатқа әсері

**Тапсырма:**

1. Ж.Жатқанбаевтың «Байқоңыр космодромының Қазақстан экологиясына әсері» еңбегімен танысып, пікір жазыңыздар.
2. Ғарыштық қоқыс мәселесіне байланысты мақала әзірлеңіздер.

**Сөз байлығын дамытуға арналған жаттығулар.**

Жаттығудың бұл түрі тіл үйренушілердің сөздік қорын молайтуға, сөздерді орнымен қолдануға, сөз тіркестері мен сөйлемді дұрыс құрастырып, оны тілдік қатынаста орнымен қолдана білуге дағдыландырады. Бұған мамандыққа

қатысты нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді толықтыру, мәтінді, өлең шумағын, әңгімені, жалғастыру сияқты жаттығу түрлері жатады. Мұндай жаттығулар тіл үйренушілерді ізденіске жетелейді. Студенттердің қазақ тілінде сөз байлығын дамытудың ең тиімді жолы түрлі сөздіктермен жұмыс жүргізу арқылы іске асады.

**Жаттығулардың мақсаты:** тіл үйренушілердің сөздерді орнымен қолдану амалдарын меңгерту, сөздерді дұрыс қолдана білуге үйрету.

**Жаттығулардың тиімділігі:** тіл үйренушілер сөз мағыналарын жете меңгере отырып, өз ойын дұрыс, нақты жеткізуге дағдыланады.

**1- жаттығу.** Мына төмендегі сөз тіркестерін қатыстыра отырып, бірнеше сұрақ дайындап, досыңызбен әңгімелесіңіз.

*Ғаламдық жылыну, өнеркәсіптік шығарынды, улы қалдық, қалдықсыз технология, ғаламдық ластану, тұрмыстық ағынды су, тұрмыстық қоқыс, қауіпті аймақ, шаңды дауыл, экологиялық дағдарыс.*

**2-жаттығу.** Сурет бойынша мәтінді жалғастырыңыздар.

*Орманды жерге саяхат жасағандағы ең қауіпті нәрсе - өрт. Өрт көбінесе адамдардың жіберген азаттығынан болады.*



Өрт – тілсіз жау

**3-жаттығу.** Төмендегі мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіріңіздер нақты фактілермен дәлелдеп айтыңыздар. Сіздердің мамандықтарыңызбен байланысы қандай?

*Қатты жерге егін шықпас,*

*Қаңсық басқа білім жұқпас.*

*Тау мен тасты сел бұзады,*

*Адамзатты сөз бұзады.*

*Адамды аздыратын – дерт.*

*Жерді аздыратын – өрт.*

## Ақпараттық-дамытушылық жаттығулар

Ақпараттық-дамытушылық жаттығулар студенттердің мамандықтарына қатысты жаңа мәліметтер мен ақпараттар алуына бағытталады. Жаңа ақпараттар жинау мамандығына қызығушылығын тудырады. Жаттығудың бұл түріне мамандыққа байланысты ақпараттар жинай отырып, аудиомәтін, репортаж дайындау, сұхбат алу, мақала әзірлеу сияқты тапсырма түрлері кіреді.

**Жаттығуларлардың мақсаты:** болашақ эколог мамандарды экология мамандығына қатысты ақпараттармен хабардар ету.

**Жаттығулардың тиімділігі:** студенттер эколог ретінде қоршаған ортаның ластануына байланысты ақпараттар, мәліметтер жинауға, шешім қабылдауға үйренеді.

Ақпараттық-дамытушылық жаттығуларды төменде көрсетілген үлгі бойынша іске асыруға болады:

**1-жаттығу.** Газет беттеріндегі Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпті аймақтары туралы ақпараттық материалдарды пайдалана отырып, шағын аудиомәтін әзірлеп келіңіздер.

- а) Арал проблемасы
- ә) Семей ядролық полигоны
- б) Каспий проблемасы

**2-жаттығу.** Ластанған ауаның зиянды әсері туралы нақты деректерді пайдалана отырып, газетке мақала жазыңыздар.

**3-жаттығу.** Өндіріс орнының табиғатқа тигізген зиянын нақты дәлел, ақпараттар келтіре отырып, шағын репортаж дайындаңыздар.

**4-жаттығу.** Интернет жүйесін және 6-суретті пайдалана отырып, Каспий итбалықтарының жаппай қырылуының себебін анықтаңыздар. Бұл жөнінде көршіңізбен сұхбаттасыңыз.



Итбалықтар экологиясы

Ақпараттық-дамытушылық тапсырмаларға мынадай талаптар қойылады:

- берілетін материалдар құрамында мамандыққа қатысты студенттердің қызығушылығын оятатын қызықты мәлімет, тың деректер болуы қажет;

- бұл мәліметтер бұқаралық ақпараттар құралдары, газет, журнал, теледидер, интернет жүйесінен алынуы керек;

- тіл үйренушілерге ұсынылатын материалдар күнделікті жаңа ақпараттармен толығып, кеңейтіліп, жаңартылып отырылуы тиіс.

### **Кәсіптік-дамытушылық жаттығулар**

Кәсіптік-дамытушылық жаттығулар болашақ эколог мамандардың мамандықтары бойынша білімін, кәсіби-шығармашылық қабілеттерін дамытады. Кәсіптік-дамытушылық жаттығулар студенттердің таңдаған мамандықтарына қатысты диалог, сұхбат, мәтіндер құрастыруға, қатысымдық бірліктермен еркін тілдік қатынас орнатуға бағытталады. Жаттығулардың бұл түрі проблемалы сұрақ қою мен оған ұтымды, шеберлікпен жауап беруді қажет етеді.

**Жаттығулардың мақсаты:** болашақ эколог мамандардың білімін, кәсіби-шығармашылық қабілеттерін дамыту,

**Жаттығулардың тиімділігі:** студенттердің таңдаған мамандығы бойынша білімдері артады, қызығушылығы оянады.

#### **1-жаттығу.**

Балаби қартайған шағында халқын жиып:

Жерден ауыр не?

Судан терең не?

Оттан ыстық не?

Көктен биік не?

деп төрт сұрақ берген екен. Сіз Балабиге қандай жауап қайырған болар едіңіздер? Ойланыңыздар. Жауабыңызды салыстырыңыздар.

**2-жаттығу.** Гиннестің рекордтар кітабын пайдалана отырып, осы үлгі бойынша экологиялық зардаптарға байланысты бірнеше сұрақ дайындаңыздар. Серігіңізбен сұхбаттасуда осы сұрақтарды пайдаланыңыздар.

**3-жаттығу.** Мәтінді оқып, диалог құрастырыңыздар.

### ***Атмосфераның радиоактивті заттармен ластануы***

*Атмосфераның радиоактивті ластануы нәтижесінде радиациялық әсер ету байқалатын болғандықтан, өте қауіпті болып саналады. Радиациялық әсер – радиоактивті сәулелердің әсері. Бұл сәулелер кейбір химиялық элементтердің атом ядроларының ыдырауы кезінде сыртқы ортаға бөлінеді. Бөлінген радиоактивті сәулелер адам организмінің тірі ткандері арқылы өтіп, биологиялық процестерді бұзып, организмде түрліше физикалық, химиялық және физиологиялық, ең соңында патологиялық өзгерістер туғызады.*

*Радиациялық әсерлерге қарапайым зарыштық сәулелердің бастап, экологиялық апат болып табылатын ядролық қаруларды сынау, атом ядролық*

*станцияларындағы жарылыстар т.б. жатады (Ұ.Б.Асқарова. Экология және қоршаған ортаны қорғау).*

**4-жаттығу.** Қазақ халқының су туралы мақал-мәтелдерін қатыстыра отырып, әңгіме жазыңыздар.

Кәсіптік-дамытушылық жаттығуларды орындау барысында студенттердің тілді меңгеру барысындағы білімі бекиді, сабақта алған білімін өмірде пайдалануға мүмкіндігі молаяды. Сондай-ақ тіл үйренушінің логикалық ойлау жүйесі дамиды, мамандыққа қатысты сөздік қорын молайтуға мүмкіндігі туады.

### **Тұжырымдық-дамытушылық жаттығулар**

Тұжырымдық-дамытушылық жаттығулар студенттерді оқыған шығарма, әңгіме, мақала бойынша аннотация, тезис, пікір, рецензия, конспект, реферат жазуға төселдіреді. Сондай-ақ экологияға қатысты көрген қысқа сюжетті түсірілімдер мен бейнетаспа, аудиожазбалар бойынша өзіндік тұжырым жасауға дағдыландырады. Бұлар студенттің жеке еңбегі, яғни шығармашылық жұмысы ретінде сипатталады. Студент конспект, тезис жазу барысында еңбекті өз түйсігі, түсінігі бойынша қабылдап, қорытады және есінде жақсы сақтайды. Тезис – ғылыми еңбекті барынша қысқартып көшіру емес, ғылыми еңбектегі айтылмақ мәселені қысқа түрде тұжырымдау.

**Жаттығулардың мақсаты:** Студенттерге оқыған мәтін, әңгіме, мақала, поэзиялық шығармалар бойынша өзіндік ой, тұжырым жасауға, пікір білдіруге үйрету.

**Жаттығулардың тиімділігі:** Студенттер болашақ маман ретінде өзіндік ойын, көзқарасын білдіруге дағдыланады.

**1-жаттығу.** «Егемен Қазақстан» газетінде (12 наурыз. 2003 ж.) академик Ә.С.Бейсенованың «Экология – ел тағдыры» мақаласын оқып, пікір жазыңыздар.

**2-жаттығу.** Ақын Қ.Мырза Әлидің «Күдік немесе адамзат туралы ашық әңгіме» өлеңіне ойтолғау жазыңыздар.

**3-жаттығу.** Қоршаған ортаға шығын келтіріп отырған өндірістің басшысына сұрақ қою арқылы шағын репортаж дайындап, ұнтаспаға жазып келіңіздер. Соңында өз пікірлеріңізді қоса беріңіздер.

**4- жаттығу.** «Радиация және денсаулық» тақырыбына реферат жазыңыздар.

Жаттығулардың бұл түрі студенттерді жоспар құруға, мәселені жаңаша шешуге, жаңа болжамдар жасауға, ізденіске жетелеуі тиіс. Онда тіл үйренушінің жинақтаған мәліметтері қорытындыланып, өзіндік пайымы тұжырымдалып, ойы беріледі. Соған байланысты өзіндік түйін жасауға дағдыланады. Әр сабаққа, мәтінге немесе тақырыпқа қатысты жасалатын тұжырымдар мен қорытындылар тілді үйрету кезінде басты көңілді неге аудару керектігін айқындауға көмектеседі.

## Интеллектуалдық-дамытушылық жаттығулар

Интеллектуалдық-дамытушылық жаттығулар – студенттердің ойын жүйелі баяндауға үйрететін, олардың сөйлеу мәдениеті мен шешендігін қалыптастыруға бағытталған тапсырма түрі. Жаттығудың бұл түрі бойынша студенттер өз ұсынысын, пікірін ашық, еркін айтуға дағдыланады, баяншының сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Интеллектуалдық-дамытушылық жаттығулар жағдаяттарды шешу кезінде, іскерлік ойындар мен пікірталаста қолданылады.

**Жаттығулардың мақсаты:** студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту, ойлауға үйрету, кәсіптік білімін жетілдіру.

**Жаттығулардың тиімділігі:** тіл үйренушілер ұсынысын, пікірін ашық, еркін айтуға дағдыланады, білімдерін шығармашылық тұрғыдан қолданады.

Мысалы «Қазақстан экологиясы» тақырыбын өткенде, мынадай жағдаяттарды шешу ұсынылады:

**1-жаттығу.** Өзіңізді «Хабар» арнасының дикторы ретінде сезініп, қаламыздың бүгінгі экологиялық жағдайы туралы ақпарат беріңіздер.

**2-жаттығу.** Сіз Мәскеуде халықаралық экология мәселесі жөнінде өтетін конференцияға Қазақстаннан өкіл есебінде бардыңыз. Қазақстан экологиясы туралы қандай мәселелер көтерер едіңіз? Неге?

**3-жаттығу.** Шетелден келген қонақтарға Алматы қаласы экологиясының нашарлап кетуінің себептерін түсіндіріңіздер.

**4-жаттығу.** Сіз қаламыздағы ең ірі химия зауыттарының біріне эколог-маман есебінде жұмысқа орналастыңыз. Алдағы уақытта атқаратын жұмыстарыңыздың жоспарын айтып беріңіз.

**5-жаттығу.** Сіз экология және қоршаған ортаны қорғау министрі болып тағайындалдыңыз. Жұмысыңызды қандай мәселеден бастар едіңіз? Неге?

**6-жаттығу.** Сіз қай позицияны қолдайсыз?

Химия зауыттары керек, өйткені ...

Химия зауыттары керек емес, өйткені...

### Түрлі тақырыптағы экологиялық мәтіндермен жаттығулар

#### *1. Судың радиоактивті элементтердің қалдықтарымен ластануы*

*Ауызсудың радиоактивті элементтердің қалдықтарымен ластануы адамзат баласының алдында тұрған үлкен мәселелердің бірі болып табылады. Кейінгі жылдары ауызсудың радиоактивті элементтердің қалдықтарымен ластануы адамзат баласына айтарлықтай қауіп төндіруде. Ауызсудың құрамында радиоактивті элементтердің қалдықтары – стронций-90, цезий-полоний-уран және басқа да улы қосылыстар жыл өткен сайын көбейе түсуде. Сондай-ақ суда неше түрлі нитраттар, гербицидтер, дефолианттер, десиканттар және басқадай түрлі улы қосылыстардың мөлшерден тыс көбейгендігі соншалық кейбір өзен мен көл суларын ауыз су ретінде пайдалануға болмайтыны анықталып отыр. Олардың зиянды әрекеттердің*

салдарынан дүниеге жаңадан келген сәбилердің 20-30 пайызы кемтар болып туылатындығы анықталды.

Радиоактивті элементтердің қалдықтары термоядролық сынақ процестерін жүргізген жерлерде көп мөлшерде болатының ғалымдар толығымен анықтап шықты. Әсіресе бұл проблема халық өте көп және жиі қоныстанаған аймақтарда, үлкен қалалардың маңына жинақталған елді мекендерде тым үлкен орын алып отыр (Ж.Жатқанбаев).

**1- жаттығу.** Досыңызбен бүгінгі ауызсудың сапасы жайлы сөйлесіңіздер.

**2- жаттығу.** Қазақстанда ауызсудың радиоактивті элементтердің қалдықтарымен ластануына байланысты жазылған материалдар негізінде хабарлама дайындаңыздар.

**3- жаттығу.** Радиоактивті элементтердің қалдықтарымен ластанған суды тазалаудың қандай жолдарын ұсынар едіңіздер?

**4- жаттығу.** «Судың сапасы мен тұрғындардың денсаулығы» деген тақырыпта баяндама жасаңыздар.

## **2. Смог**

Смог (ағылшынша *smog* – түтінді тұман, улы қосылыстар) – ауадағы улы газдар күн сәулесінің ықпалымен бірімен-бірі химиялық реакцияға түсіп түтінді тұман туғызады. Бұл түтінді тұмандар – өнеркәсіп заманының ең қауіпті құбылыстарының бірі. Смог адамзат баласын орасан үлкен күйзеліске ұшыратады. Жүздеген, мыңдаған адамдардың өмірін алып кетеді. 1952 жылы Лондон қаласының тұрғындары аса үлкен зардапты шекті, түтінді тұманның әсерінен мыңдаған адам көз жұмды. Ондаған мың адам ұзақ уақыт ауырды. Смог Лос-Анджелес қаласында жиі қайталанады. Токиода 1970 жылы тамызда 8 мың адам лас ауадағы күн көзінің ықпалымен болған химиялық процестерден пайда болған түтінді тұманнан елеулі зиян шекті. Тұман мен түтін атмосфераның мөлшерден тыс ластануынан пайда болады. Мысалы, Алматы маңындағы тауларға шығып қарайтын болсаңыз қаланың үстін қара қошқыл түтін басып тұрғанын байқайсыз.

**1- жаттығу.** Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайындап, көршіңізге қойыңыз.

**2- жаттығу.** Смог пен қышқылды жаңбырдың пайда болу схемасын сызыңыздар.

**3- жаттығу.** Смог туралы теледидардан көрген, газет-журналдан оқыған материалдар негізінде диалог құрастырыңыздар.

**4- жаттығу.** Сіз эколог ретінде смогтан құтылудың қандай жолдарын ұсынар едіңіз? Өз ойыңызды ортаға салыңыз.

## **3. Топырақ эрозиясы**

Топырақ өте күрделі организм сияқты үнемі өсу, даму және өзгеру үстінде болады. Онда үздіксіз түзілу және бұзылу процестері жүріп жатады. Су және жел, антропогендік факторлардың топырақ пен оның қабаттарын бұзу, беткі құнарлы қабатының сумен шайылу, желмен ұшу құбылыстары «эрозия» деп аталады.



*«Эрозия» термині латынның erodere – бұзу деген сөзінен алынған. Эрозиялық процестердің байқалу сипатына қарай қалыпты, геологиялық немесе жылдам, антропогендік болып бөлінеді.*

*Қалыпты эрозия – орманды жерлер мен шөптесін өсімдіктердің топырағында жүреді. Ол өте жай байқалады және топырақ қабаты бір жылда қалпына келе алады.*

*Жылдам эрозия – табиғи өсімдіктер дүниесі жойылып біткен, топырақтың табиғи ерекшеліктері ескерусіз пайдаланылған территорияларда байқалады. Эрозияның бұл түрі өте тез жүреді.*

*Ирригациялық эрозия – суармалы егін шаруашылығымен айналысатын аудандарда байқалып, топыраққа көп мөлшердегі су массасының берілуіне байланысты болады. Қатты ағыспен аққан су топыраққа сіңіп үлгермейді де, топырақ бетімен ағады.*

*Механикалық эрозия – ауылшаруашылық техникаларының ауыр түрлерін топырақтың өздігінен қалпына келу қабілетін ескермей пайдаланған жағдайларда қалыптасады. Бұл кезде топырақтың структурасы бұзылады, физикалық қасиеттері нашарлайды, биологиялық белсенділігі әлсірейді (Ұ.Асқарова. Экология және қоршаған ортаны қорғау).*

**1- жаттығу.** Мәтінді оқыңыздар, баяндаңыздар.

**2- жаттығу.** Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайындап, өзара әңгімелесіңіздер.

**3- жаттығу.** Мәтіннен тұйық етістіктерді тауып, түсінік беріңіздер.

**4- жаттығу.** Топырақты эрозиядан қорғаудың, онымен күресудің жоспарын құрыңыздар.

**5- жаттығу.** «Топырақты эрозиядан қорғау» деген тақырыпта баяндама дайындаңыздар.

#### **4. Табиғи ресурстарды ысыраптау**

*Адамдар өте ерте заманнан табиғат ресурстарын өздерінің керегіне жаратып келеді. Ол кезде табиғат байлықтары мол, ал оны жұмсау аз болғандықтан, адамдар олардың орнын толтыру, қалпына келтіру сияқты мәселелерге көп көңіл бөлмейтін. Кесілген ағаш орнына бірнеше жылдан соң басқа ағаш өсіп, ауланған балық орнын уылдырықтан өскен басқа балықтар толтырып, лайланған сулар өзен, көл, теңіз суларымен араласып тазарып жататын. Адамдардан келген залалды табиғат өз күшімен жойып, біртіндеп қалпына келетін.*

*Қазір жағдай тіптен басқаша болды. Ғылым мен техника жетістіктерімен қаруланған адамдар үлкен күшке айналды. Оның үстіне адамдардың саны көбейіп табиғат байлықтарын пайдалану бірнеше есеге өсті.*

*Адамдардың іс-әрекеті миллиондаған жылдар бойы қалыптасқан теңдестікті бұзып, қоршаған ортаны аздырып, енді өздерінің өміріне қауіпті бола бастады. Табиғи ортаны бұзудың, бүлдірудің мөлшері өте үлкен болғандықтан, жасалған зиянды табиғат өз күшімен жоя алмайтын, өздігінен бұрынғы қалпына келе алмайтын күйге түсті.*

**1- жаттығу.** Сендер тұратын жердің табиғаты онда адам тұрмаған кезде қандай болғанын көз алдарыңа елестетіп, сипаттап жазыңыздар.

**2- жаттығу.** Мына сұрақтар төңірегінде достарыңыздың пікірін біліңіз.

Адамдар табиғатты қалай өзгерткен:

а) қаншалықты күшті өзгеріске ұшыраған болмашы өзгерген, жаңа табиғат кешені жасалған т.б.

ә) қандай табиғат компоненттері өте көп пайдаланылады және күшті өзгеріске ұшыраған?

б) адамның өмірі мен мен еңбек етуіне барынша қолайлы жағдайлар туғызу үшін табиғатты қорғау және қалпына келтіру бағытында қандай шаралар қолданылуда?

**3- жаттығу.** Адамның табиғат байлықтарын ысыраппен пайдалануының нәтижесінде болған зардаптар жөнінде қандай деректер білесіздер?

**4- жаттығу.** Таусылатын, таусылмайтын ресурстарды жазыңыздар.

**5- жаттығу.** «Табиғаттың антропогендік себептерден бұзылуы» тақырыбына шығарма жазыңыздар.

## 5. Ауа

*Адамзат қоғамы – табиғатың бір бөлігі, онымен үнемі байланыста болған күнде ғана тіршілік ете алады. Адамның өмірі үшін ең қажетінің бірі – ауа. Өйткені барлық дерлік тірі организмдер атмосфералық ауамен тыныс алады. Адам тамақсыз бес жетіге, сусыз бес күнге, ал ауасыз бес минутқа ғана шыдай алады екен.*

*Жерді айнала қоршап тұрған газды қабатты «атмосфера» деп атайды. Жер бетіндегі тіршілік тек ауа бар жерде ғана болады. Күн сәулесінен келетін жарықты шашыратып, реттеп отыратын да – ауа.*

*Ең негізгі маңызды қорғаныш қабаты – озон. Ол – атмосфераның жоғары қабатында (20-50 км) күн радиациясы әсерінен түзілетін бір түрі.*

*Атмосфера Жердегі ауа райын белгілі бір қалыпта реттеп отырады. Ауада болып жатқан түрлі құбылыстар Жердің Күннен алған сәуле энергиясының әсерінен жүріп жатады. Күн сәулесінің әсерінен ең алдымен Жердің беті және мұхиттар жылынады. Соның нәтижесінде төменгі қабаты жылынады да, жоғарылаған сайын оның температурасы төмендей береді.*

*Күн сәулесі қуатының әсерінен су бұға айналып отырады. Міне, осы ылғалдықты Жер шарына таратуда атмосфералық ауаның атқаратын қызметі орасан зор. Күн сәулесі қуатының арқасында бу күйінде ауаға көтерілген суды атмосфера Жер шарының белгілі бір аудандарына жеткізіп, жаңбыр немесе қар күйінде жерге түсуін қамтамасыз ететін көлік қызметін атқарады.*

*Ауа табиғи және адамның іс әрекеті нәтижесінде ластанады. Ауаның табиғи жолмен ластануы вулкандар атқылауынан, тау жыныстарының үгітілуінен, шаңды дауылдардан, орман өрттерінен болады. Ауаның табиғи жолмен ластануы қандай дәрежеде өтсе де, атмосферадағы газдардың тепе-*

теңдігін бұза алмайды. Сол арқылы бір аймақта болған улы заттарды шалғай жатқан екінші аумаққа таратады. Ауаның төменгі қабатының ластануы негізгі тау жыныстарымен топырақтың беткі қабатының бұзылуынан да болады.

Адам қызметінің нәтижесінде ауаны ластау атмосфера үшін ең қауіпті. Оларға өндіріс, көлік, тұрмыстық қалдықтар т.б. жатады. Ауаның көбірек ластанатыны – төменгі қабаты. Себебі оған өндіріс орындарының шаң-тозаңдары күнде қосылып отырады. Сондықтан да атмосфералық ауаны ластамай таза ұстау – бүгінде барлық жұртшылықтың алдына қойылып отырған түбегейлі міндет.

(Қ.Ә.Әлімбетов).

1. Мәтінді оқыңыздар.

2. Орыс бөлімі студенттерінің мәтін мазмұны қаншалықты деңгейде түсінгендерін білу үшін мынадай сұрақтар қойылады. Мысалы:

Мәтінде не жайлы айтылады?

Мәтінде қандай мәселе көтерілген?

Мәтіннің жалпы мазмұны не туралы?

Бұдан кейін мәтіннің жеке бөліктері бойынша сұрақтар қойылады:

Ауа дегеніміз не?

Ауаның тірі табиғат үшін маңызы қандай?

Ауа қандай жолдармен ластанады?

Адам қызметінің арқасында ауаның ластануы ең қауіпті деп саналады.

Неге?

3. Тақырыпқа байланысты қосымша деректерді пайдаланып, хабарлама жасаңыздар.

4. Тақырыпқа жоспар құрыңыздар.

5. Мәтінді негізге ала отырып, өз қаламыздағы ауаның ластануы туралы баяндаңыз.

6. Ауа ластануының себептерін нақты мысалдармен айтыңыз.

7. Сіз болашақта ауаны таза ұстаудың қандай амал-тәсілдерін ұсынар едіңіз?

8. Студенттің шығармасын оқып, танысып, жалғастырыңыздар

*«Мен «экология» сөзінің мәнін енді ғана ұғынғандай болдым. Таудың етегіне салынған алып зауыт маған табиғаттың қас жауындай сезілді. Зауыт трубаларынан будақтай шыққан улы түтіндер адамның да, табиғаттың да тамырына балта шауып жатқан сияқты... Ойланайықшы, бұл сонда тірі табиғатқа өлім уын сеуіп жатқан бір ғана өнеркәсіп. Ал дүние жүзінде бұдан басқа жүз мыңдаған өндіріс орындары бар емес пе? Мен болашақты ойласам, көкірегімде қорқыныш сезімі билейді...».*

9. Біздің қаламыздың ауасын тазарту жобасын жасаңыздар.

10. Қазақ суретшісі Ә.Қастеевтің «Еділ жағасында» картинасын пайдалана отырып, өндірістің табиғатқа келтіретін пайдасы мен зиянын анықтап, шығарма жазыңыздар.

Мәтін.

## 6. Қоршаған табиғи ортаға зиян келтіру

Келтірілген зиян туралы факті анықталса, онда экологиялық жауаптылықтың туындауының жалпылама негізі болып табылады. Оның қоғамға қауіптілігінің ауырлығына байланысты қылмыстық және әкімшілік шараларын айырып көрсетуге болады. Сөйтіп, оның нормативті дәрежесі келтірілген зиянға байланысты құқықтық және құқықтық емес экономикалық жауаптылықтың арасындағы шектеуліктерді анықтаушы құрал ретінде қолданылады.

Зиян – арнайы ұғым. Зиян экономикалық, экологиялық, құқықтық (моральдық), мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық т.б. болады. Бұған қарамастан зиянның жалпы ұғымының негізінде экономикалық факторлар жатыр. Осының негізінде зиян ұғымы экономикалық қатынастарды реттеуші азаматтық заңдармен реттелуі тиіс. Азаматтық заңдар бойынша зиян біртекті ұғым, ал «залал», және «шығын» оның құрамдас бөліктері болып табылады.

Экологиялық зиян экономикалық зиянмен өзара байланысты. Оның екеуінің шығу қайнар көздері де, тәсілдері де бірдей. Мысалы, су қоймаларының ластануы тек судың ғана сапасын төмендетпейді, оның ішіндегі тауарларға да: балықтарға, су жануарларына, жәндіктеріне зиян келтіреді, су жағалаулары, туристік демалыс орындары жарамсыз болып қалады. Жалпы ереже бойынша экономикалық зиян келтіру салдарынан экологиялық зиян туындайды. Экологиялық-құқықтық жауаптылыққа зиян келтірілгені туралы факт болса ғана есептелінеді. Экономикалық зияннан экологиялық зиянның бірден-бір ерекшелігі – ол қалпына келтірілетін, қалпына келтірілмейтін немесе қалпына келтірілуі қиын болып табылады. Экологиялық зиянды ақшалай бағалау – бұл бұл тек қана табиғат ортасы мен бұзылған табиғат ресурстарын қайта өндіруге кеткен шығын ғана емес, экономикалық шығындарды да есептеу.

Экологиялық зиянның ерекше түрі адамға, оның денсаулығына, болашаққа негативті әсер етумен келтірілген антропогендік зиян болып табылады. Оның құрамы бойынша экологиялық және генетикалық зияндарды бөліп көрсетеді (Е.Баянов).

**Жаттығулардың мақсаты:** жаңа термин, сөздермен танысу, студенттердің ойлау қабілетін, кәсіби білімін жетілдіру.

**Жаттығулардың тиімділігі:** студенттердің сөздік қоры молаяды, шешім қабылдай білуге дағдыланады.

**1- жаттығу.** Мәтінді оқыңыз. Сұрақтарға жауап әзірлеңіз.

*Зиян* сөзін қалай түсіндіресіз?

Зиянның қандай түрлері бар?

Экологиялық зиян мен экономикалық зиянның арақатынасы, айырмашылығы неде?

Антропогендік зиянның зардаптары қандай?

**2- жаттығу.** Мына сөздердің синонимдік қатарын тізіп жазыңыздар.

*Зиян, ұғым, сапа, салдар, болашақ.*

**3- жаттығу.** Бұл сөздерге байланысты сұрақтар әзірлеп, досыңызбен сұхбаттасыңыз.

**4- жаттығу.** Сұхбатты толықтырыңыздар.

а) –Ерлан, сен осы қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін қандай іс-шара жүргізуді жөн деп санайсың?

– ...

ә) –Алуа, Орманда өрт қауіпсіздігінің ережелерін бұзудың нәтижесінде қандай зияндар болады?

– ...

**5- жаттығу.** Қалпына келтірілетін, қалпына келтірілмейтін немесе қалпына келтірілуі қиын экологиялық зияндарға байланысты күнделікті ақпарат көздерін пайдалана отырып, бірнеше мысал айтыңыздар.

**6- жаттығу.** Кәсіпорынның қоршаған ортаға келтіріп жатқан зиянын нақты дәлелдер келтіре отырып, «Атамекен» газетіне хабарлама жазыңыздар.

## 7.Мәтін

Жоңғар басқыншылары өрттей қаптап, қазақ жерін таптап келе жатады. қамсыз малын бағып отырған ел тым-тырақай босып, үдере көшеді. Сонда жалғыз-ақ бір үй түтінін түтетіп отыра береді. Жоңғар қоңтайшысы батырларын жұмсап:

– Анау жалғыз үй неғып көшпей отыр, барып біліп келіңдер! – дейді. Келсе, ол – Төле бидің үйі екен. Жоңғар жігіттері әкіреңдеп:

– Жұрттың бәрі көшіп кеткенде, сен кімсің, неғып отырсың?! – дейді.

– Жігіттер, сабыр етіңдер! Алдымен үлкен кісіге сәлем қайда?

Әдет-дәстүрден бір сүрінген олар, сәлем беріседі.

– Енді тыңдаңдар, – деп сөз бастайды, Төле би, – Шаңырағыма қарлығаш ұя салып еді. Сол құс қашан сарыауыз балапандарын қанаттандырып өргізіп, кеткенше мен еш жаққа көшпеймін. Қарлығаш – қасиетті құс, адам баласының досы. Сендер білесіңдер ме, ертеде дүние жүзін топан су қаптағанда, Нұх пайғамбардың кемесін суға батудан аман алып қалған – осы қарлығаш! Адам баласына қастандық жасамақ болған жыланнан да қорғап қалған – осы қарлығаш! Мен жау келді деп, үйімді жығып, оның ұясын бұзып, балапандарын шырылдатар жайым жоқ! Сендердің де бала-шағаларың бар. Сендерді жұмсап отырған ханның да бала-шағасы бар. Сонда бала-шағаларыңды ұлатып-шулатып, қырып, қырғын-сүргін қылып жатса, жақсы көресіңдер ме? Бар, хандарыңа осы сөзімді айтып барыңдар!

Жоңғар жігіттері барып Төле бидің осы сөзін айтса, қоңтайшысы:

– Ол әулие адам екен, оған тимеңдер, оның төңірегіндегі елін де қозғамандар! – депті. Содан былай Төле би «Қарлығаш әулие» атанып кетіпті.

**Жаттығулардың мақсаты:** сөйлемнің айтылу мақсатына байланысты түрлерін меңгерту.

**Жаттығулардың тиімділігі:** сөйлемдерді нақышына келтіріп айтуға, тыныс белгілерін дұрыс қоюға дағдыланады.

**1-жаттығу.** Мәтінді рөлдермен оқыңыздар.

**2- жаттығу.** Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер:

а) Аңыз не туралы?

ә) Қарлығаш неге киелі құс саналады? Ол туралы не білесіздер?

б) Қарлығаштан басқа қандай киелі құстар мен жануарлар бар?

в) «Киелі» сөзін қалай түсіндіресіз? (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін қараңыз).

**3- жаттығу.** Мәтіннен бұйрықты сөйлемдерді тауып, оқыңыздар. Айтылу мәнеріне назар аударып, жасалу жолына түсінік беріңіздер.

**4- жаттығу.** Мәтіндегі сұраулы сөйлем мен хабарлы сөйлемдердің интонациясындағы айырмашылықты айтыңыздар. Сұраулы сөйлемдердің жасалу жолданы көрсетіңіздер.

**5- жаттығу.** Сұраулы сөйлемдерді хабарлы сөйлемге айналдырып жазыңыздар.

**6- жаттығу.** Мәтіндегі қос сөздерді тауып, түріне ажыратыңыздар.

**7- жаттығу.** Мәтінді тірек ретінде алып, киелі аң-құстар туралы шағын әңгіме құрастырып жазыңыздар.

## **8. Табиғатты және оның құрамдас бөліктерін құқықтық қорғау**

Мемлекет және қоғам түрлі биологиялық, химиялық, физикалық, санитарлық-гигиеналық және басқа да әдістерді қолдана отырып, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етеді. Қоршаған табиғи ортаны құқықтық қорғау – бұл мемлекеттің экологиялық функциясы болып табылатын табиғатты қорғау қызметінің бір әдісі. Ол қоршаған табиғи ортаны қорғауға бағытталған заңдарды, қаулыларды, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді шығарудан және қолданудан тұрады. Біздің мемлекетімізде «Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы», «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңы, «Экологиялық сараптама», «Жер туралы» Заң, Орман, Су кодекстері және басқа да нормативтік актілер қабылданды.

Қоршаған ортаны қорғау – бұл табиғат пен адамның өзара үйлесімді іс-қимылына, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен толықтыруға бағытталған және қоғамдық шаралар жүйесі.

Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жойып жіберуден, бүлінуден, зақымданудан, азып-тозудан, ластанудан, ұтымсыз пайдаланудан және өзге де зиянды ықпал етуден жер, оның қойнауы, су, атмосфералық ауа, ормандар мен өсімдіктер, жануарлар дүниесі, табиғи экологиялық жүйелер, климат және қоршаған ортаның мәдени құнды объектілері, сондай-ақ айрықша қорғалатын табиғи аумақтар да ерекше қорғауға жатады.

Қоршаған табиғи ортаны қорғаудың құқықтық әдісіне мыналар жатады:

- қорғауға жататын табиғи объектілерді белгілеу;
- табиғат объектілерін қорғауды бекітетін, шектейтін, рұқсат беретін міндетті ережелер мен талаптарды анықтау;
- олардың сақталуы мен орындалуын бақылау;

- қоршаған табиғи орта заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік және шығындарды өтеу шараларын жүзеге асыру (Е.Баянов).

**Жаттығулардың мақсаты:** болашақ экологтардың құқықтық білімін кеңейту.

**Жаттығулардың тиімділігі:** студенттер экологиялық құқық негіздерін пайдалана отырып, түрлі жағдаяттарды шешуге, шешім қабылдауға дағдыланады.

**1- жаттығу.** Экологиялық құқық бұзушылыққа туралы Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің (30.01.2001 ж.) 19-тарауына өз тараптарыңыздан не қосар едіңіз?

**2- жаттығу.** «Экоцид» сөзін қалай түсінесіз? Бірнеше мысал айтыңыз.

**3- жаттығу.** Мәтіннен бірыңғай мүшелерді табыңыздар.

**4- жаттығу.** Төмендегі жағдаяттарды шешіңіздер.

а) Кәсіпорын пайдалы қазбалар өндіру кезінде фосфорит, шыны құмын т.б. қалдықтарды қоршаған ортаға тастады. Табиғи ресурстарды осылай пайдалану заңды ма?

ә) Аңшылыққа лицензиясы болмағандығына қарамастан, азамат Н.Жабайханов бұғыны атып өлтірді және ол үшін ұсталды. Н.Жабайханов қандай жауапкершілік түріне тартылуы тиіс?

б) Өзінің тазарту құрылғыларының жарамсыздығынан цемент зауыты қоршаған ортаны ластады. Бұл жағдайға байланысты қандай шаралар қолданылуы тиіс?

в) Жергілікті әкімшілік шешімімен зообақ салу үшін жер учаскесі бөлінді. Бұл аумақ тұрғындарының қарсылығының негізінде сараптама өткізілді. Сараптама нәтижесі кері сипатта болды. Бұған қарамастан, зообақ құрылысы басталып кетті. Жергілікті тұрғындар әкімшіліктің шешімін заңсыз деп тану талабымен сотқа шағымданды. Сіздің ойыңызша, сот қандай шешім қабылдайды?

**5- жаттығу.** Экологиялық нормативтік актілер мен заңдарды пайдалана отырып, «Экология және жалпы адамзат бағасы» тақырыбына баяндама дайындаңыздар

## 9.Қазақстан – экологиясының атасы

Қазақстан экологиясының негізін қалаушы – есімі бүкіл дүние жүзіне белгілі эколог-ғалым, саяхатшы, жазушы, философ, қыл қалам шебері Павел Иустинович Мариковский. Ол 1912 жылы Хабаров өлкесінде ауыл мектебі мұғалімі отбасында дүниеге келді. Бала кезінен сол өлкенің көрікті де бай табиғатын тамашалап, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін бақылаумен әуестеніп өсті.

1931 жылы Хабаровск қаласындағы алғаш ашылған Қиыр Шығыс медициналық институтына оқуға түсті. Табиғатқа жаны құмар студент төрт жыл бойы өзі оқып жүрген институттың жалпы биология кафедрасында лаборанттық, ал соңғы жылдары кіші ғылыми қызметкер болып қызмет істейді. Осы кезде өз бетімен табиғат аясында жануарлар туралы ғылыми жұмыстармен

шұғылданып, 19 жасында 1932 жылы «Қиыр Шығыс өлкесінің пайдалы құстары» кітабын баспадан шығарған болатын.

1939 жылы Өзбек ССР микробиология және эпидемиология институтына кіші ғылыми қызметкер болып орналасады. Осы қызметінде жүріп улы қарақұрттың биология-экологиясын зерттеумен шұғылданып, не бәрі бір жарым жылда биология ғылымдарының кандидаттығы дәрежесіне диссертация қорғайды. 1941 жылы жас ғалым-биолог, дәрігер-хирург әскер қатарына алынады. Әскери борышын өтеп келген соң П.И.Мариковский Қазақ ССР Ғылым академиясының зоология институты жанында этномология лабораториясының меңгерушісі қызметіне алынады.

1950 жылы Ленинград қаласында биология ғылымдарының докторы дәрежесіне диссертация қорғап, көп ұзамай профессор атағына ие болады. Осы аталған қызметінде жүрген кезінде қазақстан биоэкологиясын жан-жақты зерттеу жұмыстарына әріптестерін, аспиранттарын жұмылдыра қатынастырып, ғылымға айтарлықтай үлес қосты. Ол 24 биология ғылымдары кандидатын, 5 ғылым докторын дайындады.

П.И.Мариковский – 150 ғылыми жұмыстың, екі монографияның, 250-ден артық газет мақалаларының авторы, 58 ғылыми көркем кітаптың авторы. (С.Төребаев).

**Жаттығулардың мақсаты:** лексикалық тұлғаларды сауатты меңгеріп, сауатты жазып, дұрыс сөйлеуге үйрету.

**Жаттығулардың тиімділігі:** студенттердің еркін тілдік қатынас жасауға дағдыланады.

**1- жаттығу.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз:

а) Павел Иустинович Мариковскийдің «Қазақстан экологиясының атасы» деп аталуының себептері қандай?

ә) П.И.Мариковскийдің эколог мамандығын таңдауына не себеп болды?

б) П.И.Мариковскийдің қандай еңбектерімен таныссыз?

в) Сіздің бұл мамандықты таңдауыңызға кім, не әсер етті?

г) Экологтың бойында қандай қасиеттер басым болуы керек?

д) Қазақстан экологиясының дамуына үлес қосқан ғалымдарды атаңыздар.

**2- жаттығу.** Көршіңізбен экологияның шығу тарихы жөнінде әңгімелесіңіз.

**3- жаттығу.** Мамандығыңыз жөнінде көршіңізбен сұхбат құрыңыздар.

**4- жаттығу.** Экология тарихына байланысты 10 викториналық сұрақ дайындаңыз.

**5- жаттығу.** Мамандығыңызға байланысты бірнеше мақал-мәтел жазыңыз.

**6- жаттығу.** «Мамандығым – мақтанышым» тақырыбына шығарма жазыңыз.

## 10.Мәтін

Қоршаған ортаға енген немесе шектен тыс мелшерде пайда болған және ортаны ластайтын кез келген физикалық агенттер, химиялық заттектер және биологиялық микроорганизмдер ластағыштар деп аталады. Ластағыштардың қоршаған ортаға әсері физикалық, химиялық қасиеттеріне, олардың ыдырауы арқылы пайда болған өнімдердің қасиеттеріне және қоршаған ортаға тасталған әр



түрлі өндіріс шығарындыларының мөлшеріне байланысты. Ластағыштардың атмосферада таралуын анықтайтын ең негізгі параметрге олардың атмосферада болатын уақыты жатады. Осыған байланысты ластағыштар үш түрге бөлінеді: әлемдік, аймақтық және жергілікті көлемде ластайтындар. Атмосфераға газ тәрізді ластағыштар мен аэрозольдар түгін мұржалары, аэрациялық шаң тартқыштар және әр түрлі желдеткіш қондырғылары арқылы тасталады. Ластағыштардың ауада таралуы мен мөлшері көздердің биіктігіне байланысты. Мыс, атмосферада әр түрлі газдардың концентрациясы өсуде. Өнеркәсіп маңайындағы топырақта әр түрлі ластағыш заттектердің, әсіресе ауыр металдардың, хлорорганикалық қосылыстардың, көмірсутектердің, т.б. концентрациясы өсуде. Қоршаған ортадан және ластанған азық-түлікті пайдалану есебінен тірі организмдерде ластағыштар жиналады. Ластағыш заттектер организмнен толық шығып үлгермейді. Бұл құбылысты биоаккумуляция деп те атайды. Ластағыштар адам организміне ас қорыту жолы арқылы ғана емес, тері және өкпе арқылы да өтеді (А.Ж.Ақбасова).

**Жаттығулардың мақсаты:** Студенттердің мамандығы бойынша білімдерін кеңейтіп, тіл байлығын, сөздік қорын байыту.

**Жаттығулардың тиімділігі:** Студенттер емін-еркін тілдік қатынасқа түсу дағдысы қалыптасады.

**1- жаттығу.** Экология терминдерінің түсіндірме сөздігін пайдалана отырып, төмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

Ластағыштар, газдар концентрациясы, биоаккумуляция, физикалық агенттер, химиялық заттектер, биологиялық микроорганизмдер, аэрациялық шаң тартқыштар, желдеткіш қондырғылары.

**2- жаттығу.** Мамандыққа байланысты термин сөздерге байланысты көршіңізге бірнеше сұрақ дайындап, өзара сұхбаттасыңыз

**3- жаттығу.** Ластағыштардың адам организміне өту схемасын сызыңыздар.

**4- жаттығу.** Гиннестің рекордтар кітабын пайдалана отырып, табиғаттың антропогендік себептерден ластануына байланысты бірнеше мәлімет жазыңыздар

**5-жаттығу.** «Егемен Қазақстан» газетінің 2003 жылғы 19-желтоқсандағы санындағы О.Елубайдың «Өскеменнің үстіндегі қара түнек» мақаласы бойынша пікір жазыңыздар.

## 11.Рөлдік ойындар

**а).** «Экология және денсаулық» халықаралық конференциясы

**Рөлдер:** эколог-баяндамашылар, рецензент, провокатор, шолушы, жетекші.

**Өткізу формасы:** топтық, ресми.

**Қажетті дағды:** ресми тілдік қатынас.

**Ойынның мақсаты:** Студенттердің кәсіби құзіретін қалыптастыру.

**Дамытушылық мақсаты:** қазақша кәсіби сөйлеуін, ой-өрісін кеңейту, ізденушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Тәрбиелік мақсаты:** Кәсіби мәдениеттілікке, әдептілікке үйрету.

**1-кезең** – ұйымдастыру кезеңі. Рөлдік ойынның мақсаты мен міндеті хабарланады. Рөлдер бөлінеді:

баяндамашылар аталған мәселе бойынша дайындалып, баяндамаларын оқиды;

рецензент баяндамашылардың тақырыбын толық ашуға көмектесіп, баяндамада көтерілген мәселенің жетістігі мен жетімсіз тұстарын көрсетеді;

провокактор (қыздырушы, арандатушы) қарсы топтағы студенттерге сұрақ қояды (ол 2-3-тен аспауы керек);

шолушы (визуализатор) баяндамадағы ұтымды ой, пікірлерді тіркеп, есептеп отырады;

жетекші өз тобындағы әрекетті жағдайға сай бағыттап отырады.

**2-кезең** – негізгі кезең. Ойынның шартына қарай өткізіледі. Студенттер таңдаған мәселесіне қарай жұптасып (топтасып) отырады, баяндамашы 5-7 минут сөйлейді.

Баяндамашылардан кейін сыншы шығып сөйлейді. Топтағы студенттердің барлығы да баяндамашының мүдірген сұрақтарына жауап бере алады.

**3-кезең** – қорытынды кезең. Сауалдарға жауап берілген соң қорытынды шығарылады: баяндама, сын, сұрақ, жауаптардың ұпайы есептеледі. Қорытынды кезеңде оқытушы студенттердің жауабын толықтыра отырып, кімге не үшін ынталандыру ұпайын беруге болатынын шешеді. Мәселен, баяндаманың сонылығына, пайдаланылынған көрнекілігіне қарай және т.б. Тіркеушілердің есеп карточкасы көпшілікке, яғни топқа жарияланып, әрбір студенттің жетістігі, жинаған ұпайы шығарылып, хабарланады. Белсенді қатысқан студенттер, топтар ерекше аталып өтеді.

**Күтілетін нәтиже:**

- студенттердің шешіле сөйлесуге, ойын еркін жеткізуге дағдыланады;
- ойынға шығармашылықпен қатысуға үйренеді;
- оқу материалын тереңірек зерттеуге ұмтылады;
- қарсы топқа неғұрлым қиын сұрақтар қоюға тырысады.

Қарым-қатынастық ойын барысында оқытушының міндеті өзгеріп отырады. Кейде оқытушы ойын басында ақпарат беруші міндетін атқарса, кейде ұйымдастырушы, кеңесші де болады, ең соңында ойынды талдап, оған қатысқан топтың және жекелеген студенттің өзіндік әрекетіне баға береді.

### ә) Ойынның тақырыбы: «Кім кінәлі?»

**Рөлдер:** сот төрағасы, зауыт жұмысшысы, экология және қоршаған ортаны қорғау министрі, «Атамекен» газетінің тілшісі, «Қазфосфат» зауытының басшысы, эколог-сараптамашы, тергеуші

**Өткізу формасы:** топтық

**Қажетті дағды:** топ алдында сөйлеп үйрену.

*Ойынның мақсаты:* мамандығына байланысты әлеуметтік қатынас, ақпараттық ізденіс, сұрақ қою, жауап алу, жауап беру, айыптау сияқты әдістерді қолдануға дағдыландыру.

*Дамытушылық мақсаты:* студенттердің кәсіби қарым-қатынасы негізінде қазақша сөйлеуін дамыту, жетілдіру.

*Тәрбиелік мақсаты:* Мамандығына байланысты мәселелерді ұқыптылықпен шешуге, дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу.

Газет редакциясына «Қазфосфат» фосфор зауытының жұмысшысы келеді. Қолында жазылған мақаласы бар (Облыс тұрғыны С.Әлібайдың «Жамбыл-Тараз» газетінде қала экологиясы туралы жазған «Қала үстін көк түтін көмкеруде» атты мақаласы)

**Күтілетін нәтиже:**

- мамандығына байланысты табиғатқа зиян келтірген өндіріс орындарының залалын анықтауға, оларды дәлелмен айыптауға үйретіледі;
- кәсіби әдебі, сөйлеу құзіреті қалыптасады;
- өз көзқарасын, ойын дәлелдеп жеткізуге үйренеді.

**б) Ойынның тақырыбы: «Арал мәселесі»**

Ойын диссертация қорғау ережесі бойынша өтіледі.

**Рөлдер:** кеңес төрағасы, мүшелері, ғылыми хатшы, ізденуші-экологтар, оппоненттер.

**Өткізу формасы:** топтық, ресми.

**Қажетті дағды:** ресми түрде сәлемдесу, кешірім сұрау, рахмет, алғыс айту, өтініш білдіру және қабыл алмауды, келіспеушілікті әдептілікпен жеткізе білу. Яғни ресми қарым-қатынас жасай білуге дағдыландыру.

*Ойынның мақсаты:* көпшілік алдында сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

*Дамытушылық мақсаты:* студенттердің болашақ мамандығына деген қызығушылығын ояту.

*Тәрбиелік мақсаты:* болашақ эколог мамандардың елін, жерін сүйуге, табиғатын аялай, сақтай білуге тәрбиелеу.

Бұл ойын өтерден кем дегенде екі апта бұрын оқытушы студенттерге сабақтың тақырыбын беріп, оның «диссертация қорғау» түрінде өтілетіндігін айтып, ойын тәртібімен таныстырады. Сол сабақта «ізденушілер» және әр ізденушінің «оппоненттері» және «ғалым-хатшы» сайланады. «Ізденушілердің» диссертациялық жұмысының тақырыптары, пайдаланылатын әдебиеттер тізімі беріледі. Топтың барлық студенттері де осы тақырып жөнінде дайындалып келулері тиіс. Ізденушілер дайындаған екі-үш беттік «диссертациялық жұмысын» алдын ала «оппоненттеріне» оқытып алады. Ал «оппоненттер» «ізденушілер» сөйлеп, сұрақтарға жауап бергеннен кейін олардың жұмысының жетістік, кемшілігі жөнінде пікірлерін айтады.

«Ғалым хатшы» «ізденушілермен» олардың диссертациялық жұмысының тақырыбымен, регламентпен таныстырып, сөз береді. Әр «ізденуші» 4-5 минуттан сөз алады. Одан кейін «кеңес мүшелері» «ізденушіге» сұрақ қояды. «Ізденушілер» жауап беруге тырысады. Ал кейде ізденушілер қиналған жағдайда (кейде мәселеден тыс сұрақтар да қойылуы мүмкін) «кеңес төрағасына», яғни оқытушыға жауап беруге рұқсат етіледі. Бірақ оқытушы жауапты бірден өзі айта салмай, студенттерді ойландыра отырып, өздеріне

тапқызуға тырысады. Топтың барлық мүшелерін қатыстыру мақсатында сөз «бейресми оппоненттерге» де беріледі. Одан кейін «кеңес мүшелерінің» жасырын дауыс беруі өткізіледі. Барлық «кеңес мүшелеріне» ғалым хатшы бес балдық бағамен бағалауға тиісті бюллетень таратып береді. Соңында «есептеу комиссиясының» нәтижесін (білімдерін бағалау) «кеңес төрағасы» оқып, жеңімпаздарды құттықтайды.

#### **Күтілетін нәтиже:**

- студенттер өз бетінше ізденіп, ақпарат жинау, сараптау, салыстыру дағдылары қалыптасады;
- қойылған сұрақтарға өз ой-пікірі бойынша жауап беруге тырысады;
- топ алдында сөйлеу дағдысы қалыптасады;
- топтың барлық студенттері түгел қатыстырылады.

## **12. Викторина**

**Викторина** - бүкіл топ болып та, бірнеше топқа бөліну арқылы да жүргізілетін сұрақтарға жауап ойыны. Викторина ойыны арқылы студенттердің танымдық қызығушылықтары оянып, дамиды. Бұл ойынға қатысу үшін берілетін сұрақтар бойынша студенттер кітаптар оқып, құнды ақпараттар жинауы тиіс, өтілген материалдарды еске түсіруі немесе есте сақтауы керек.

Викторина студенттердің білімінің беріктілігіне негіз болады, оларды тапқырлыққа, жинақылыққа, алғырлыққа баулиды.

Викторина ойынын дәрісханада түрліше өткізуге болады. Мысалы:

- 1) сұрақтар ауызша қойылады, студенттер сол мезетте жауап беруі тиіс;
- 2) сұрақтар жазбаша түрде беріледі, студенттер оған сол бойда жауап береді;
- 3) сұрақтар алдын ала беріледі, белгіленген мерзім ішінде студенттер оған жазбаша жауаптар дайындайды.

Мысалы:

1. Ең алғаш «экология» терминін қолданып, оған ғылыми анықтама берген ғалым (1886 ж. неміс ғалымы Э.Геккель).

2. «Жануарлар экологиясы» еңбегінің авторы (1912 ж. неміс зоологы Р.Гесе).

3. «Өсімдіктер географиясының экологиясы» еңбегінің авторы (1896 ж. дат ботанигі Е.Варлинг).

4. АҚШ-та «Экология» журналы қашан жарық көрді? (1920 ж.).

5. Англияда «Экология» журналы қашан шықты? (1931 ж.).

6. Ғылымға «экожүйе» ұғымын енгізген ғалым (1940 ж. А.Тенсон).

7. Ең алғашқы «Экология негіздері» оқулығы қашан жарық көрді? Авторы кім? (1955 ж. Ю.Одумнің дүние жүзілік білім жүйесінде күні бүгінге дейін маңызын жоймаған «Экология негіздері» жарық көрді және орыс тіліне аударылды).

8. ЮНЕСКО ұйымы қашан құрылды? Оның негізгі бағыты қандай? (1953 ж. БҰҰ жанынан білім, ғылым мәселелері бойынша ЮНЕСКО құрылды).

Негізгі бағыт – қоршаған ортаны қорғау, мұражайлар мәдениетін дұрыс жолға қою).

9. Табиғи ресурстар және табиғатты қорғаудың халықаралық одағы (МСОП) қашан құрылды? (1968 ж. құрылып, алғаш халықаралық «Қызыл кітап» жарық көрді)

10. Қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық күні (1973 ж. Стокгольм қаласында БҰҰ ұсынысы бойынша қоршаған орта туралы Бірінші халықаралық конференция болды. 5 маусым «Қоршаған ортаны қорғау күні» деп белгіленді)

11. Дүние жүзі экологтарының Бірінші халықаралық конгресі қашан болды? (1974 ж. Гааге қаласында (Нидерландия) дүние жүзі экологтарының Бірінші халықаралық конгресі болды. Негізгі мәселе – экожүйелерді зерттеу, антропогендік факторлардың әсерін анықтау).

12. Қазақстанда «Қызыл кітап» қашан жарық көрді? (1980 ж.).

13. Чернобыль атом станциясы қай жылы апатқа ұшырады? (1986ж. сәуір).

14. Қазақстан Республикасының «Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы» Заңы қашан қабылданды? (1991 ж. шілде).

15. Арал аймағындағы экологиялық жағдайды жақсарту туралы бағдарлама қашан қабылданды? (1994 ж.).

16. Семейде неше жарылыс болды? (465).

17. Семейдегі алғашқы сынақ қашан болды? (1949 ж.).

18. «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы қашан пайда болды? Оны ұйымдастырған қайраткер (1989 ақпан. О.Сүлейменов).

19. Семей полигонының жалпы аумағы қанша шақырым? (18 500 шақырым).

### 13.Поэзиялық шығармалармен жұмыс

Ш.Сариевтің «Ұсыныс» өлеңі бойынша мынадай жұмыстар жасалды.

#### Ұсыныс

Қызыл Кітап, Қызыл Кітап тізімі,  
Жылдан жылға азаюда қызығы...  
Азайды аққулар да, қырандар да,  
Ақ бөкен, ерке жүйрік бұландар да,  
Жоғалып бара жатыр талай гүлдер,  
Тұқым, тамыр үзілсе қалай бүрлер?  
Құрдымға кеткені ме, өткені ме,  
Даланың қайран отты шөптері де,  
Өлкенің талы үшін де, шөбі үшін де,  
Даланың гүл, құстары, аңы үшін де,  
Бекітуін сұраймын ұлы елімнен,  
Ұсынамын ақындық жүрегіммен,  
Ең алдымен, өмірде, ең алдымен,  
Адамдардың өзі кеп бас иетін,

Кішіпейіл, пәк адам мінездерін,  
 Инабатты, ибалы қасиетін,  
 Ізеттілік, мейірбан аталатын,  
 Табиғатқа табиғи махаббатын,  
 Табиғатқа тәңірдей бас иетін,  
 Жоғалтып бара жатыр қасиетін,  
 Жер атынан, құдіретті Күн, Айдың,  
 Қызыл кітапқа ендіруін мен сұраймын.  
 Жылдан жылға көбеюде қызығы,  
 Қызыл Кітап, Қызыл Кітап, Қызыл Кітап тізімі.

Өлеңді талдауда Б.С.Блумның ұсынған таксономиясы бойынша мына кесте қолданылды:

3-кесте – Б.С.Блум таксономиясы бойынша өлең талдау

Өлеңді талдау кезеңдері	Орындалатын жұмыстар
1	2
Білім	Өлеңде қандай мәселелер көтерілген? «Қызыл кітап» деген не? Қазақстанда «Қызыл кітап» қашан жарық көрді? Ақын өлеңде жойылып бара жатқан қандай аң-құстарды және өсімдіктерді атайды?
Түсіну	«Қызыл кітаптағы» тізімдер қатарының жыл сайын көбеюін немен түсіндіресіздер? Ақын өлеңін не себептен «Ұсыныс» деп атаған?
Қолдану	Ақын көтеріп отырған мәселенің маңыздылығы қандай? Республикамызда жойылуға жақын қалған немесе жойылып кеткен қандай пайдалы өсімдіктер мен жан-жануарларды білесіздер? Олардың жойылуына кім, не кінәлі деп есептейсіздер? Азайып бара жатқан өсімдіктер мен жануарларды көбейтудің қандай жолдары бар?
Талдау	Өлеңдегі «тұқым, тамыр үзілу», «даладай кең пейіл», «кұрдымға кету», «ізеттілік», «пәк», «биязылық», «қасиет», «бас ию» тәрізді сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашып, талдаңыздар. Ақын «ұсынысына» өз тараптарыңыздан не қосар едіңіздер?
Жинақтау	Ақынның «Қызыл кітапқа» адам мінездерін енгізуді өтіну себебін түсіндіріңіздер. «Қызыл кітап» тақырыбына шағын шығарма жазыңыздар.
Баға	Өлеңге рецензия жазыңыздар. Ақын өлеңінің маңыздылығы неде? Өлеңнен алған әсеріңіз негізінде өз ойларыңызды айтыңыздар.

## 14. Пікірталас

Мысалы: пікірталастың тақырыбы: **«Қазақстандағы радиациялық жағдай».**

1. Радиациялық ластану – әлемдік мәселелердің бірі.
2. Семей ядролық полигоны.
3. Қошқарата улы көлі проблемасы.
4. Халық шаруашылығы мәселелерін шешу мақсатындағы жерасты ядролық жарылыстары.

5. Радиоактивті материалдарды пайдаланылатын атомдық кәсіпорындар.

6. Радиоактивті қалдықтар.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Мұса С. Семей полигоны // Егемен Қазақстан, 2000 ж., 26 шілде.
2. Шілдебаев Ж. Қызықты экология. РБК. Алматы. 2000. -171 б.
3. Нығметуллаев М. Қошқарата улы көлінің радиациялық зардабы қашан жойылады? // Атамекен. 2003, 5 көкек.
4. Құлиев Ж. Атом азабын тартудай-ақ тартқан еліміз енді радиоактивтік қалдықтармен былғанса не болмақ? // Заң, 2003, №26, 26-31 б.
5. Бозтаев К. Семей полигоны. Қайнар қасіреті. Алматы: Қазақстан. 1997. – 296 б.

## 15. «Гидросфераның ластануы»

«Гидросфераның ластануы» мәтіні бойынша мынадай жаттығулар беріледі:

**1-жаттығу.** Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлем құрап жазыңыздар.

Деңгей, ауа-райы, құрлық, су қоры, су көзі, жер беті.

**2-жаттығу.** Мәтінді мазмұндаудың жоспарын құрыңыздар. Мазмұндауға қажетті тірек сөздерді теріп жазыңыздар.

**3-жаттығу.** Мәтіндегі негізгі ойды баяндауға қажетті тезис дайындаңыздар.

**4-жаттығу.** Мәтін мазмұнына байланысты сұхбат құрастырыңыздар.

**5-жаттығу.** Мәтінге байланысты қандай мақал-мәтел, қанатты сөздер білесіздер?

**6-жаттығу.** Мына берілген мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңіздер:

Бидің жолы – ақ, судың жолы – сара.

Жеті күнгі жаңбырдан, желіп өткен су артық.

Су ішкен құдығыңа түкірме.

Сулы жер – нулы жер.

Көлдiң көркі – құрақ, таудың көркі – бұлақ.

Су анасы – бұлақ.

**7- жаттығу.** Жалғастырып жазыңыздар.

Су пайдалы...

Су зиян...

**8- жаттығу.** «Судың да сұрауы бар» деген тақырыпта пікірталас жүргізу.

**9- жаттығу.** Газеттік материалдар негізінде Қазақстан өзен-көлдерінің экологиясы туралы мәліметтер даярлаңыздар.

**10- жаттығу.** «Су – тіршілік бастауы» деген тақырыпта шағын шығарма жазыңыздар.

## ҚОСЫМША ЖАТТЫҒУЛАР

**1- жаттығу.** Төмендегі берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып сөйлем құрастырыңыздар:

*Табиғи ресурс, тұрмыстық қалдық, экологиялық дағдарыс, қоршаған орта, зиянды заттар, өсімдіктер дүниесі, су қорлары, жер байлығы, ауаны ластаушы көздер.*

**2- жаттығу.** Мәтінді оқып, асты сызылған сөздердің синонимін тауып жазыңыздар.

Өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жинау, өңдеп іске жарату кезек күттірмейтін мәселе болып табылады. Бұларды іске асырмайынша қоршаған ортаның ластануын тоқтату мүмкін емес.

Өзендерге, көлдерге, теңіздер мен мұхит суларына күн сайын мыңдаған тонна өндірістік қалдықтар мен лай сулар құйылып, қалалардың үстін түтінді тұман жауып тұрса, ормандар жойылып, жер беті айқыш-ұйқыш қазылып жатса, радиоактивті қалдықтар өсімдіктер мен жануарларға жиналып, олардан адамдарға өтіп, өлім-жітім, ауру-сырқау көбейсе – мұны экологиялық дағдарыс, төнген үлкен қауіп деп түсіну керек ((Ғ.Сағымбаев).

**3- жаттығу.** Экологияға қатысты мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді жазыңыздар.

**4- жаттығу.** Мақал-мәтелдердегі көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыздар.

Батыр туса, ел ырысы,

... жауса, жер ырысы.

... – ырыстың кіндігі.

Дала көркі – мал,

Өзен көркі –...

... көрсең, көзін аш.

Қажетті сөздер: жер, тал, бұлақ, жаңбыр.

**5- жаттығу. 7-** суретке тақырып қойып, мәтін құрастырыңыздар.





7-сурет

**6-жаттығу.** 7-сурет бойынша бірнеше сұрақ дайындап, досыңызбен сұхбаттасыңыз.

**1-жаттығу.** Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін орфоэпиялық норма бойынша дауыстап оқыңыздар. Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы айырмашылықтарды түсіндіріңіздер:

*тұщы суқойма, тұтанғыш газдар, тұндырғыш, өлі заттек, өнеркәсіптік ластану, қырылу, жанбайтын қалдық, жұмсақ су, көбею инерциясы, қауіпті қалдық.*

**2-жаттығу.** Сөздер мен сөз тіркестерін карама-қарсы мағынада беру арқылы сөйлем құрастырыңыз.

**3-жаттығу.** Берілген сөздерді буынның түріне ажыратып, орысша баламасын тауып жазыңыз.

**4-жаттығу.** Төмендегі сөздерді тіркестіре отырып, мағынасын досыңызға түсіндіріңіз, екеуара сұқбат құрастырыңыз.

	жағу
	зиянсыздандыру
	көму
	қайта өндіру, өңдеу
қалдықтарды	құрғату, сорғыту
	оқшаулау
	тазалау
	утоғытпалау
	химиялық зиянсыздандыру

**5-жаттығу.** Құраған сөйлемдеріңізге фонетикалық талдау жасаңыз.

**6-жаттығу.** Мамандыққа байланысты сөздерге буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды жалғап, бірнеше мысал жазыңыз.

**7-жаттығу.** Ғалымдардың айтуынша радиактивті қалдықтардан құтылудың жалғыз дұрыс жолы – оларды ғарыштық кеңістікке немесе Айға апарып тастау. Сіздің болжамыңыз қандай?

**8-жаттығу.** Зиянды қалдықтар туралы шығарма жазыңыздар.

**1-жаттығу.** Қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.

Ағаш **қоры**, адамның табиғатқа **әсері**, ауылшаруашылығы **зиянкестері**, балық өсіретін **тәлімбақ**, ерекше қорғалатын **аумақ**, зиянды **заттек**.

**2-жаттығу.** Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын экология терминдерінің түсіндірме сөздігінен қарап, сөйлем құрап жазыңыздар

*қайта бейімделу*

*қайта жерсіндіру*

*қаракүйе*

*қарашірінді*

*су басу*

*төгінділер*

*төтенше ахуал*

*тыңайтқыш*

*уыттылық*

*кальцинациялау*

**3-жаттығу.** Өндіріс экологіне қойылатын талаптар қандай? Синоним сөздерді пайдалана отырып, жазбаша жауап жазыңыз.

**4-жаттығу.** Төмендегі диалогты жалғастырыңыз.

а)

- Асан, сен сен көмір қышқыл газының атмосферада көбею салдарынан Жер бетінде қандай өзгерістер болып жатыр деп ойлайсың?

- ...

ә)

- Айжан, сен ауаны шектен тыс ластаушы көздер деп нелерді санайсың? Түсіндіріп беріңіз

-...

б)

- Марат, ауаны ластаушылардың ішінде автомашиналардың алатын орны ерекше екені белгілі. Сен бұл проблеманы қалай шешер едің?

**5-жаттығу.** Кәсіпорынның қалдықтарды ауаға таратпай, оларды ұстайтын, тазалайтын қондырғысы істен шығып қалғанын байқадыңыз. Сіз бұл жағдайда не істер едіңіз?

**1-жаттығу.** Мамандыққа байланысты деректі, дерексіз зат есімдерді ажыратып жазыңыздар.

*Ауа, аймақ, айыппұл, артезиан, әлсіздік, ағынды, биоорта, дауыл, тосқауыл, зиян, жарық, жел, жүйе, көлік, мұз, өзгергіштік, аңыз, індет.*

**2-жаттығу.** Дерексіз зат есімдермен сұраулы сөйлемдер құрап жазып, көршіңізбен сұхбаттасыңыз.

**3-жаттығу.** Төмендегі хабарлы сөйлемдерді сөйлемнің айтылу мақсаты бойынша түрлендіріп жазыңыз.

Улы қалдықтарды жер астына, геологиялық кен орындарына, көмір шахталарының, тұз кендерінің оқпандарына, немесе теңіз түбінің терең ойпаңдарына қайтадан шықпайтындай етіп орналастырады. Қалдықтарды көму – адамды қоршаған табиғи орта мен табиғатты қорғаудың шешімі қиын проблемаларының бірі. Өйткені радиоактивті және улы қалдықтарды мүлде қауіпсіз етіп көму амалы табылмай отыр.



### **17. Мұражай.**

*Мен бұрында радиация, әскери полигондардағы жарылыстар туралы, оның зардаптары мен зияны туралы теледидардан көрген болатынмын. Бірақ дәл мынадай құтыларға салынған, жарымжан болып туылған нәрестелерді өз көзіммен бірінші рет көруім. Біреуінің аяғы, біреуінің қолы, біреуінің көзі жоқ, тіпті екі басты сәбилерді көргенде жан дүниенің ауырып, жүрегің мұздайды. Олардың өмірге келмей жатып қоштасуына себеп болған түрлі атомдық жарылыстар, радиациялық әсер етулер, радиоактивті қалдықтар екені белгілі. Бір Семей полигонының өзінде 260 «ашық» жарылыс, 300-340-тай «жабық» болған екен. Ол кезде халық не болып жатқанын түсінген де жоқ. Ал кейбір жерлерде ондаған полигондарда халық шаруашылығы мүддесі үшін мысалы мұнай іздеу, газ сақтайтын қойма жасау үшін де жарылыстар жүргізілді. Міне, осылай, адамдар уланған ауамен дем алып сәулеленген ауаны жұтып жатты. Әлгі сәбилер – сол сұмдықтардың нәтижесі.*

*Мен мұражайдан қатты әсер алдым. Көп ойландым. Әлгі құтылардағы бейкүнә нәрестелердің адамзатқа: «Енді мұндай сұмдық іс-әрекетке бармаңдаршы», – деп жалынып тұрған дауыстары құлағымға келетін сияқты.*

## Студенттерге өз бетімен оқуға арналған мәтіндерге қойылатын талаптар:

- еңбекте берілген танымдық-мәдени ақпараттармен қамтамасыз ету мақсатын көздеген мәтіндерді толық оқып, мазмұнымен танысу тиіс;
- жекелеген мәтіндерге аударма жұмыстарын жүргізу;
- мәтіндерден Маңғыстау өлкесінің жер атауларын теріп жазып, географиялық жағынан орналасу тұстарына тоқталу;
- мәтіндер ішінен термин сөздерді теріп жазу;
- мәтіндерден бұрын кездестірмеген, өздеріне түсініксіз сөздерді көшіріп жазып, сөздіктермен жұмыс жүргізу;
- мәтіндерден экологиялық мәселеге қатысты жайттарды саралау;

### *Мұнай өндірісіне қатысты мәтіндер*

#### ***Мұнай өндірісінің тарихы***

Мұнайды жағар жарық, емдік заттар ретінде қолданғандығы және оның Қосөзен (Месопотамия), Қытай, т.б. Шығыс елдерінде өндірілгендігі жөніндегі деректер Вавилон қолжазбаларында сақталған. Апшерон түбегінің мұнайы екі мың жылдай уақыттан бері белгілі. Жайық Жем алабы мен таулы Маңғыстауда жер бетіне шығып жатқан. Тайыз құдықтарға жиылған мұнайды қазақтар ерте кезден пайдаланған.

Ресейде алғашқы мұнай зауыты 1745 жылы Уахта өлкесінде салынды. Алғашқы мұнай қондырғылары 1848 жылы Бакуде, 1858 жылы Америка Құрама Штатарында (Пенсильвания) бұрғыланды. Қазақстан мұнай іздеу мен барлауға бағытталған бұрғылаулар 1892 жылы Жайық-Жем алабында басталды. Осындағы Қарашүңгіл мұнай кенінде 1899 жылы бұрғыланған номері жетінші қондырғы қырық метр тереңдіктен тәулігіне жиырма бес тоннаға дейін мұнай өндіреді.

Осында көп ұзамай мұнай беретін фонтан атқылады. Екінші күшті мұнай фонтаны 1911 жылы 29-сәуірде Доссорда бұрғыланды. 1914 жылы Мақат мұнай кені пайдалануға берілді. Мақат пен Доссорда өндірілген мұнай 1914 жылы 272746 тоннаға жетті.

#### ***Мұнайдың геологиясы мен жаралу жолдары***

Мұнайдың кендері мен оның бетіндегі белгілері тереңде жатқан мұнай иіридерімен байланысты бола бермейді. Олар шөгінді тау жыныстарында орналасады. Мұнай тау жыныстарының қуыстары мен жарықтары арқылы қозғалып, өзінің бастапқы жаралған орнынан едәуір алысқа көшеді. Сондықтан, көптеген мұнай кені кейіннен жаралған болып саналады. Бұл жағдай мұнайдың шығу тегі жөніндегі мәселені шешуді аса қиындатады.

Мұнайдың жер қабаттарында жиылған және жоғарғы қысым салдарынан көмірленген өсімдік қалдықтарынан жаралатыны жөніндегі болжамды алғаш рет 1763 жылы М.В.Ломоносов ұсынды. Д.И.Менделеев жер бетінен аса

тереңге енген көміртегі-темір мен су жоғарғы жылу мен қысым жағдайында қосылысқа түсуінен жаралуы мүмкін деген пікір болды.

Мұнайдың генезисі (жаралуы) жөнінде көптеген ғалымдар әр түрлі пікірде болды. Олар: А.Д.Архангельский, И.М.Губкин, В.В.Вебер, Н.Б.Вассоевич, П.Смит, т.б.

Мұнай тудырушы (жаратушы) жыныстар сазды шөгінділердің қат-қабаты болып саналады. Бұл шөгінділерде олардың жалпы көлемі екі-алты пайыздай болады. Осы жыныстарда шашыраған жануарлар мен өсімдіктердің заттық қалдықтары, яғни мұнай тудырушы жыныстар екі-үш шақырымға не одан көбірек тереңдікке түскенде жоғарғы жылу мен қысымның әсерінен пайда болады. Мұнай, газ кендері түрінде қалыптасады. Сондықтан мұнай кені болып оның әуелі жаралған орны емес, оның кейін шоғырланған қазіргі аумағы аталады. Мұнай кендері бір қабатты, көп қабатты, ал иірімдері тұтас және көп қабатты болып кездеседі.

### ***Мұнай қоры және оны пайдалану***

Мұнай кендерінің зерттелу дәрежесі және олардың географиялық орналасуы біздің планетаның бұл саладағы мүмкіндіктерін әлі толық ашқан жоқ. Жер шарының мұнай табылуы ықтимал шөгінді жыныстары көп аймақтары толық барланған жоқ. Келешекте шөгінді жыныстардың аса қалың қабаттары тараған аймақтарда 5000 метр және одан да тереңде жатқан жыныстардың әлі бұрғыланбаған құнарлы қабаттарын бұрғылаудан мұнай қорының біраз артуы ықтимал. Осы себепті ғалымдардың болжауынша мұнай қорларына берілген баға бүкіл жер қойнауында жатқан мұнайдан шамадан біраз төмендеуге негіз бар. Қазіргі дамып келе жатқан елдерде мұнай мен сұйық көмірсутектерін тұтыну 1980 жылы екі ал 2000 жылы үш миллиард тоннаға жетеді деп есептелуде. Осы елдердің тек өздеріндегі мұнай кендерінен мұнай өндіру 1975 жылы екі миллиард, 2000 жылы үш миллиард тоннаға дейін өседі. Мұнай қорын арттыру үшін бөктерлік ойпаңдар зерттелуі керек.

Қазақстанда мұнай іздеу мен оның ірі кендерінің ашылу мүмкіндігі жер қыртысының аса ірі теріс мәнді элементтерінің бірінен саналатын Каспий маңы ойысының тұзды қабаты астындағы палезой шөгінділерімен байланысты. Одақ көлемінде мұнай өндіру 1975 жылы 400-500 миллионнан астам болды. Қазақстанда ашылған қырық мұнай кенінің жиырма тоғызы пайдаланылуда. Пайдаланылудағы кендердің үшеуі Ақтөбе, жиырма бірі Атырау, бесеуі Маңғыстау облысында.

### ***Мұнайдың құрамы және физикалық қасиеттері***

Мұнай сұйық көмірсутектердің метандық, нафтендік, ароматтық қатарларының күкіртті, азотты және оттекті қосылыстардың қоспаларынан тұрады. Мұнайдағы шекті көмірсутектерді метаннан, пропаннан, бутаннан бастап осы қатарға дейінгі көмірсутектерінен тұрады. Ароматтық көмірсутектері бензол мен дефилиннің туындылары болып саналады. Бұларда нафталин сияқты қоюланған жүйелер де ұшырайды. Нафтендер шекті және ароматтық көмірсутектер аралығынан орын алады.

Жеңіл мұнайлар елу-жүз градууста, ал ауыр мұнайлар жүз градустан жоғары температурада қайнайды.

Мұнайдың тығыздығы жоғарылаған сайын қайнау температурасы арта береді. Мұнайлардың құрамын анықтау үшін элементтік және фракциялық талдаулар қолданылады. Құрамына қарай мұнай бензинді-керосинді және бензинсіз болып ажыратылады. Мұнайларды көбіне айдау кезінде 13-15 пайыздан 16-20 пайызға дейін керосин, бензин шығады. Табиғатта метанды, метанды-нафтинді, аз күкіртті және құрамында екі пайызға дейін күкірті бар мұнайлар кең тараған. Мұнайдың электрлік кедергісі аса жоғары. Бұл қасиет жердің терең қойнауларындағы мұнай иірімдерін анықтау үшін электрлік жүйені қолдануға мүмкіндік береді. Мұнай сумен қосылғанда тұрақты, берік барынша мықты болады. Мұнайдың жылу шығарғыштық қабілеті күшті. Қазіргі заманғы іштен жанатын және реактивтік двигательдердің отындары, түрлі жағар майлар мұнайдан алынады. Химия өндірісінің көптеген салалары мұнай өнімдері мен мұнай газдарын өндіруге негізделген.

### ***Мұнай-газ кендері***

Мұнай-газ кендері – бірыңғай құрылымдық элементтермен сипатталатын жеке алаң қойнауында орналасқан мұнай мен газ иірімдері шоғырларының жиынтығы. Мұнай-газ кендері тек мұнай немесе газ түрінде және аралас мұнайлы-газды, газды-мұнайлы кендер түрінде ғана ұшырайды. Мұнай-газ кендері топталған иірімдердің жиыны түрінде кездеседі. Оқшауланған жеке кендер өте сирек болады. Олар жер қыртысының геологиялық элементтерімен заңды түрде байланысқан зор аймақтарды қамтиды. Мұнай мен газ сиыстырушы геологиялық-құрылымдық белгілі аудандық геология құрылысының және оған қоса ондағы мұнай жаралу мұнай-газ кендерінің қалыптасу жағдайларының ұқсастығымен сипатталады.

Қазақстанның мұнай-газ кендерінің дамуы әр түрлі болып келетін үш мұнайлы-газды аймақта орналасқан. Ең көне мұнайлы-газды аймақтардың кендері Шығыс Еуропаның шеткі ойысы болып саналады. Мұнда өндіруге тұрарлық мұнай мен газ жүздеген метрден бес мың метрге дейінгі тереңдікте жатқан шөгінділер орналасқан. Үшінші мұнайлы-газды аймақ герцин және каледон қатпарлы құрылымдарының арасынан орын алған. Шу-Сарысу аймақтарында жанғыш газдардың қоры және шағын кендері ашылды.

### ***Ай-жұлдыз атауларын ауа райымен байланыстыра айтылатын Маңғыстауға тән тұжырымдамалар мен сілтемелер.***

...Бір ғажабы қазіргі қолданыстағы қаңтардан басталып, желтоқсанмен аяқталатын қазақша жыл он екі ай – жұлдыз атаулары байырғы Маңғыстаулықтарға тән емес. Олардың қазан төңкерісіне дейін (1917ж.) қанына сінген, санасына орныққан ай-жұлдыз атаулары дәлуден басталып, жедімен аяқталады. Тағы бір ерекшелігі осы атаулардың сөз саптауы, шығу төркіні оңтүстік-шығыс араб, парсы елдерін мегзейді. Оның өзі қазақтар оның ішінде Адай ұлысы бұл аймақты VIII-XI ғасырлардан бастап мекен еткен-ау деген ұғымға еріксіз жетелейді.

Сондай-ақ Маңғыстаулықтардың ай-жұлдыз атауларымен бұлайша оқшаулануын Яссауилік, Ислам дінін насихаттаушы қожа-молда, әулие-машайықтар дүрмегінің осы киелі түбекке шоғырлануынан ба деп те қаласың. Қалай дегенде де бұл аймақтың халқымен оған шектес жатқан батыстықтар да ай-жұлдыз атауларын сол баяғы байырғы тілде айтылуымен атап кеткен.

Алайда, 1917 жылғы Қазан төңкерісі бұл қалыпты жайды түбірімен өзгертті. Жедіміз – декабрь, дәлуіміз – январь, үтіміз – февраль болып жана атауларға ие болды. Ал бұрынғы атаулары жыл өткен сайын ұмыт бола бастады. Тағы бір есте ұсталатын тұсы бұрынғы ай-жұлдыздың туысын есепке алуымыз орысша атауынан 13 күн кейін жүретін болып шыққан, дәлірек айтқанда январьдың он төрті, дәлудің бірі. Немесе, марттың он төрті наурыздың бір жаңасы. Осы күн «амал» – (хамал) Маңғыстаулықтар үшін жыл басы. Жаппай көрісу күні. Үлкенге сыбаға апарып, сый көрсету, кішіге ізет білдіру; көкірек, көңілдегі ескі жылдан келе жатқан «ағайын ащы, мал тұщы» дегендей, алакөздіктің барлығын ұмытып кешірім ету; жаңа жылда жанару; наурыз көже ішіп, соғымнан сақталған сүрден ауыз тиіп, емін-еркін мерекелеу күні болып қалыптасқан.

...Қазақ Совет Энциклопедиясында (1976, 8,286 б) Григорян календары ескіше 9-наурыз, жаңаша 21-22-сіне қараған түнді күн мен түннің теңесуіне сәйкестендіреді. Қазақ календары да сол қағидамен үндесіп, наурызды күн мен түннің теңесу сәтінен басталатын ай аты жыл басы, жаңа жыл деп тұжырымдаған. Ал Маңғыстаулықтар болса ілгері-кейін қай заманда да ол күнді күтпей-ақ одан сегіз күн бұрын айдың 14 жұлдызын «амалды» жыл басы деп таныған.

Бұл оқшаулану, ерекшелену емес, керісінше бір аумақтық елдің қалыптасқан әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, інжу-маржандай ата-баба аманаты, ұрпақ сабақтастығы.

Жыл басы Наурызда жаппай көрісу де Маңғыстаудың байырғы тұрғындары үшін қалыптасқан қағида. Бұл әдет-ғұрып басқа жерде жоқ десе де болғандай. 1-наурыз (14.03.) көрісу қарсаңында байырғы халық сол тұсқа наурыз айының тууын да күтетін болған.

Егемендік алған ендігі жерде ата дәстүрі, ауа-райы мен ай-жұлдыз аттарына байланысты аңыздай болып осы заманға жеткен тұжырымдамалар мен сілтеме сөздіктерді көкейге ұялатып, санаға қайталай оралту үшін төмендегі ай-жұлдыз атауларын салыстыра қараған тиімдірек.

### **Ғайып болған шаһарлар мен қамалдар**

Каспийдің табиғи өзгерістері ертеден-ақ белгілі. Иран жазушысы Наджати 1374 жылы Каспийдің оңтүстік жағалауындағы Абаскун портының теңіз астына батып кеткенін айтса, 1320 жылы географ Марино Сануто өзі жасаған Каспий теңізі картасының бір шетіне: «Теңіз жылына бес елі көтерілуде. Талай тамаша қалалар теңіз астына келіп жатыр», - деп жазды. Азербайжан географы және жазушысы Абдал Рашид Бакуби 1400 жылы Каспий жағасындағы ертедегі Баку қамалының ескі мұнарысы жартысына дейін суға батып түр десе, одан 560 жыл өткенде, ол ескі мұнара теңізден 150

метр қашық тұрған.Ғылыми зерттеулерге қарағанда, соңғы отыз жылдың өзінде Каспий деңгейі екі жарым метр төмендеген, сол XIII ғасырдағы теңіздің мөлшеріне қайтадан жету үшін Каспий әлі 30 жылды басынан өткізіп, тағы да екі жарым метр тайыздауқ керек.(Гюль К.К. проблема Каспия, Москва,1959).

Каспий жағасындағы көп өзгерістер кепілінің бірі – қазіргі Форт Шевченко қаласы іргесіндегі Қызылкөл.Т.Шевченконың 1853 жылы «Новопетровск шығанағындағы» деп аталған суретінде Қызылкөлдегі қанаған еңбек, тізіліп тұрған балықшылар қайығы мен түтіні будақтаған пароход бейнеленсе,1856 жылдан бастап Қызылкөл теңізден бөлініп қалған.

1850 жылы Орынбордан айдалып келген Т.Шевченко жеңіл қайықпен буырқанып жатқан бұғаздан өткен еді, қазір сол бұғаз суы әлдеқайда төмен кеткен.Сол жерге Аташ деп аталатын 5 мың халқы бар поселка орналасқан.

\*\*\*\*\*

Шерқала Ақмыш тауының солтүстік бауырында жапсарлай салынған.Алыстан қарағанда мая түйенің өркешіне ұқсас, төңкерілген қазандай. Үстіне шығатын жол жоқ. Елу метрдей биіктігі бар, оңтүстік батысқа қарай бүктеліп атылғалы жатқан арыстан іспеттес пирамида. Осы таудың солтүстік етегінен Шерқаланың әскери бекінісі орнаған. Қамалдың тау жақ беткейіне екі жағына екі бастион мен қосымша қорған тұрғызған. Қамал қабырғалары табиғи тау тасы мен күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған. Шығыс бетіндегі бастионнан шатқалдың түбіндегі туннельге жол тартылған. Туннель кісі еңбектеп жүргендей, тауды ойып, үңгіп жасалған. Туннель 5 м етр жоғарылаған соң, екі бағытқа екі тарау болып , тау үстінен шығады. Таудың басқа жерінде жоғары шығатын жол жоқ. Сондықтан қорғанушыларға азық-түлік жеткізетін, қарауыл қарайтындардың шығатын жолы осы. Қамалдың ұзындығы 300 метр, бірнеше жүз әскер ат-көлігімен смярлықтай. Қамал үстінде шың бауырында торғайдың ұясына ұқсас екі-үш адамдық іші өртелген орын бар. Осы ұяларда адайдың, түрікменнің абдал руының жарты ай немесе орақ, қазаяқ таңбалары бар. Бұл ұялар күзетшілерге һәм жеке садақшыларға арналған сияқты.

Шерқалада үй құрлысы жоқ, соған қарағанда, ол қасындағы Қызылқала тыныштығын қорғаған қамал болса керек. Қызылқала тауы тегіс жерге табиғат қоя салған ерекше шоқы, солтүстік Ақтаудың бір бөлігі. Пирамида сияқты осы таудың үсті бар. Көп әскер ұстауға, отыруға қолайсыз. Күн батыс іргесінен ақшыл бұлақ ағып жатады. Оны халық ерте кезден (ескі түркі тілінің «мыш» сөзін қолданып) Ақшыл бұлақ, болмаса Ақмыш атаған. Ақмыш – Орталық Қаратаудан солтүстікке қарай ағып жатқан қос бұлақ. Оның қосылар жері сүйір бұрыш сипатында, сол түмсық үстінде Қызылқала салынған.

Қызылқала – ежелгі сауда сарайы, айналасы 800 метрдей, төрт бұрышты. Қабырғаларының сыртқы мықты сом тастардан, іші күйдірген кірпіштен қаланған. Соған қарап, халық Қызылқала деген атау берген.



\*\*\*\*\*

Маңқыстау – қазыналы түбек. Қойнауындағы мұнай мұхитымен бүгін Маңғыстау аты әлемге аян.

Маңқыстау байлығы айдын теңіз толқындарын тілген танкерлермен, болат жол бойымен зырланған эшелондармен, сондай-ақ мұнай құбырымен толассыз ағындап, Отан игілігіне айнала бастады. «...Ендігі жерде Маңқыстау Одақтың аса маңызды мұнайлы аудандарының қатарында болмақ».

Маңқыстау қазынасы қалай табылды. Жер асты қабаттарының геологиялық, геофизикалық сыр-сипаттары нендей? Осыларды әңгімелейік. Мұны білмейінше Маңқыстау қазынасы хақында толық мағлұмат алу мүмкін емес.

Мұнай өнеркәсібі – социалистік ауыр индустрияның көрнекті бір саласы. Соңғы жылдарда еліміздің қара алтын өндіру жедел қарқынымен дамып келеді. Мұнай мен газ өнеркәсібінің тез өсуі еліміздің экономикалық өркендеуіне де елеулі ықпал етеді, себебі, мұнай мен газдың халық шаруашылығы саласында араласпайтын жері кемде-кем. Сондықтан да өкімет пен партия совет мұнайшылары алдына барлау әдістерін жетілдіре отырып, мұнай қоры мол, көлемді алаңдарды халық игілігіне айналдару міндетін қойып отыр.

Газ өнеркәсібін өркендету еліміздің қалалары мен поселкелерін, совхоздары мен колхоздарын газбен қамтамасыз етуге мол мүмкіндік туғызып отыр. Әрі таза, әрі қуатты көгілдір отынды пайдалану еңбек адамдардың қолын ұзартып, елді мекендердің санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсарта түсуде. Қазір Қазақстанның 78 қаласында, жүзге жуық қала типіндегі поселкелерге және 2 мыңнан астам ауылдық елді мекендерде газ халық игілігіне айналды. Республика совхоздары мен колхоздарында 615 мың пәтерде, 400-ден астам жұмысшы асханасы мен балалар бақшасында көгілдір отын пайдаланылады. Міне, сондықтан біз осындай ерекше бағалы қазына – мұнай мен газдың табиғаты, олардың қасиеттері жайлы айта кеткеніміз жөн.

Мұнай – парсы тіліндегі «нафта», яғни жер астынан сызаттан шығатын сұйық деген ұғымнан алынған. Оған мұнайдың көп ретте борпылдақ бос жер саңлауларынан сызаттап шығып жатуы да себеп болса керек. Мұнай – құрамында көмірлі сутегі, оттегі, күкірт, азот және органикалық қосылыстары бар күрделі зат. Осыған қоса мұнайдың нышан белгілері ретінде азот, көмірқышқыл газы, күкіртті сутегілер араласқан көмірлі сутегін, аз мөлшерде кездесетін аргон және гелий сияқты инертті газдарды атауға болады. Мұнай мен газ құрамында көмірлі сутегі көп, олар әр қилы өзгерістерге ұшырай береді. Бұл мұнай мен газды жоғары калориялы арзан отын және аса бағалы химиялық шикізат ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Мұнай мен газды өндіру әрі экономикалық жағынан тиімді. Оларды алыс аймаққа құбырлар жүйесімен апаруға болады. Демек, мұнай мен газды тасымалдау бірнеше есе арзанға түседі.

Мұнай мен газ табиғатта қандай жерлерде кездеседі? Органикалық заттары бар теңіз түбіндегі батпақ тұнбаларда мұнай кездеседі деген пікірлер көптен-ақ белгілі. Әрине, мұнай, газ қорларының теңізді-аймақтарда байланыстыруы тегін емес. Әдетте, табиғатты газ суда, не мұнайда ұшырасады. Мұнай

қорымен бірге табылып, өндірілетін газ ілеспе газ деп аталады. Жер қабаттарындағы газдың еру шарттары өзгерген кезде газ көпіршіктер күйінде бөлініп, мөлшері көп болған жағдайда жинақталып газ қабаты құрылуы мүмкін.

Табиғи газ қорларының түзілуі, ғылыми зерттеулерге қарағанда, жылдар бойы жүретін құбылыс. Табиғи газ – саз балшықты жерде, теңіз тұнбасында, көмір шахталарында кездеседі. Бұлай болуының себептері де бар.

Мұнай мен газдың жер асты қабаттары арқылы жылжуын миграция деп атайды. Миграция көлбеу күйінде және тік-жоғары бағытта да жүреді. Жерасты қабаттарының жылжуы нәтижесінде кейде мұнай сыртқа шығады.

Кейде кен жердің бір қабатының астында ғана емес, бірнеше қабаты астында қайталап кездесуі де мүмкін. Ондай жер көп қабатты кен орны деп аталады.

Мұнай мен газ қорларының қалыптасуына жер асты үгілгіш бос жыныстардың болуы, саз балшықты, тұзды шөгінді-қақпақ қабаттың жатуы, жер асты қабаттары арасында кен қабаты қалыптасатын жағдайлардың болуы әсер етеді.

Мұнай мен газ қорын іздеу - әрі маңызды да, құрметті, әрі михнатты жұмыс.

Өткен ғасырдың аяқ шенінен бастап, іштен жанатын моторды ойлап тапқаннан кейін мұнай қажеттілігі арта түсті. Автомобильдер мен самолет моторы үшін неғұрлым көбірек жанармай өндіру – мұнай қорын молайта түсу қажет болды. аңа мұнай қорларын іздеу басталды

Геолог- барлаушылар сапарға шығып, бұрын беймәлім аймақтарды кезді. Әрине, оларға үнемі табиғи мұнай көлдері кездесе берген жоқ. Сондықтан, олар өзен жағасындағы қарақоңыр дақтар мен су бетіндегі көгілдір кілегейге, не қара йірім боп қайнап жатқан су асты вулкандарына назар аударатын. Ал, олар болмаса ше? Егер ондай белгілер байқалмаған жерлерде мұнай тұз бен күкірт, не тұзды су құрамында да кездесетіні бар. Кейде жер үстінде мұнай белгілері мол болғанмен, астыңғы қабаттарында жөнді қазына болмай шығады. Жер астында мұнай мен газ қоры жақсы түзіліп, сақталу үшін қаптап жататын сазды, тұзды қабаттар болуы керек. Кей ретте, жоғары қақпақтар мықты болғанмен жер қойнауында мұнай жиналар жұмсақ жыныстар жоқ болса, ондай қойнаулар мұнайсыз болып шығады. Демек, бұл жайлар геолог-барлаушының білім, тәжірибесін сынға салады.

### **Мұнай өндірісінің даму жолдары**

Мұнай өндірісінің жедел дамытудың басты бір шарты-геологиялық іздеу-барлау жұмыстарын кеңінен өрістету, алдын ала мұнай мен газдың мол қорларын дайындау.

Өткен бесжылдықта геологиялық-геофизикалық мұнай-зерттеу-барлау жұмыстары негізінен Маңғыстау, Үстірт алқабын қамтиды. Мұнай мен газдың Маңғыстау түбегіндегі юра, мел қабаттарымен бірге тереңдігі перм-триасс қабаттарынан да көлемді мұнайлы алаңдар іздеу белгіленген.

1971-1975 жылдарда ұзындығы 300 километрлік Өзен – Бейнеу, 100 километрлік Прорва – Опорный газ құбыры магистральдарын және Амудария суын Маңғыстауға Бейнеу - Өзен су құбырымен жеткізу белгіленген. Аталған газ магистральдары іске қосылғанда, Маңғыстауда Өзен мен Жетібай скважиналарында мұнамен бірге ілесе шығып жатқан газ халық игілігіне жұмсалатын болды. Қазір күн сайын еркін жанып тұрған 3 млн текше метрдей ілеспе газды қажетімізге жаратқанда, мемлекет қорына тәулігіне 30 мың сомдай қаржы қосылып отырады.

### **Байлық бұлақтары**

Маңғыстау қойнауы толы байлық. Мұнда мұнай мен газдан өзге де қазба байлықтар көп.

Бағзы бір дәуірлерде осы жерді кентті (қалалы) болыпты, темір қорытыпты дейтін деректер шындыққа айналды. Маңғыстаудың таулы аймағынан, әсіресе Қаратау жоталарынан темір кені белгілері табылды. Зерттеушілер мұны екі түрге бөледі. Қаратау темірінің юра дәуірінің сазды қабаттарындағы түрінен гөрі орта триасс дәуіріне тән көп қабатты түзілісінің өндірістік мәні бар. Темір кені белгілері Қаратау бойында Теміртаушық, Шұқыр, Азасу, Доллаппа алқабынан кездеседі. Бұлардың ішінде кен қоры молырағы Бескемпір мен Теміртаушық алқабы. Бескемпір кен орны Шетпе темір жол станциясының шығысында жатыр. И.П.Новохатский, А.Г.Каримов зерттеулеріне қарағанда, Бескемпір темір рудасы 300 метрге дейінгі тереңдіктен кездеседі. Ал, Теміртаушық кен орны Таушықтың солтүстік-шығыс жотасында. Маңғыстау таулы алқабындағы темір рудасының қоры едәуір. Бірақ, мұны әзір технологиялық жағынан ешкім зерттей қойған жоқ.

Маңғыстаудағы марганец кенін жергілікті қазақтар ертеден біледі. Олар жауын, қар суымен езіліп, жер бетіндегі жыныстар арасында еріп, ағып жатады, халық қарадалапты (марганец) әр қилы шаруашылық қажеттеріне жарата білген. Бұл аймақтағы бірден-бір марганец кен орны Шетпе темір жол станциясы маңында. Кен орнын 1907 жылы Н.И.Андрусов ашқан. 1918 жылы Е.В.Круг зерттеп, өндірістік маңызы шамалы деген баға береді. 1942 жылы (Головачев Ф.А), 1950-1955 жылдардағы И.И.Глатков, Л.Б.Мнушкин, В.В.Пономарев) зерттеулерге қарағанда, бұл кеннің қоры мол болғанмен сапасы онша емес. Әрі өндіру әдісі қиын, қымбатқа түсетін болғандықтан түбек марганецін әзір өндіріс қажетіне жарата қойған жоқ.

Маңғыстаудың Қаратау аймағында жез кені, сондай-ақ бірнеше километрді алып жатқан перспективалы мыс кенді қабаттар табылды.

### **Маңғыстаудағы көмір өндірісі**

Түбек қазба байлықтарының бірі – көмір. 1914 жылы «Кавказ және Меркурий» кеме қоғамы Маңғыстаудан 150 километрге созылған көмір қорын тапты. Бірақ, Октябрь революциясына дейін патша пайда қорлары түбек көміріне қызыға қарағанмен, мешеу техникамен ештеңе өндіре алмады. Бұл аймақ Октябрьден кейін ғана зерттеле бастады. Бірақ, көмір қоры әлі толық тексеруден өткен жоқ. Бақылау, барлау жұмыстары өткен – Қаратау бойының

120 шақырымға созылатын юра қабаттары. Мұнда 22 кен орны ғана анықталған. 1935-1939 жылдарда бірден-бір игеруге қолайлы орын Қызылқаспақ – Айыржал көмір кені деп есептелген. Себебі бұл жер теңізге таяутасымалға тиімді болатын. Сартас пристаны кен орнынан 30 километрдей жерде ғана еді. Қарабұғаз химия өнеркәсіпорындары 1937 жылдан бастап барлау жұмыстарын жүргізіп, шахта орындары дайындап, (1939) көмір өндіре бастады. 1940 жылы - 9,2 мың тонна өндірсе, 1945 жылы көмір өндіру 35 мың тоннаға дейін жетті. Маңғыстау шахталарынан көмір 1947 жылға дейін ғана өндірілді.

Түбек қойнауында біраз көмір байлығы бар. Өндіру, тасымалдау жұмыстарын атқаруға қазір мүмкіндік мол. Темір жол торабы Қаратау жоталары арқылы өтеді. Бұл жағдайлар Маңғыстау көмір қазынасына таяу уақытта назар аударуды қажет етуде.

### **Маңғыстаудағы тас өндірісі**

Маңғыстау жерінде құрылыстың ең қажетті материалы тас көп өндіріледі. Бұл мекендегі тастың түрі де, сапасы да тамаша. Ақ, ақсары, қызғылт түстес келетін тасты қабаттар әкпен қиыршықтардан, теңіз жануарлары қабыршақтарынан құралған. Бұл әрі берік, әрі әлемі тасты қазақтар ерте кезде пайдаланған. Себебі бұл байлық бірқатар мекенде жер бетін түгел жауып жатады. Кейбір тау жоталары түгелдей осы тастан түзілген. Ерте дәуір адамдарынан бастап Маңғыстауды мекендеген арғы-бергі тайпалар мен халық ісімерлері сол ақ тасты тау жоталарын қашап әрқилы ғажап ғимараттар жасаған, ою өрнектер салған, жазулар жазған. Қол арамен кесіп, мазарлар, баспаналар тұрғызған.

Совет дәуірінде осы тамаша құрылыс материалы техника күшімен өндірілетін болды. Маңғыстауда тас өндіруге болатын 11 алқап бар. Олардың ішінде Маңғыстау, Бейнеу, Жетібай, Өзен, Ералиев өндірісі жылына 100 мың текше метрге дейін тас өндіре алады.

### ***Жануарлар мен хайуанаттар әлемі туралы қазақ ертегілері***

#### **Сауысқан мен көкек**

Ертеде сауысқан мен көкек бір орманды мекендепті. Олар ұялары болмай, ағаштың бұтақтарын паналап күнелтіпті. Көкек күнде ерте тұрып алып: «ұя керек», «ұя керек», - деп, көршілерінің мазасын кетіреді. Бір күні сауысқан көршісіне:

– Екеуіміз бірігіп бірік ұя істейік. Әуелі саған, содан кейін маған салармыз, - дейді. Көкек:

– Менің ұя салатын қуатым да, құралым да жоқ. «Керек, керек» деп қақсай берсем, құстың бәрі ағайыным, көп болып көмектесіп, ұя салып берер, - деп келіспейді.

Сауысқан көкектің көмегін күтпей – ақ, ұя салуға кірісті. Ол ұясының қабырғаларын жас бұтақтармен таспалап, берік етіп өрді. Оны шыммен, өсімдік тамырларымен мықтап байланыстырды. Іші – тысын саз балшықтармен сылады. Кішкентай бұтақтардан құрастырып, шағын қақпалы есік жасады.

Ұяның астына мамықтан төсек төседі. Ал көкектің «керек, керек» деп қақсай – қақсай даусы қарлығып, тілі сақау болды. Ол кейінгі жылдарда «керек» дегендегі «р» - ды айта алмай, «керек» деудің орнына «көлек, көлек» дейді. Сондықтан жұрт оны кекетіп «көкек» деп атайтын болды. Сол көкектің күні бүгінге дейін өзімдікі деген ұясы да, үйіші де жоқ.

### **Құмырсқа қанағаты**

Ертеде бір оқымысты болыпты. Ол барлық халықтың, жан – жануардың, жәндік, өсімдіктің тілін түгел біледі екен.

Бір күні ғұлама бақ ішінде келе жатып, құмырсқаның илеуіне тап болады. Қарап тұрған біреуі жоқ: бір тобы індерін кеңейтіп жатыр, бір тобы нән құртты сүйретіп келеді, енді біреулері күзет қорықта жүр, ал ана біреуі басқа илеуден ұшырасқан құмырсқамен алысып жатыр.

Әлгі адам бір құмырсқаны ұстап алады да:

– Сенің басың неге үлкен? - деп сұрайды.

– Ақылым көп.

– Құйрығың неге үлкен?

– Қайратым көп. Өзімнен қырық есе ауыр жүкті көтере аламын. Қайратымды құйрығыма жинамасам, ауыр жүкті көтергенде, тоңқалаң асар едім, - дейді Құмырсқа.

– Ал сенің ішің неге жіңішке?

– Қанағатым көп.

– Жарайды, - деді оқымысты. – Ақылың мен қайратыңның көп екеніне көзім жетіп тұр. Енді қанағатыңның қандай екенін білейін. Егер саған бидайдың бір дәнін берсем, қаншаға жеткізер едің?

– Бір жылға жеткізер едім, – депті құмырсқа.

– Оқымысты Құмырсқаны сауытқа салып, қасына бидайдың бір дәнін қояды.

Бір жыл өткен соң сауытты алып қараса, Құмырсқа бір қырынан бүк түсіп, қимылсыз жатыр екен. Қасында бидай дәнінің жартысы қалыпты. Әрі – беріден кейін бірте – бірте мұртын, аяғын қимылдатады да, Құмырсқа орнынан тұрады.

– «Бір дән маған бір жылға жетеді» деп едің. Жыл өтті, ал сен дәннің жартысын ғана жепсің. Оның қалай? – деп сұрады оқымысты.

– Иә ... ол дәнді бір жылда жеп бітірсем, қазір менің халім әлде қайда жақсы болған болар еді. Бірақ сен бір жылдан кейін мені босатуды ұмытып кетсең, онда мен бостан – босқа аштан өлген болар едім. Сол себепті бір жыл бойы жарты дәнді қанағат қылдым, – деп жауап береді Құмырсқа.

– Егер босатуды ұмытып кетсем, қалған жарты дәнді қанша уақытқа жеткізген болар едің?

– Төрт-бес жылға жеткізген болар едім, –депті Құмырсқа.

### **Түлкі, тасбақа және кене**

Бір уақыттарда бір түлкі, бір тасбақа және бір кене үшеуі жолдас болып келе жатса, бір жерде бір уыс тары жатыр екен. Үшеуі ойласты: мұны тұқым қылып, жерге егіп, көбейтіп, бөліп алайық деді. Түлкі бір жарды көріп:

– Мен осы жарды сүйеп тұрайын, болмаса құлап кетер, – деп жардың астында саялап жатып алды. Тасбақа байғұс жерді тырналап, кене сорлы жиып, тарыны айдап әлекке түсті. Сөйтіп көп бейнет шегіп айдап, ол піскен соң орып, жинап алды. Бұны бастырып еді, бір аяқ тары болды. Біреуі барып түлкіні шақырып келіп еді. Түлкі келді дағы:

–Бұл тарыны үшеуіміздің бөлгенімізге болмайды. Үш бөлгесін бұл әрқайсымызға қаншадан тиеді дейсің, онан да үшеуіміз жарысып, қай озғанамыз алайық, – деді. Мақұл деп үшеуі қатарласып, бір жерге келіп, «Алла Әкбар» деп түлкі жөней бергенде, кене түлкінің башпайына жабысып ол да кетті. Түлкі өліп -өшіп барынша жүгіріп келіп, қырманға отырайын деп еді, кене:

– Әй, батшағар, мені басып өлтіресің бе, – деді. Түлкі:

– Әй, сен ұашан келдің? – деді. Кене

– Сен бағана «Алла-Әкбар» дегенде – ақ мен келіп қалғанмын, - деді кене. Екеуі шатақтасып жатқанда, аузы – мұрны қан болып тасбақа келді. Келе сала:

– Ойбай, түлкі, мен бір пәле көріп келдім. Жаңа сендердің артыңнан екі қарагер аты бар, екі қара бұркіті бар және екі тазысы бар, екі адам келіп, «жаңағы қасындағы түлкі жолдасыңды тауып бер» деп, қылды, сонда да мен сені айтқаным жоқ. Әйтеуір, осы жаққа қарай келе жатыр, - деді. Түлкі:

– Айналайындар-ай, мені айта көрме, мына тарыны екеуің тең бөліп ал, мен сендерге ырза болайын, олар келсе «білмейміз, қайда кеткенін де», - деп, түлкі кетіп қалды. Сөйтіп тарыны тасбақа мен кене екеуі бөліп алыпты.

### **Қасқыр мен кірпі**

Орман шетінде домалаңдап бара жатқан кірпіні аш қасқыр бас салады. Бірақ тұмсығы мен тамағы қанға боялып шыға келеді. Озбырлығын, қомағайлығын білдіргісі келмеген қасқыр кірпіге:

–Бетіңнен сүйейін деп едім, сен – ақ қырынбайды екенсің ғұмыры бір, - деп сылтаурады.

Кірпі қылтандарының арасынан біздеі тұмсығын шығарып, сықылықтай күледі де:

–Асықпа, қасеке, сендердің азуларың түгел қағылып біткен күні мен де қырына бастаймын, - дейді.

### **Қырғи мен бөктергі**

Қырғи мен бөктергі ойда жоқ жерде кездесе кетерді. Екі дос өткен – кеткенді әңгімелеп, кездесу құрметіне кеш өткізуді ұйғарды. Кештің керегін әзірлеуге келіседі. Жиырма торғайдың жартысын ұстауды қырғи міндетіне алады, қалған он торғай бөктергінің үлесіне тиеді.

Қырғи көп кешікпей он торғайды ұстап, төбе басында бөктергіні күтіп отырады. Бөктергінің келетін мезгілі өтіп, кешігеді. Ал бұлар кешті күн батпай бастауға уәде еткен. Ақыры шыдамы таусылған қырғи дерексіз бөктергіні іздеуге шығады.

Қалың тоғай бойымен ұшып келе жатып, қырғи алыстан бөктергіні байқайды. Ол бір торғайды қуып, ылдиға ығыстырып барады екен. Сол сәтте қырғи бөктергінің соңынан ұшып кетеді. Оның қауырсындары терге

малшынып, аяғын торғайды бұруге ілгері соза түсіпті. Бөктергінің шаршау кейпін көрген қырғи: «Торғайдан торғай қалдырмай қырған екен», - деп ойлады. Сөйтіп ол бөктергіден асығыс:

–Ау, Бөке, қанша торғай ұстадыңыз? – деп сұрайды.

Сонда бөктергі алдында ұшып бара жатқан торғайды нұсқап:

–Осыны алсам, тоғыз торғай қалады, - депті.

### **Түлкі мен қоян**

Бір күні болдырып келе жатқан түлкі жортып жүрген қоянды көріп, өтірік ауырған болып, оның жолына сұлай кетіпті де, қоянды шақырыпты.

–Қоянжан –ау, қоянжан, неге сонша жортасың? Менен неге қорқасың? Бала жастан бірге өскен, тоғайдың дәмін бір жескен көрші емес пе едік. Мен ауырып жатырмын, жақынырақ келсеңші, қоштасайық, - депті.

Сонда Қоян:

–Екі құлағым сөзінде тұр, екі көзім өзінде тұр. Сіз етті жақсы көреді дейді жұрт, сол рас па? – депті.

–Рас болғанда қандай, тіпті ет жемесем басым ауырады.

–Міне, осыныңыз жаман ғой.

–Иә, соған өзім де қынжылып жатырмын, кеше бір тауық жеп едім, соған жаным ашып, жылап та жібердім. Өйткені ол да тірі жүргісі келеді ғой. О, шіркін, тіршілік! – депті.

Қоян:

–Сіз оны өлтірмей тұрып, ойлап көрдіңіз бе? – депті.

Сонда түлкі:

–Мен дәл сол жерін ойлауды ұмытыппын. Жаныма батып, ауырып жатқаным да соның өкініші, - дейді.

–Ұмытшақ деген жаман ғой, мен де содан қорқамын, сондықтан да жортамын, – деп тұра жөнеліпті қоян.

### **Жолбарыс пен тышқанның достығы жайында**

Ерте заманда бір жолбарыс бір тоғайдың қалың бадалында ұйқтап жатыр еді. Үстіміненен бір тышқан жорғалап жүріп бара жатқанын сезіп, ұйқысынан оянып қараса, тышқан екен, ұстап алады да, тышқанды қысып өлтіретін болып еді, тышқан:

–Я, тақсыр, арызым бар, мені өлтірмеңіз, бір күнәмді кешіріңіз, білмеген екенмін, тірі жүрсем, мен де бір қызметіңізге жарамын,- деп, арызын айтты.№

Жолбарыс күліп тұрып:

–Мен – жолбарыс, сен – тышқансын, қалжының мынау, сен маған қызметке жарамайсың, деп, тамаша етп тұрып, қап, бар енді, көрерміз деп тышқанды қоя берді. Тышқан пақыр қуанып, жолбарыс досым деп жүгіріп ойнап кете берді. Күндерде бір күн жолбарыс жортып ойнап жүріп, мойнынан аспа тұзаққа түсіп, шарық ұрып жылай береді. Тышқан келіп қараса, баяғы өзінің досы жолбарыс екен. Қасына келіп қарап тұрды, жолбарыс тышқанға қарап:

–Лажын бар ма бұнан қылар? – деп тышқаннан көмек сұрады. Тышқан тұра жүгіріп келіп, тұзақты қажап, қиып береді. Жолбарыс тышқан досына қиын күнінде іске жараған соң, разы болып, «рақмет, досым» деп қуанып, ажалдан айырғанына шат болды.

### **Ақымақ қасқыр**

Өрісте жайылып жүрген қойдың ішінен бір арық қой жалғыз бөлініп қала беріпті.

Қалың шидің арасынан бір қасқыр шыға кліп:

–Е, сүйген асым,қайдан жүрсің?Іздегенде, мұндай кездестіре алмас едім,бұйырған дәмге дауа жоқ! Енді сені жеймін,- дейді.

Қой:

–Жейтін болсаң, ажалым жеткен екен. Бірақ өзің де мал танығыш едің ғой, қарны кампиған, семіз қой әкеліп, алдыңа тартайын. Жылы – жұмсақты сен жемегенде, кім жейді?- дейді.

«Жылы-жұмсақ» деген сөз қасқырды қызықтырады. Қойды босатып қоя береді. Қасқыр жұтынып, қойдың семіз бағланын күтеді. Қой да, бағлан да жоқ, қасқыр түңіледі. «Қой баласы момын ғой, алдауды білмеуші еді. Сірә, оны ешкі антұрған азғырған шығар. Барып көрейін!» деп жорта жөнелді. Бір белеске шығып, төңірекке қараса, алдында қызылшаны күрт- күрт шайнап, бір ешкі жүр екен. Көп қой да, қойшы да алыста екен. «іздегенім сен едің!» деп қасқыр ешкіге бас салады. «Жанымды алып қалуға себеп болар ма екен» деп,ешкі мынаны айтады:

– Атаң да, анаң да жақсы дейді ғой. Қой тұрғанда, олар ешкіні жемеуші еді. Мен қарапайым ешкі емеспін, тойда билеп, торқа киген ешкімін!- деп судырдатады.

–Ешкі билейді дегенді естіген емеспін. Ондай өнерің болса көрсет, дейді қасқыр.

Ешкі:

Ендеше көз аудармай, аяғыма қара да тұр, мен бір билеп көрсетейін, - дейді де, ешкі олай-бұлай секіре-секіре, жалт беріп, көп қойдың арасына кіріп кетеді.

Сол арада қойшы да келіп, ешкі аман құтылады.

### **Арыстан мен түлкі**

Арыстан қартайды. Аңдарды бұрынғысынан аулай алмайтын болды. Енді аңдарды айламен аулағасы келді. Өзі үңгірге жатты да:

–Аурумын, жүруге әлім жоқ, - деп, барлық аңдарға хабар таратты.

Аңдар бір-бірлеп арыстанның халін білуге келеді. Арыстан аңдардың біреуін де қайтармайды. Бәрі де арыстанға жем болды. Бір күні түлкі келді. Ол үңгірден алысырақ тұрды да:

–Халіңіз қалай, тақсыр? – деп, көңілін сұрады.

–Халім нашар. Неге жақынырақ келмейсің? Берірек кел, түлкіжан, біразырақ сөйлесейік, - деді арыстан.

Түлкі:



–Мен саған жақын барар едім-ау, бірақ саған кірген із бар да, шыққан із жоқ! – деп, жүріп кетіпті.

### **Ақ тиін мен қасқыр**

Ақ тиін бұтақтан бұтақа қарғып жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды. Қасқыр қарғып тұрып, оны жегісі келеді.

Ақ тиін жалынып:

–Мені жеме, жібер!- дейді.

–Жарайды, жіберейін, бірақ сен маған айт: неліктен сендер әр уақытта шат болып жүресіңдер?

–Мені жіберіңіз, сонан соң айтайын, әйтпесе жүрегім дірілдеп сөйлей алатын емеспін, - дейді. Қасқыр ақ тиінді босатады. Ақ тиін ағаш басына шығып алып:

–Сен қасқыр, залымсың, залымдық ішінді жандырады, сондықтан әрқашан қапалы жүресің. Біз ешкімге жауыздық істемейміз, сол үшін де әр уақытта шат болып жүреміз,- депті.

### **Күшік пен мысық**

Қарны ашқан күшік тауда қаңғып жүрсе, қасқыр жүгіріп келіп:

–Ей, күшік, мен сені жеймін!- депті.

–Қой, көкешім, қой! Әуелі мені тойғыз, сонан соң жерсің, - депті күшік.

Қасқыр:

–Жарайды, жарайды! Менің соңымнан қалмай еребер, - депті.

Екеуі бірге келе жатып, бір топ сиырды көріпті.

Қасқыр өзінің жолдасына қарап:

–Маған қарашы: менің көздерім, құлақтарым, аузым, құйрығым қандай екен? – депті.

–Сенің көзің шоқтай қызарып жайнаған, екі құлағын жылмиған, аузың арандай ашылған, құйрығың артқы екі аяғыңның арасына қыстырылып, жас шыбықтай болып майысқан, - депті күшік.

–Мен не қылар екем, соны қара, - депті де қасқыр шапшып барып, бір бұзаудың тамағына жабысып, тұншықтырып өлтіріпті, күшікті де тойғызады, өзі де тояды.

–Мен тойдым, сенің етінді жортып, кетіп қалыпты.

Күшік бұзаудың жемтігінің қасында қалып, үш күндей тегін етке тойып жатыпты. Ақырында, іші пысқан соң, қаңғып жортуға шыққан екен, бір аш мысыққа кез болып, оған:

–Ей, мен сені жеймін! – депті.

–Қой, күшеке, қой! Әуелі мені тойғыз, сонан соң жерсің, - депті мысық.

–Жарайды! Менімен бірге еріп жүр, - депті күшік.

Біраздаң соң бұлар бір топ түйеге келіпті.

Сол уақытта жардың астында бір киік кетіп бара жатады, арыстан соған қарғып түскенде, сүйектері құлпарша болады. Сонда түлкі келіп:

–Арсеке, бір жеріңіз ауырып қалды ма? – деп сұрайды.

Арыстан:

–Сүйекте сынбаған сүйек жоқ, - дейді.

Түлкі мұның қимылдауға шамасының келмейтінін біліп, қоң етін ойып жеп жатыр еді, сонда арыстан:

–Ай, түлкі, әуелі көз майымды жеші, - деді.

Түлкі:

–Арсеке, несіне асығасың! Бұйыртса, сенің бар майыңды жейтұғын болдым ғой! – дейді де, арыстанды және жеп алады. Сөйтіп түлкі кү қыстан шығады.

### **Түлкі мен қырғауыл**

Бір түлкі қалың ағашты аралап келе жатып, ағаштың басында отырған қырғауылды көреді де, жақындап келіп:

– Сәлеметсіз бе, қырғауылым, халің қалай? – дейді.

Қырғауыл:

– Жаксы, өзің қалай тұрасың? – дейді. Түлкі:

– Жерге түсіп, сөйлессеңіз қайтеді, бір құлағым естмеуші еді, - дейді.

Қырғауыл:

– Жерге түсуге қорқамын, жерде әр түрлі аңдар бар, бізді жеп қоюы мүмкін, - дейді. Түлкі:

– Әй, достым, биылғы заман бұрынғы заман емес, жаңа ғана келдім, бұйрық шығыпты, «бәреуге біреу зорлық қылмасқа, қой мен қасқыр бірге жүрсін, қырғауыл мен түлкі бірге жүрсін деген», - дейді. Қырғауыл:

–Жаксы хабарыңыз бар екен, рақмет, достым! Мына жақтан бір иттер келе жатыр, оларға да хабарыңызды айтыңыз, естісін, - дейді. Ит деген сөзді есіткен соң, түлкі алды-артына қарамастан қаша жөңеледі. Қырғауыл:

– Қайда барасың, түлкім, бұйрықты ұмытып кеттің бе? – дейді. Түлкі:

–Кім біледі, бұйрықты ұмытып кеттің бе? – дейді.

Кім біледі, бұйрықты ол естімеген шығар, - дейді міңгірлеп.

### **Өз атыңа не жетсін!**

Қоян көжегіне бір мықты ат қоюды ойлады. Ол оны "Жолбарыс" деп атайды. Көжек далаға шығады. Далада ешкінің лақтары ойнап жүр екен.

— Ей, ешкінің лақтары, мен сендермен бірге ойнайын ба? — дейді.

— Ей, сен кімсің, атың кім?

— Мен бе? Мен жолбарыспын.

— Ойбай! — деп лақтар қорқып, жан-жаққа қашып кетеді. Көжек үйіне келіп.:

— Ой, жолбарыс болмаймын, менімен ешкім ойнамайды, — дейді. Қоян:

— Е, онда сенің атың қасқыр болсын, — дейді.

Ертеңіне көжек тағы далаға шығады. Далада жас бұзаулар ойнап жүр екен.

— Әй, бұзаулар, мені де ойындарына қосыңдаршы, — дейді.

— Е, сен кімсің? Атың кім?

— Мен бе? Мен қасқырмын.

Бұзаулар оны сүзіп, теуіп, қуып жібереді. Көжек үйіне жылап келеді.

—Жоқ, мен қасқыр болмаймын. Мені бәрі ұрып жолатпайды, — дейді.

— Қап! Енді не істесем екен, күшті ат қойып едім, одан пайда болмады. одан да оған өзіне лайықты ат қояйын. Е, онда сенің атың «Ақкөжек» болсын, — дейді.

Келесі күні көжек далаға шығады. Далада борсықтың, түлкінің балалары жүр екен.

— Ей, борсықтың, түлкінің балалары, мені ойындарыңа қосыңдаршы, — дейді Көжек.

— Сен кімсің? Атың кім?

— Менің атым — Ақкөжек!

— Ой, мынау бір жақсы бала екен! Жүні қандай жүп-жұмсақ! — деп бәрі шу ете түседі. Көжек кешке дейін ойнайды. Кешке шаршап қайтады.

— Алақай, «Ақкөжек» деген қандай жақсы ат! — деп қуанды ол.

### **«Сымбатты» сиыр жайлы хикая**

Ерте заманда жануарлардың ішінде ең жүйрігі де сымбаттысы да сиыр болыпты. Сиырға ілесе алмапты. Келе – келе сиырға менмендік, өркөкіректік пайда болады.

Бірде ол жайылымда жүрген жылқыға кездесіп:

–Ей, ашқарақ, менің сөзіме құлақ сал. Сен өмірі күйіс қайтармайсың, жетер осы жайылғаның. Менімен жарысасың ба? – дейді.

–Мейлі, жарыссақ жарысайық, - деп жылғы келісімін береді.

Олар өздеріне межелі жерді белгілейді. Жолдың ортасында кәдімгі суыр жарысқандарға су беріп, дем беріп отырды.

Ә дегенде – ақ сиыр құйрығын шаншып алып, жылқыдан озып кетеді. Орта жолда ол:

–Суыр пасық, су қайда? – дейді көкіректеніп.

–Сиыр пасық, су мұнда! – деп ызасы келген суыр сиырға боржып, тұрып қалған суды ұсынады. Сиыр қарамастан сіміріп салады да, тасырлатып әрі шауып кетеді. Сиыр бір қыр асқан соң жылқы енгігіп жетіп, суырға:

–Суыр сұңқар, су қайда? – дейді.

–Жылқы тұлпар, су мұнда! – деп суыр риза болып жылқыға салқын, таза суды ұсынады.

Салқын су бойын ширатқан жылқы сиырдан озып межеге бұрын жетеді.

Міне, содан бері жылқы баласы сұлу да сымбатты, жүйрік болыпты. Ал сиыр сол оқиғадан соң демігіп жүгіре алмай, шабан жүрісті болып қалған деседі.

### **Жыл басына таласқан хайуанаттар**

Бұрынғы ерте заманда хайуандар жыл басы болуға таласыпты.

Сонда жылқы айтыпты:

-Мен алысты жақын қыламын. Күшімді болса көреді, сүтімді болса ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл басы мен боламын, - дейді.

Сонда түйе айтады:

-Сен адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шқп асайтын тамағың үшін құл болдың, міне сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс

жерлерге барамын. Аш болдым деп арпа, сұлы сұраймын. Көде болса көде, жусан болса жусан, не кез келсе, соны қорек етіп, табылса су ішіп, табылмаса шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық, - дейді.

Сонда сиыр:

-Адам егін ексе менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт, май істейді. Жыл басы болу маған лайық, - дейді.

Сонда қой:

-Мен болсам, қазақ үйін немен жабар еді, жүнімді алып киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт, май алады, шаруаға менен пайдалыларың жоқ, - дейді.

Сонда ит:

-Мен болмасам, сендердің көбіңді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Мен сендердің баршаларыңның бақташыңмын, дұшпан көрінсе үріп, абалап, иеме хабар беремін, - дейді.

Сонда әтеш:

-Мен болмасам, кісі ерте жұмысына бармай ұйқтап қалар еді. Мен таңертең тұрып, таң атты деп шақырып хабар айтамын. Кеш болса, жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын, - дейді.

Тышқан не айтарын білмей тұрды да, бір түрлі қулық ойлап, жиналған көпке былай деді:

-Бұл таластан еш нәрсе өнбес, жылды қарап тұралық та, кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын.

Өзгелері жыл қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді» деп тышқанның сөзін қоштап, бәрі қарасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің үстіне шығып, өркешінің басына мінеді де отыра береді. Көп хайуан таласып, біз көреміз деп тұрғанда, ең биікте отырған тышқанды көріп еш нәрсе демепті.

Сонан соң бәрінен тышқан бұрын көріп, хабар беріп, жыл басы болыпты. Түйе бойына сеніп құр қалыпты.

## ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

### «Тыңдалым» бойынша тест тапсырмалары

#### Тыңдаңыз!

##### МӘТІН 1.

Маңғыстауда тек мұнай мен газдан басқа да кен байлықтары мол. Соның бірі әктас (ракушечник). Оның қоры шексіз мол мөлшерде. Физика-механикалық қасиеттері Оңтүстік Украина және Қырым тастарынан жоғары болып келеді. Түстері қызыл, мрамор түсті ақ, буалдыр көкшіл, ақ сары, жасыл малахит түсті болып келеді. Әктас көп жерде пайдаланылатын құрылыс материалы. Маңғыстауда құрылысқа өте керекті бор мен құмды ізбестің (мергель) қоры да бар. Саздың түрлері де жеткілікті. Шыны ыдыс жасауға өте жарамды бентаниттің де қоры кездеседі.

Маңғыстауда өзен сулары болмағанмен жерасты, оның ішінде шипалы сулардың көзі мол. Олар бромды, хлоридті, натрийлі, күкіртті болып келеді. Бұл сулар көптеген Кавказ суларынан кем түспейді және 20 шақты аурудың түріне ем болады.

Маңғыстаудан көмір кені де табылып, 1944 жылы Таушық жерінен 18 мың тонна көмір өндірілді. Таушықтың көмірін тиімді пайдалану болашақтың ісі. Маңғыстауда сирек кездесетін қымбат странций металын алуға мүмкіндік беретін целестин және мыс кен орындары да бар. Уран кен орны ашылған соң құрылған Тау – кен металлургия комбинаты уранмен қатар сирек кездесетін құнды металдарды да шығарды.

##### \$\$\$-1

*Мәтін тақырыбын табыңыз*

- A) Таушық жері
- B) шипалы сулар, Кавказ сулары
- C) Қырым тастары
- D) Маңғыстау байлықтары

##### \$\$\$-2

*Дұрыс жауапты таңдаңыз.*

Мәтіннің соңғы бөлігі не туралы?

- A) Маңғыстау кен орындары
- B) өзен сулары
- C) жерасты сулары
- D) құрылыс материалы

##### \$\$\$-3

*Мәтінде жоқ ақпаратты табыңыз.*

- A) Маңғыстауда құрылысқа өте керекті бор мен құмды
- B) Маңғыстауда мұнай мен газ мол.
- C) Маңғыстауда шипалы сулардың көзі мол.

D) Маңғыстау өзен суларына бай.

\$\$\$-4

*Мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздерді табыңыз.*

- A) Оңтүстік Украина, Қырым
- B) Таушық жері, Өзен сулары,
- C) Шыны ыдыс,
- D) кен байлықтары, шипалы сулар, көмір кені

**Тыңдаңыз!**

## **МӘТІН 2.**

Халқымыз табиғатты анаға теңеген. Өйткені табиғатта тіршілік өсіп-өнеді. Өзіндегі барды адамға, жан-жануарға, өсімдікке берген. Табиғатта басы артық ештеңе жоқ. Табиғат сырын терең білмей, оған немқұрайлы қарау үлкен апатқа соқтырады. Бір кездерде табиғатты бағындыруды мақсат тұтып, ормандар аяусыз балтalandы, аң-құстар шамадан тыс ауланды, жер жөн-жосықсыз жыртылып, топырақта эрозия пайда болды. Соның салдарынан бүгінгі таңда адам баласына ядролық апаттан гөрі экологиялық апат аса үлкен қауіп төндіріп отыр. Бізді экологиялық апатқа душар еткен адам санасының эрозиясының нәтижесі.

Экология деген сөз «тіршілік ету мекені, өмір сүретін орта» туралы ғылым дегенді білдіреді. Алғаш рет 1886 жылы «экология» терминін атақты неміс биологы Эрнест Геккель ғылымға енгізген. Ол: «Экология - табиғат пен тірі ағзалардың өзара қарым-қатынасын зерттейтін ғылым» деген анықтама берген. Бүгінде тәуелсіз Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем алдында экология мәселелері тұр. Адам ақыл-ойының нәтижесі алып ракеталар, атом станциялары, зауыттар, т.б. ғылыми прогресс жетістіктері өмірімізді байыта, жеңілдете түсумен қатар қауіп-қатер туғызуда. Осының бәрі экологиялық сананың жеткіліксіздігінен, адамдардың болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін жете сезінбеуінен. Адам өміріне экологиялық зардаптардың әсер ете бастауы олардың қоршаған ортаға жыртқыштықпен қарауының салдары.

Бүгінде санасында сәулесі бар әрбір адамды туған жердің табиғатының тағдыры толғандыруы керек. Ауылдық жерлердегі экологиялық, санитарлық, эпидемиялық жағдайдың нашарлауы салдарынан жұқпалы аурулар көбейіп отыр. Адамдар ядролық жарылыстардың зардабын әлі де тартуда, рак, өкпе, қан аздығы, қант диабеті, қан қысымының жоғары болуы, жүрек, психикалық аурумен ауыратындар көп.

Радиациялық заттар қоршаған ортаға ядролық отындар өндірісінде, атом құралдарын жасап сынау кезінде таралады. Радиацияның шамадан артық мөлшері ағзада қатерлі ісіктің, генетикалық өзгерістердің пайда болуына әсер етуде, Семей аумағында қазір 700 мың гектар радиациямен зақымданған жер бар. Оның адам денсаулығына тигізетін әсері үлкен. Сонымен бірге, табиғи

ортаға ғарыштық сәулелер, топырақтан, күн сәулесінен келетін немесе жасанды жолмен-флюорография, теледидар экраны, сағаттардың шағылыс циферблаттарынан т.с.с. туындайтын сәулелер де адамға әсер етеді.

Өсімдік - тіршілік тірегі. Ғаламшардағы өсімдіктер жылына ауа қабатына 400 миллион тонна оттегін бөліп шығарады. Жылына бір адам тыныс алу үшін 173 мың литр оттегін қабылдайтыны анықталған. Жасыл желектер ауаны улы газ бен шаңнан тазартады. Өсімдіктер ауада ауру түдыратын бактерияларды жоятын ерекше зат бөліп шығарады.

1989 жылы ақпан айында алғашқы антиядролық қозғалыс құрылды. Олжас Сүлейменов басқарған бұл қозғалыс әлемді ұйқысынан оятып, адамдардың бейбіт өмір сүру құқығын талап етуіне жол ашты. Халықты дүние жүзінде аузынан от шашқан тажалды бітеу үшін көтерген «Невада-Семей» қозғалысын бүгінде білмейтін адам жоқ. 1991 жылы 29 тамызда Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев Семей полигонын жабу туралы жарлыққа қол қойды. Бүгінгі таңда Қазақстандағы экологиялық жағдайдың ушығып тұрған ошақтары Арал мен Балқаш. Бұл көлдер тек қана Қазақстан емес әлем халқын алаңдатып отыр. Аралды құтқару мәселесіне тек эколог ғалымдар ғана емес, еліміздейтін барша азаматтар атсалысуда. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың назарында әрқашан экологиялық проблемалар тұр. Осындай ағалар арқасында «Арал-Балқаш» қоры құрылды. Ол дүние жүзіндегі ең беделді ұйымдардың бірі.

\$\$\$-1

*Дұрыс жауапты табыңыз*

Экология деген сөз қандай мағына береді?

- A) ауа,су
- B) қорғау, сақтау
- C) тіршілік ету мекені, өмір сүретін орта
- D) өзгерту, бүлдіру

\$\$\$-2

*Дұрыс жауапты табыңыз.*

Жылына бір адам тыныс алу үшін... литр оттегін қабылдайтыны анықталған.

- A) 173 мың
- B) 700 мың
- C) 500 мың
- D) 100 мың

\$\$\$-3

*Мәтін идеясын көрсетіңіз*

- A) Жастарды табиғат қорғауға шақыру
- B) Табиғат жанашырларын мақтан тұту
- C) Экология сөзінің шығу төркінін анықтау
- D) Қазақстан экологиясы туралы түсінік беру

\$\$\$-4

*Мәтін тақырыбын табыңыз*

- A) Қазақстан экологиясы
- B) «Невада-Семей» қозғалысы
- C) Арал-Балқаш» қоры
- D) Адам денсаулығының бұзылу себептері

\$\$\$-5

*Сәйкесін табыңыз*

... Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев Семей полигонын жабу туралы жарлыққа қол қойды.

- A) 1991 жылы 29 тамызда
- B) 1989 жылы ақпан айында
- C) 2000 жылы 16 желтоқсанда
- D) 1986 жылы 16 желтоқсанда

\$\$\$-6

*Мәтіннің соңғы бөлігі не туралы?*

- A) Әлемдік экология мәселесі
- B) Қазақстан экологиясын сақтауда жасалынып жатқан жұмыстар
- C) Радиациямен зақымданған аймақтар
- D) Экологиялық зардаптардың себептері

\$\$\$-7

Алғашқы антиядролық қозғалысты кім басқарды?

- A) Олжас Сүлейменов
- B) Н.Ә.Назарбаев
- C) Эрнест Геккель
- D) М.Елеусізов

\$\$\$-8

*Дұрыс жауапты таңдаңыз.*

Халқымыз табиғатты неге теңеген?

- A) орманға
- B) ауаға
- C) тіршілікке
- D) анаға



## Тыңдаңыз!

### МӘТІН 3.

Шұбат қазақ халқының дәстүрлі сусындарының бірі. Шұбаттың түйе сүтінен дайындалатын белгілі. Бұл сусынның дәрулік, шипалық қасиеті де бар. Шұбат қымызға қарағанда қою әрі майлы. Оның майлылығы сегіз пайызды құрайды.

Оның емдік қасиеті құрамындағы сүт қантына, сүт қышқылына, ақуыз бен дәрумендер және антибиотиктік заттарға байланысты. Шұбат сусыны құрамындағы ақуыздардың едәуір бөлігі ағзаға ыдыраған күйінде түседі. Шұбаттың жеңіл қорытылатындығы сондықтан. Бұл сусын асқазан бездерінен сөл шығарта отырып, ішек қызметін жақсартады. Адамның тәбетін ашып, тамақтың жақсы қорытылуына көмектеседі.

\$\$\$-1

*Мәтін тақырыбын табыңыз*

- A) Қымыздың құрамы
- B) Адам ағзасы
- C) Қазақтың емдік сусыны
- D) Адамның тәбеті

\$\$\$-2

*Мәтінде жоқ ақпаратты табыңыз*

- A) Шұбат ішек қызметін жақсартады.
- B) Шұбат қымызға қарағанда сұйық әрі майсыз.
- C) Шұбат қазақ халқының дәстүрлі сусындарының бірі.
- D) Адамның тәбетін ашып, тамақтың жақсы қорытылуына көмектеседі.

\$\$\$-3

*Дұрыс сұрақ қойыңыз.*

Бұл сусынның дәрулік, шипалық қасиеті де бар

- A) Бұл сусынның неге қасиеттері бар?
- B) Бұл сусында бар қасиетті қандай?
- C) Бұл сусында неге дәрулік, емдік қасиет бар?
- D) Бұл сусынның қандай қасиеттері бар?

\$\$\$-4

*Дұрыс жауапты табыңыз.*

Шұбаттың ... сүтінен дайындалатыны белгілі.

- A) түйе
- B) бие
- C) сиыр
- D) қой

## Тыңдаңыз!

### МӘТІН 4.

Шарын ұлттық табиғи паркі – Алматы облысының Еңбекшіқазақ, Райымбек және Ұйғыр аудандарында орналасқан мемлекеттік саябақ. 2004 жылы ұйымдастырылған. Жер көлемі 93,2 мың гектар.

Саябақ 1964 жылдан бері республикалық маңызы бар табиғат ескерткіші ретінде қорғалып келді. Шарын ұлттық табиғи саябағы Үлкен Бөгеті тау жотасын, Сөгеті аңғары мен шекаралас шөлді жерлерді Шарын өзенінің бойындағы «Қызғылт қамалдар» аңғарын, сол маңдағы далалы алқапты және Торайғыр тауы беткейлерін қамтиды. Саябақ аумағынан Шарын өзені ағып өтіп, Іле өзеніне құяды. Шарын өзеніне тау беткейлерінен басталатын Шалкөдесу, Кеген, Қарқара, Кенсу, Орта Мерке, Шет Мерке, Темірлік, т.б. ұсақ өзендер қосылады. Саябақтың ауа райы құрғақ қоңыржай, жауын-шашынның жылдық мөлшері 150 мм-дей.

Шарын ұлттық табиғи саябағында геологиялық ежелгі кезеңдерден сақталып келе жатқан «Қызғылт қамалдар» аңғарының кескін-келбеті өте таңданарлық. Шарын өзенінің миллиондаған жылдар бойы жуып-шаюынан өзен аңғарында ойдым-ойдым қызғылт түсті шатқалдар пайда болған. Дәл осындай табиғаты ерекше шатқал дүние жүзінде Шарыннан басқа тек АҚШ-тағы Колорода штатында ғана кездеседі.

Саябақта өсімдіктердің 940 түрі өседі. Ондағы өсімдіктердің 21 түрі қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» тіркелген. Сүтқоректілердің 60, құстардың 300, бауырымен жорғалаушылардың 20, балықтардың 10 түрі кездеседі.

Саябақ аумағынан ерте кездерде тіршілік етіп, кейіннен жойылып кеткен пілдердің, мүйізтұмсықтардың, қорқау қасқырдың, стенон жылқысының, т.б. жануарлардың қаңқа қалдықтары да табылған.

\$\$\$-1

*Мәтін тақырыбын табыңыз.*

- A) Шарын табиғаты
- B) Қызыл кітап
- C) Шарын ұлттық паркі
- D) Шарыннан табылған жануарлар

\$\$\$-2

*Дұрыс жауапты таңдаңыз.*

Мәтіннің соңғы бөлігі не туралы?

- A) «Қызыл кітап» туралы
- B) Шарынның аумағы туралы
- C) Ағып өтетін өзендер туралы
- D) жануарлардың табылған қаңқа қалдықтары

\$\$\$-3

*Дұрыс жауапты таңдаңыз.*

Мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздер.

- A) піл, мүйізтұмсық,
- B) қорқау қасқыр
- C) стенон жылқысы
- D) тау жотасы, аңғар, шатқалдар

\$\$\$-4

*Дұрыс жауапты таңдаңыз.*

Саябақта өсімдіктердің ... түрі өседі.

- A) 300
- B) 60
- C) 940
- D) 10

**Тыңдаңыз!**

**МӘТІН 5.**

Қазіргі Тараз қаласынан 18 шақырым қашықтықта «қазақ Тәж-Махалы» деп атауға тұратын Айша-бибі мазары бар. Мазар XI-XII ғасырларда салынған. Қысы-жазы бұл мазардың айналасы құж-құж қайнаған тәу етушілер мен туристер, жас ғашықтардан бір босамайды. Архитектуралық ерекшелігіне келсек, мазар қабырғалары аса шебер құйылған өрнекті плиталармен қапталған. Оны тек Бұхарадағы Исмаил Самани кесенесімен ғана салыстыруға болады. Келін болып босаға аттамаса да, уәдеге берік Айшаның соңғы демі өз қолында шыққанына әрі риза, әрі құса болған Қарахан Айша бибі қабірінің үстіне күмбез тұрғыздырады. Бірақ кесенені салған сәулетші туралы нақты дерек жоқ. Осы кезге дейін кесененің тек батыс бөлігі жеткен. Қазір кесене толығымен жаңартылған. Ескерткіш туристерді тек ерекше сәулетімен емес, сонымен бірге айдай сұлу Айша-бибі мен батыр Қарахан арасындағы шексіз махаббат жайлы аңызымен де қызықты.

Айша ару әйгілі шығыс ақылшысы Зеңгі бабаның қызы болып келеді. Аңыз бойынша Айша өзінің ғашығы Қараханға бара жатқан жолында улы жыланның шаққанынан қайтыс болған. Ал, Айша бибі мазарының жанындағы қарапайым кесене Айшаның қамқоршысы – Бабажы қатынға арналған. Ол Айшаны ұзақ сапар барысында қамқоршысы болып, кейін оның кесенесіне қарап, алғашқы шырақшысы болған.

Айша бибі хикаясын зерттеген тараздық журналшы Б.Әбілдаев «Айша бибі» деген пьеса жазды. Айша бибі кесенесі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілген. Мазар мемлекет қорғауына алынып, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енгізілген.

\$\$\$-1

*Мәтін тақырыбын табыңыз*

- A) Қараханмен махаббаты
- B) Айша-бibi мазары
- C) Айша бибінің қайтыс болу себебі
- D) Айшаның шырақшысы

\$\$\$-2

*Мәтіндегі асты сызылған сөзге қарама-қарсы сөз табыңыз*

Айша бibi мазарының жанындағы қарапайым кесене Айшаның қамқоршысы – Бабажы қатынға арналған.

- A) жеңіл
- B) оңай
- C) күрделі
- D) кішкентай

\$\$\$-3

*Мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздерді табыңыз.*

- A) мазар, күмбез, кесене
- B) тізім, қорғау
- C) мәдени мұра
- D) ғашық, қамқоршы

\$\$\$-4

*Дұрыс жауапты таңдаңыз.*

Мазар ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік ... тізіміне енгізілген.

- A) алтын әріп
- B) мәдени ескерткіш
- C) мәдени қала
- D) мәдени мұра

**Тыңдаңыз!**

**МӘТІН 5.**

- Сәлеметсің бе? Танысып қояйық, атым -Әділет, «Тарих» мамандығына оқуға түстім.
- Сәлем! Менің атым - Әсел. Танысқаным өте қуаныштымын. Қандай сәйкестік, екеуіміз бір факультетте оқитын болдық. Мен «Археология» мамандығына түстім. Мен -Өскеменмін, өзің қайдансың?
- Мен Ақтаудан келдім.
- Мен Ақтауда болған емеспін. Сен маған Ақтау туралы айтып берші.
- Ақтау Қазақстанның батысында орналасқан. Каспий теңізінің жағасында орналасқан сұлу қала. Қыстыгүні аққулар жағалауға жақын келеді. Біз

аққуларға жем беруге барамыз. Біздің аймақта тарихи ескерткіштер өте көп.

\$\$\$-1

*Қате ақпаратты табыңыз.*

- A) Әсел Ақтауда бұрын болған.
- B) Ақтау Қазақстанның батысында орналасқан.
- C) Қыстыгүні аққулар жағалауға жақын келеді.
- D) Әділет «Тарих» мамандығына оқуға түсті.

\$\$\$-2

*Сәйкес пікірді табыңыз.*

Біздің аймақта ... өте көп.

- A) шипажайлар
- B) өзендер
- C) саябақтар
- D) тарихи ескерткіштер

\$\$\$-3

*Дұрыс ақпаратты көрсетіңіз*

- A) Қыстыгүні аққулар жағалауға жақын келеді.
- B) Әсел Өскеменнен келген.
- C) Ақтау Қазақстанның шығысында орналасқан.
- D) Олар бір факультетте оқиды.

**Тыңдаңыз!**

**МӘТІН 6.**

Үстірт қорығы – Қазақстанның батыс аймағындағы жалғыз қорық. 1984 жылы ұйымдастырылған қорықтың негізгі мақсаты – шөлейт өңірдің табиғат дүниесін табиғи күйінде сақтап қалу. Үстірт қорығының басқа қорықтардан ерекшелігі – мұнда табиғи ландшафттың алуан түрі кездеседі. Үстірт жонының ең қиыр оңтүстігі тақтайдай тегіс қыр бітіп, шың-құзға айналады. Құз етегі ұшы-қиырына көз жетпейтін, тіршілік белгісі жоқ Кендірлі сорына ұласады.

Қорық солтүстігінде Қараған Босаға деп аталатын аңғар бар. Үстірт жонына шығар басты асулардың бірі, Ұлы жібек жолының ескі сүрлемі – Сенек-Қоңырат жолы жатыр. Ол қорықтың табиғи шекарасы сияқты. Қараған Босаға тауына кіре берісте Адайдың XIX ғасырдың орта тұсында ерлігімен көзге түскен батырлары Балуанияз бен Тұрмамбет жерленген.

Көкесем – қорық аумағындағы тұщы сулы өңір. Тау үстіндегі құдық адам баласының ішуіне арналған болса, етектегі тамшы бұлақ –осы маңайдағы жан-жануарлардың тіршілік көзі.

Қорықтағы табиғи ескерткіштердің бірі – Қарамая жоталары. Шығыстан батысқа созыла орналасқан тау түсі мен тұрпатына байланысты Қарамая деп

аталады. Зерттеушілердің пікірінше, ежелгі мұхит вулкандық жарылыстардың әсерінен түзілген. Тау жыныстары мен топырақ жамылғысының айналасынан өзгешелігі – бұл пікірді растай түседі. Геологиялық жасы жетпіс миллион жылды қамтитын таудың топырақ түзілімі қоңыр қара түсті, жұмсақ, сынғыш тастардан құралған. Бұлар өте әдемі, ұқыпты етіп жинақталып, текшеленіп орналасқан. Жоталардың шығыс беткейінде көмір ұнтақтары кездеседі.

Жер бедері мен топырағының әртүрлі болып келуіне байланысты қорықтың өсімдіктер дүниесі де сан алуан. Қорық аумағында 43 тұқымдас, 163 туыстан тұратын өсімдіктердің 263 түрі кездеседі. Олардың бесеуі қызыл кітапқа енген.

Үстірт қорығы аумағында сүт қоректілердің 29 түрі, бауырмен жорғалаушылардың 15 түрі, қосмекенділердің 1 түрі, омыртқасыздардың 300-ге жуық түрі мекендейді. Қорықта құстардың 110-ға жуық түрі кездеседі.

\$\$\$-1

*Мәтін тақырыбын табыңыз.*

- A) Қорықтағы табиғи ескерткіштер
- B) Қорықтың бұлақтары
- C) Қорықтың жануарлар дүниесі
- D) Үстірт қорығы

\$\$\$-2

*Дұрыс жауапты табыңыз.*

- A) Үстірт қорығы 1960 жылы ұйымдастырылған.
- B) Қорықта құстардың 110-ға жуық түрі кездеседі.
- C) Жоталардың шығыс беткейінде шыршалар кездеседі.
- D) Өсімдіктердің барлығы қызыл кітапқа енген.

\$\$\$-3

*Мәтіннің алғашқы бөлігі не туралы?*

- A) Үстірт қорығы, ерекшелігі
- B) Кендірлі соры
- C) Табиғи ландшафт
- D) Адайдың батырлары

\$\$\$-4

*Мәтіннің идеясын табыңыз*

- A) Табиғи қорықтарды сақтауға шақыру
- B) Ел байлығының қадірін білу
- C) Қорықты жарнамалау
- D) Табиғи құндылықтарымызбен таныстыру

\$\$\$-5

*Дұрыс жауабын табыңыз.*

Үстірт қорығы – Қазақстанның ... аймағындағы жалғыз қорық.

- A) оңтүстік
- B) шығыс
- C) батыс
- D) солтүстік-шығыс

**Тыңдаңыз!**

**МӘТІН 7.**

Адамзат әр уақытта табиғатқа бағынышты болып, оның ресурстарын өз қажеттілігіне жұмсап келген. Сонымен бірге адамдарда үнемі табиғатты “бағындыру” арманы болған. Қалай болғанда да адамның табиғатқа, табиғи ортаға деген көзқарасы болашақ ұрпақ мүддесі үшін тиімділікті, саналылықты керек ететін көзқараспен ұштаса жүруі қажет. Табиғат ресурстарына баю мен пайда табу көзі ретінде қарамау керек. Аз уақыттық табысқа бола оларды ретсіз жұмсауға, қоршаған ортаны адамдар мен барлық тіршілік үшін зиянды қалдықтармен ластауға болмайды.

Ғылыми-техникалық прогресс адамдарды табиғи ортаға әсер етудің ауқымды мүмкіндіктерімен және құралдарымен жарақтандырып қана қоймай, сонымен бірге бұл ортаны сақтау мен қалпына келтірудің тәсілдері мен жолдарын көрсетіп беруде. Адам баласына табиғи ортаны сақтау мен оның ластануына жол бермеудің түрлі мүмкіндіктері белгілі. Олар: ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік беретін қалдықсыз технологияны енгізу; жылу мен энергияны табиғи көздерден өндіру; жаңа технологияны пайдалану, т.б.. Адамзат баласы мұндай әдіс-тәсілдерді қолданған жағдайда жер шарының тыныштығы мен байлығын сақтауға мүмкіндік аламыз.

Экологияның нашарлай түсуі Қазақстан жағдайында бұрын-соңды болмаған жаңа проблемалар тудыруда. Оған ауа, су, топырақ ресурстары мен өсімдік пен жануарлар әлеміндегі соңғы жылдардағы өзгерістер мысал бола алады. Каспий мұнайын өндіруде шетелдіктер қазір тек табыс көзін ойлап отырғаны белгілі, ондағы итбалықтың, теңіздің басқа да жануарларының жылма-жыл қырылып жатқаны табиғатқа үлкен зиян келіп тұрғанынан екенін ешкім ойлап жатқан жоқ.

1949-1996 жылдар аралығында Қазақстан жерінде 500-ге жуық ядролық сынақ жарылыстары жасалды. Ол 20 млн. га жердің тоз-тозын шығарып, тіршіліксіз экожүйеге айналдырды. Одан миллиондаған адам тұратын елді мекендер әлі зардап шегіп отыр. Қазақстанда қазіргі кезде 16 млн.т. қатты радиоактивті қалдықтар жинақталған. Мамандардың зерттеуі бойынша, Қазақстанда тұратын 2,6 млн. адам мутагенез ауруына шалдыққаны анықталған.

Экологиялық жағдайлардың бәріне талдау жасау, оның зардабынан сақтандыру, шаралар қолдану, қоғамдық пікір туғызу үшін көпшіліктің экологиялық білімі мен тәрбиесін, мәдениетін көтеру керек. Ол үшін Елбасы қолдап отырған экологиялық білім беру ісін жүйелі түрде іске асыру қажет.

Бүгінгі таңда халыққа экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесін мемлекеттік деңгейге көтерудің қажеттігі туындап отыр. Экологиялық білім беру дегеніміз – адамзат қауымының, қоғамның, табиғаттың және қоршаған ортаның үйлесімділігін және табиғатты тиімді пайдаланудың жолдарын халыққа түсіндіру. Оның ішінде, қоршаған орта мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану арқылы табиғатты аялай білетін, оны бүлінуден қорғайтын, экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары, ізгілікті, адамгершілігі мол жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызы зор.

\$\$\$-1

*Мәтіннің тақырыбын табыңыз*

- A) Экологиялық білім беру
- B) Адам және қоғам
- C) Адамның табиғатқа әсері
- D) Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану

\$\$\$-2

*Мәтіндегі жоқ деректі табыңыз*

- A) Қазақстанда қазіргі кезде 16 млн.т. қатты радиоактивті қалдықтар жинақталған.
- B) 1949-1996 жылдар аралығында Қазақстанда 500-ге жуық ядролық сынақ жарылыстары жасалды.
- C) Каспий мұнайын өндіруде шетелдіктер экологияға басты назар аударуда.
- D) Қазақстанда тұратын 2,6 млн. адам мутагенез ауруына шалдыққан.

\$\$\$-3

*Сәйкесін табыңыз.*

Табиғат ресурстарына ... көзі ретінде қарамау керек.

- A) пайда табу
- B) ядролық сынақ
- C) радиоактивті қалдықтар
- D) өнім

\$\$\$-4

*Мәтіннің түйіні*

- A) Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану
- B) Экожүйе қалыптастыру
- C) Экологиялық білім беру
- D) Жануарлар әлеміндегі соңғы жылдардағы өзгерістер



\$\$\$-5

*Сәйкесін табыңыз.*

Адамдарда үнемі табиғатты ... арманы болған.

- A) үнемдеу
- B) жетілдіру
- C) “бағындыру”
- D) үйлестіру

\$\$\$-6

*Мәтіндегі негізгі идеяны табыңыз*

- A) ядролық сынақ жарылыстары туралы ақпарат беру
- B) қоршаған ортаны қалпына келтіруге үндеу
- C) табиға пен адам байланысын көрсету
- D) табиғатты қорғауға шақыру

**Тыңдаңыз!**

**МӘТІН 8.**

- Әке, біз бүгін апайымызбен теңіз жағалауына бардық.
- Дем алдыңдар ма?
- Теңіз жағасындағы қоқыстарды жинадық.
- Жарайсың, балам! Табиғатты қорғауға өз үлесіңді қосқаның жөн!

\$\$\$-1

*Сұхбат не туралы?*

- A) қоқыс
- B) балалар
- C) тазалық
- D) ардагерлер

\$\$\$-2

*Дұрыс жауапты таңдаңыз*

Әкесі баласының ісіне ... болды.

- A) күлді
- B) ренжіді
- C) риза
- D) ұрысты

**Тыңдаңыз!**

**МӘТІН 9.**

- Есен, демалыста не істемек ойың бар?
- Ойластырған жоқпын. Сен ше?
- Біздің топ Шарын шатқалына саяхатқа бармақшы. Мен сені де апарғым келеді.
- Әрине, жақсы болар еді. Демалыста үйде болғаннан табиғатты тамашалап, дем алғанға не жетсін!

–Мен сенің табиғат аясын ұнататыныңды жақсы білемін ғой.

–Рахмет, досым.

–Жақсы. Онда ертең сағат сегізде шығамыз.

\$\$\$-1

*Дұрыс жауапты таңдаңыз.*

Олар қайда барады?

A) сағат сегізде

B) үйге

C) досына

D) саяхатқа

\$\$\$-2

*Сөйлемді аяқтаңыз*

Олар қашан шығады?

A) таңертең

B) кеше

C) түсте

D) бүгін

\$\$\$-3

Есен демалыста табиғатты тамашалап, дем алуды... .

A) ұнатады

B) жақтырмайды

C) қаламайды

D) сүймейді

**Тыңдаңыз!**

**МӘТІН 10**

Байкал - Шығыс Сібірдің оңтүстік бөлігіне орналасқан. Байкал дүниежүзіндегі ең таза, ең ежелгі, ең терең өзен болып есептеледі. Байкал оңтүстіктен солтүстікке 636 км-ге жарты ай түрінде созылып жатыр. Байкал шамамен 25-30 миллион жыл бұрын пайда болған. Байкалдың тереңдігі - 1637 метр екен. Байкал өзеніндегі су көлемі Солтүстік Американың бес ұлы өзендерін қосқандағы су көлемінен де көп екенін. Сібірдің шығысынан 31,5 мың километрді алып жатыр. Ол Дания, Бельгия немесе Нидерланды ауданымен теңеседі. Байкал жыл бойы ашық күнімен ерекшеленеді. Байкалда 2630 түрлі өсімдіктер мен жануарлар өседі. Тұрғылықты тұрғындар Байкалды өзен деп қарамайды. Оны "қасиетті теңіз", "қасиетті су" деп атаған.

\$\$\$-1

*Мәтін не туралы?*

A) Байкал

B) аңыз

- C) Дания
- D) Бельгия

\$\$\$-2

*Мәтінде жоқ ақпаратты табыңыз.*

- A) Байкал - Шығыс Сібірдің оңтүстік бөлігіне орналасқан.
- B) Байкалда 2630 түрлі өсімдіктер мен жануарлар өседі.
- C) Байкал дүниежүзіндегі ең тұзды өзен болып есептеледі.
- D) Байкал шамамен 25-30 миллион жыл бұрын пайда болған.

\$\$\$-3

*Мәтіндегі негізгі ақпаратты табыңыз*

- A) Байкал - Шығыс Сібірдің оңтүстік бөлігіне орналасқан.
- B) Байкалдың су көлемі Солтүстік Американың бес ұлы өзендерін қосқандағы су көлемінен де көп екен.
- C) Тұрғылықты тұрғындар Байкалды өзен деп қарамайды.
- D) Оны "қасиетті теңіз", "қасиетті су" деп атаған.

\$\$\$-4

*Мәтіндегі қосымша ақпаратты табыңыз*

- A) Байкал шамамен 25-30 миллион жыл бұрын пайда болған.
- B) Байкалдың тереңдігі - 1637 метр екен.
- C) Тұрғылықты тұрғындар Байкалды өзен деп қарамайды.
- D) Сібірдің шығысынан 31,5 мың километрді алып жатыр.

**Тыңдаңыз!**

### **МӘТІН 11.**

Қаратау жотасы – ежелгі әрі әсем табиғи көріністердің бірі. Бұл өңір археологиялық және этнографиялық ескерткіштерге бай.

2004 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №249 қаулысымен Қаратау мемлекеттік табиғи қорығының құрылды. Бұл қорық қарт Қаратау жотасының орталық бөлігінде 34300 гектар жерді алып жатыр. Қорық Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының аумағында орналасқан. Қорық 2 учаске және 7 айналымға бөлінген. Қаратау қорығының аумағында Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген Қаратау арқары кеңінен таралған.

Қаратау арқары – денесі ірі, ұзын сирақты жануар. Ересек құлжалардың дене ұзындығы 150-200 сантиметр, биіктігі 125 сантиметрдей. Күзге қарай салмағы – 60-105 килоға жетеді. Арқарлар суаттары бар, азығы мол, үрей туғызбайтын мекендерде тұрақты қоныстайды. Бірақ өрт, мал жаю, қар қалыңдығы, су көздерінің тартылып қалуы, індеттің кең етек алуы – арқардың ондаған шақырымдарға қоныс аударып кетуіне басты себеп болады. Арқарлардың қорегі – бұталар мен шөптесін өсімдіктер. Олардың рационана шамамен өсімдіктердің 70 түрі кіреді. Арқарлар наурыздың аяғында төлдей бастайды. Арқарлардың төлдейтін жерлері - тау шатқалдары мен жыралар.

2004 жылдың күзіндегі санақ бойынша қорық аумағында арқардың 38 дарасы бар екенін анықталды. Табиғатты қорғау іс-шараларының нәтижесінде олардың саны бес жылдың ішінде бес есе көбейді. Қорық құрылғалы бері оның аумағында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Жыл сайын қорық инспекторлары және ғылыми қызметкерлер маусымдық санақтар мен мониторингтік бақылауларды үзбей жүргізіп келеді.

\$\$\$-1

*Мәтін тақырыбын табыңыз*

- A) Табиғат қорғау
- B) Ғылыми-зерттеу жұмыстары
- C) Қызыл кітап
- D) Қаратау арқары

\$\$\$-2

*Дұрыс жауапты таңдаңыз.*

Мәтіннің соңғы бөлігі не туралы?

- A) Қаратау арқарын көбейтудің жолдары
- B) Арқарлардың салмағы
- C) Арқарлардың мекені
- D) Қорықтың аумағы

\$\$\$-3

*Мәтінде жоқ ақпаратты табыңыз.*

- A) Арқарлар наурыздың аяғында төлдей бастайды.
- B) Олардың рационнаына шамамен өсімдіктердің 70 түрі кіреді.
- C) Арқарлардың төлдейтін жері - жазық дала.
- D) Арқарлардың қорегі – бұталар мен шөптесін өсімдіктер.

\$\$\$-4

*Мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздерді табыңыз.*

- A) рацион, кесте, күн тәртібі
- B) қасқыр, жануар, жыртқыш
- C) дала, көкжиек, таза ауа
- D) арқар, қорық, құлжа, төл

**Тыңдаңыз!**

**МӘТІН 12.**

Аққулар –қазтәрізділер отряды, үйрек тұқымдасының жеке туысына жататын өте сымбатты құстар. Қазақстанда аққудың үш түрі: сұңқылдақ аққу, сыбырлақ аққу, кіші аққу кездеседі. Денесі созылыңқы, басы онша үлкен емес, тұмсығы тік әрі жалпақтау келеді. Қауырсыны тығыз әрі ұлпілдек мамықты ақ түсті. Тек Австралия мен Тасманияда кездесетін бір түрі ғана қара болады.

Салмағы 5-10 кг, ең ірісі 13 кг-ға жетеді. Қанатының ұзындығы 150-180 см. Олар тіршілігінің көп уақытын суда өткізеді, жақсы жүзеді, бірақ сүңги алмайды, құрлыққа сирек шығады. Аққулар су жағалауындағы өсімдіктердің арасындағы ұясына 3-7-ге дейін жұмыртқа салады, оны көбіне аналығы басады. 29-40 күнде ширақ балапандар шығады. Балапандарына жұптасып қамқорлық жасайды. Ал аталығы ұясын, балапандарын қорғайды.

Аққулар жылына бір рет түлейді. Ересектері су өсімдіктерімен, кейде судағы омыртқасыз жәндіктермен, ал балапандары су жәндіктерімен қоректенеді. Аққу – жыл құсы. Қыс жылы кезде аққудың біраз тобы Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында – Ақтау қаласының маңында қыстап шығады.

Аққулар – жұп құрып тіршілік етеді. Бір ерекшелігі жұптарын өлгенше жазбайды. Халқымыз жас жұбайларды қос аққуға осы себептен теңеген.

\$\$\$-1

*Мәтін тақырыбын табыңыз*

- A) Аққу – жыл құсы
- B) Аққулардың салмағы
- C) Аққулардың мекені
- D) Аққулардың тіршілік құпиясы

\$\$\$-2

*Дұрыс жауапты таңдаңыз.*

Мәтіннің соңғы бөлігі не туралы?

- A) Аққуларға сипаттама
- B) Аққудың түрлері
- C) Аққулардың өмір сүру ерекшелігі
- D) Балапандарына қамқорлығы

\$\$\$-3

*Дұрыс жауапты табыңыз.*

Ал аталығы ... қорғайды.

- A) аналығын
- B) жұмыртқаларын
- C) ұясын, балапандарын
- D) тобын

\$\$\$-4

*Қарсы мәнді сөзді табыңыз*

Құрлыққа сирек шығады.

- A) жұқа
- B) селдір
- C) тығыз
- D) жиі

**Тыңдаңыз!**  
**МӘТІН 13.**

Ақбөкен – тұлғасы ірі, қойға ұқсас, күйіс қайыратын түз жануары. Ақбөкендер Моңғолияда, Қалмақ даласы мен Қазақстанда ғана сақталған. Ақбөкендер шөл, шөлейтті және далалық аймақтарда тіршілік етуге бейімделген. Олардың қоныс өзгертуі ауа райына байланысты. Ақбөкен жылына бір рет төлдейді. Жаппай төлдеуі мамырдың 1-жартысында өтеді. Бұл кезде күн салқындап, жауын-шашын көп болады. Қазақ халқы бұл кезенді «Құралайдың салқыны» деп атайды. Көбіне егізден, кейде 3 лақ та туады. Олардың басты жауы – қасқыр. Оның жас төлдеріне бүркіт, дала қыраны мен қарақұстар да шабуыл жасайды. Ақбөкен – дәмді еті, құнды мүйізі мен тұяғы, әдемі терісі үшін ауланатын кәсіптік маңызы бар жануар. Оның мүйізінен пантокрин дәрісі алынады.

Ақбөкендердің тағы бір ерекшелігі – ешқашан жетім қалған лақтарын далаға тастамайды. Далада келе жатқан кез келген ақбөкен жолынан маңырап шыққан құралайды кездестіре қалса, жанына барып емізіп, өзімен ертіп кетеді. Ақбөкендерді қазақ киелі жануар деп есептейді. Ел арасында оларды атқан адам бақытсыздыққа ұшырайды деген сенім бар. Киіктің қаншалықты киелі екендігін кім білсін, бірақ өте ақылды және қандай табиғи ортада болмасын, тез бейімделіп кететін жануар екендігі анық. Ақбөкендердің басына қаншама зобалаң заман туғанмен, миллиондаған жылдар бойы тұқымын сақтап қала алды.

\$\$\$-1

*Мәтін тақырыбын табыңыз*

- A) Құралайдың салқыны
- B) Киелі жануар
- C) Ақбөкеннің төлдеу ерекшелігі
- D) Ақбөкеннің жаулары

\$\$\$-2

*Сөйлемдегі «жас» сөзіне қарсы мәндес сөзді табыңыз.*

Оның жас төлдеріне бүркіт, дала қыраны мен қарақұстар да шабуыл жасайды.

- A) қария
- B) үлкен
- C) кәрі
- D) балғын

\$\$\$-3

*Мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздерді табыңыз.*

- A) аймақ, мекен
- B) лақ, құралай
- C) қасқыр, бүркіт
- D) тұқым, түр

\$\$\$-4

*Сөйлемдегі «қоныс» сөзіне мағыналас сөзді табыңыз*

Олардың қоныс өзгертуі ауа райына байланысты.

- A) қонақ
- B) тұрақ
- C) түнек
- D) мекен

**Тыңдаңыз!**

**МӘТІН 14.**

Шығыс Қазақстан – әлі күнге табиғаты бәз-қалпында сақталған орындары бар өңір. Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы – Оңтүстік Алтайдың сондай мүйістерінің бірі. Жартасты кемерлерді көбінесе балқарағай орманы жапқан, майқарағайлар – сиректеу. Шалғындар мен өзендерге таяу сібір шыршалары, қайындар, көктеректер өседі. Бұталардан ырғай, итмұрын, танқурай, қарақат басымдау болады. Альпілік шалғындардың ар жағынан – сонау алыстан тау өзені – тек Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының ғана емес, күллі Оңтүстік Алтайдың сұлу тәжі жылтылдайды.

Марқакөл саналуан бояуымен таңғалдырады. Ашық күні су көкпеңбек немесе көгілдір болады. Ауа-райы құбылған кезде көлдің беті күмістей құлпырып, қара сұр түске енеді. Марқакөл көлі теңіз деңгейінен 1447 метр биікте таулы ойпатта жатыр. Суаттың ауданы 455 шаршы километр, ал тереңдігі 27 метрге кетеді. Байырғы тұрғындардың айтуынша, өткен ғасырдың орта кезінде Марқакөлге құйылатын өзендерде майқанбалық та, хариус та сондай көп болыпты, тіпті жылқылар мен сиырлар суға түсуге жасқанады екен, өйткені топтала ағылған балықтардың екпінінен мал құлап қала жаздаса керек. Кейбір майқанбалықтар отыз килограмға дейін тартады екен. Қазір енді сондай балықтар, өкінішке орай, кездеспейді...

Ал құстар бұрынғыша табиғаты көрікті жерлерде көп ұя салады. Осынау табиғаттағы сирек құстар – қара ләйлектер – жартастарға және Марқакөл көлінің жағалауындағы діңі жалпақ ағаштарға ұя салады. Қара ләйлектер – моногамиялық құстар, өмір бойы жұптарын жазбайды. Ләйлектердің бір-біріне адалдығы бәріне әйгілі, сондықтан олар баянды махаббат нышаны саналады.

\$\$\$-1

*Мәтін тақырыбын табыңыз.*

- A) Махаббат нышаны
- B) Марқакөл құстары
- C) Марқакөл балықтары
- D) Марқакөл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі

\$\$\$-2

*Мәтіндегі негізгі идея*

- A) Марқакөлдің сұлулығын паш ету
- B) Марқакөлдің тарихымен таныстыру
- C) Марқакөлді жарнамалау
- D) Марқакөлде демалуға шақыру

\$\$\$-3

*Мәтіннің соңғы бөлігі не туралы?*

- A) Марқакөлге құйылатын өзендер
- B) Марқакөлдің ерекшелігі
- C) қара ләйлектер
- D) өсімдіктер дүниесі

\$\$\$-4

*Мәтіннің екінші бөлігі не туралы*

- A) көлдің ерекшелігі
- B) Марқакөл жайлы аңыз
- C) саяхатшылар пікірі
- D) конференция материалдары

\$\$\$-5

*Дұрыс жауабын табыңыз.*

Неге қара ләйлектер неліктен баянды махаббат нышаны саналады?

- A) көп жұмыртқа басқандықтан
- B) өмір бойы жұптарын жазбайтындықтан
- C) жартастарға ұя салатындықтан
- D) адамнан қорықпайтындықтан

*Дұрыс жауаптары*

- Мәтін 1: 1- D, 2-A, 3-D, 4- D,  
Мәтін 2: 1-C, 2-A, 3-D, 4-A, 5-A, 6-B, 7-A, 8- D;  
Мәтін 3: 1- C, 2-B, 3-D, 4- A,  
Мәтін 4: 1- B, 2- D, 3-D, 4- C,  
Мәтін 5: 1- A, 2- D, 3-A,  
Мәтін 6: 1- D, 2-B, 3-A, 4- D,  
Мәтін 7: 1- C, 2-C, 3-A, 4- C, 5-C, 6- D,  
Мәтін 8: 1- C, 2-C,  
Мәтін 9: 1- D, 2-A, 3-A,  
Мәтін 10: 1- A, 2-C, 3-A, 4- C,  
Мәтін 11: 1- D, 2-A, 3-C, 4- D,  
Мәтін 12: 1- A, 2-C, 3-A, 4- D,  
Мәтін 13: 1- B, 2-C, 3-B, 4- D,  
Мәтін 14: 1- A, 2-Д, 3-C, 4- A, 5-B



### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. А.Ш.Бектурова, Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілінің грамматикасы». Алматы, «Атамұра», 2004.
2. А.Ш.Бектурова, Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілі. Ана тілі деңгейінде үйрету құралы». Алматы, «Әділет» ЖҚМ, 1998.
3. Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис». Алматы, «Атамұра», 2006.
4. Ш.К.Бектуров, К.А.Раисова. «Читаем газеты на казахском языке» учебное пособие. Алматы, ТОО «ИД-Эврика», 2003.
5. Ж.Н.Нығмет. «Қазақ тілі хрестоматиясы» оқу құралы. Алматы, «Білім», 2003.
6. Н.Оралбай, К.А.Құрманәлиев. «Қазақ тілі». Алматы, «Арыс», 2007.
7. Р.Әдісханова. «Жалғастырушы топтарға арналған оқу құралы». Алматы, 2000.
8. М.Ә.Қараев. «Қазақ тілі. Фонетика. Лексикология. Морфология. Синтаксис». Алматы, «Ана тілі», 1993.
9. Әжемнің ертегілері. Қазақ ертегілерінің антологиясы. Алматы, Аруна. – 2005
10. К.Сариева. «Қазақ тілі. Оқыңыз, жаттығыңыз». Алматы, «Білім», 1997.
11. А.А.Аймуханова. «Бастауыш топтарға арналған қазақ тілінің грамматикасы». Оқу құралы. Ақтау, 2007.
12. А.С.Бүркітбаева. «Бастауыш топтарға қазақ тілін меңгерту» Педагогикалық мамандықтағы бастауыш топ студенттеріне арналған «Практикалық қазақ тілі» пәні бойынша оқу-әдістемелік нұсқау. Ақтау, 2008.
13. Ә.Т.Жеткізгенова. «Жалғастырушы топ студенттеріне өз бетімен орындауға берілетін тапсырмалар жинағы». Әдістемелік көмекші құрал. Алматы, 2008.
14. Аймуханова А.А., Үрістенбекова Г.Қ Практикалық қазақ тілінен жаттығулар жинағы (сөз таптары) Ақтау, 2010
15. Ш.С.Әбішева. «Кәсіби қазақ тілі». (мұнай-газ мамандықтарына арналған оқу құралы ) Ақтау, 2012.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Менің Қазақстаным.....	4
Фонетикалық-дамытушылық тұрғыдан ұсынылған жаттығулар.....	14
Лексикалық-дамытушылық тұрғыдан ұсынылған жаттығулар.....	15
Морфологиялық-дамытушылық тұрғыдан ұсынылған жаттығулар.....	16
Синтаксистік-дамытушылық тұрғыдан ұсынылған жаттығулар.....	17
Сөз байлығын дамытуға арналған жаттығулар.....	18
Ақпараттық-дамытушылық жаттығулар.....	20
Кәсіптік-дамытушылық жаттығулар.....	21
Тұжырымдық-дамытушылық жаттығулар.....	22
Интеллектуалдық-дамытушылық жаттығулар.....	23
Түрлі тақырыптағы экологиялық мәтіндермен жаттығулар.....	23
Студенттерге өз бетімен оқуға арналған мәтіндерге қойылатын талаптар.....	44
Мұнай өндірісіне қатысты мәтіндер.....	44
Жануарлар мен хайуанаттар әлемі туралы қазақ ертегілері бойынша мәтіндер.....	52
Қосымша материалдар. Тыңдалым бойынша тест тапсырмалары.....	61
Пайдаланған әдебиеттер.....	81

Пішімі 60x84 1/12  
Көлемі 83 бет 6,9 шартты баспа табағы  
Таралымы 20 дана.  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 32 ш/а.